



Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрлігі




**Jastar**  
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

# Шекара маңындағы өңірлердегі жастардың оқу және еңбек көші-қонының ерекшеліктері



әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері  
бойынша талдамалық баяндама



Астана 2024

УДК 316


ББК 60.5

Ш42

**Курмангажинова А.Ф., Мусабекова А.Б., Ахантаева С.Ж., Шаймерденова С.А.,  
Кожобекова Д.А., Сулейменова М.Ж.**

**«ШЕКАРА МАҢЫ ӨҢІРЛЕРІНДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ ОҚУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК КӨШІ-ҚОНЫНЫҢ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ» ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ  
БАЯНДАМА**

ISBN 978-601-7857-65-3



ISBN 978-601-7857-65-3



\*\*\*

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                           |            |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>I. ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ .....</b>                                           | <b>5</b>   |
| <b>II. ЖАСТАРДЫҢ ЖАППАЙ САУАЛЫ НӘТИЖЕЛЕРІ.....</b>                                        | <b>11</b>  |
| <i>Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары.....</i>                       | <i>11</i>  |
| <b>1. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КӨҢІЛ-КҮЙІ .....</b>                              | <b>14</b>  |
| <i>Әлеуметтік оптимизм деңгейі және әлеуметтік-экономикалық ахуалға қанағаттануы.....</i> | <i>14</i>  |
| <i>Тұрғылықты жерлерде жеке даму үшін жасалған жағдайларға қанағаттануы.....</i>          | <i>25</i>  |
| <i>Дискриминацияның байқалу фактілері мен қауіпсіздік сезімдері .....</i>                 | <i>29</i>  |
| <i>Қазақстандық жастар арасындағы өзекті трендтер .....</i>                               | <i>38</i>  |
| <i>Өз-өзін анықтау, тану ерекшеліктері .....</i>                                          | <i>40</i>  |
| <b>2. МИГРАЦИЯНЫҢ ШЕШУШІ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ .....</b>                         | <b>45</b>  |
| <i>Жастар арасындағы миграциялық көңіл-күй (ниеттер мен көзқарастар) .....</i>            | <i>45</i>  |
| <i>Сыртқы миграция перспективалары .....</i>                                              | <i>50</i>  |
| <i>Жастардың сыртқы миграциясының шешуші pull-push факторлары.....</i>                    | <i>56</i>  |
| <b>3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....</b>                     | <b>59</b>  |
| <i>Жастар арасындағы еңбекпен қамтылу ахуалын бағалау .....</i>                           | <i>59</i>  |
| <i>Еңбек миграциясы ауқымын бағалау.....</i>                                              | <i>60</i>  |
| <i>Еңбек миграциясының push-pull факторлары.....</i>                                      | <i>63</i>  |
| <b>4. ОҚУ МИГРАЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ... 68</b>                 |            |
| <i>Оқу миграциясының ауқымын бағалау .....</i>                                            | <i>68</i>  |
| <i>Оқу миграциясының шешуші push-pull факторлары .....</i>                                | <i>71</i>  |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫЛАР .....</b>                                                                 | <b>75</b>  |
| <b>ҰСЫНБАЛАР .....</b>                                                                    | <b>79</b>  |
| <b>1. САРАПШЫЛЫҚ САУАЛ НӘТИЖЕЛЕРІ .....</b>                                               | <b>81</b>  |
| 1.1. <i>Елден кетіп жатқан жастар топтары .....</i>                                       | <i>82</i>  |
| 1.3. <i>Еңбек миграциясының негізгі тректері .....</i>                                    | <i>86</i>  |
| <b>2. Жастардың миграциялық ағымының себептері мен факторлары .....</b>                   | <b>90</b>  |
| 2.1. <i>Оқу миграциясының push-факторлары.....</i>                                        | <i>90</i>  |
| 2.2. <i>Еңбек миграциясының push-факторлары .....</i>                                     | <i>91</i>  |
| 2.3. <i>Ел үшін салдары.....</i>                                                          | <i>92</i>  |
| <b>3. Жастарды жұмыспен қамтудың өзекті мәселелері .....</b>                              | <b>95</b>  |
| 3.1. <i>«Жастар шоқысының» салдары.....</i>                                               | <i>99</i>  |
| 3.2. <i>Жастар урбанизациясының қарқыны .....</i>                                         | <i>101</i> |
| 3.3. <i>Жастар миграциясы жағдайын жақсарту бойынша болжамдар .....</i>                   | <i>103</i> |

|                           |     |
|---------------------------|-----|
| <b>ҚОРЫТЫНДЫЛАР</b> ..... | 107 |
|---------------------------|-----|

|                        |     |
|------------------------|-----|
| <b>ҰСЫНЫСТАР</b> ..... | 110 |
|------------------------|-----|

## I. ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекеттердің экономикалық және саяси-әлеуметтік дамуының маңызды факторы ретінде миграция осы үрдістің тенденциясы мен ерекшеліктерін тұрақты түрде зерттеп отыруды қажет етеді. Миграция сипаты көбіне ғаламдық салдарға байланысты. Нақты айтсақ, бірнеше зерттеу нәтижелері COVID-19 пандемиясы кезіндегі шектеулер мен халықаралық миграция қарқынының төмендеуі арасында байланыс барын көрсетеді<sup>1</sup>. Бұл шетелдік студенттерге де қатысты болды, мысалы, шетелдік студенттер үшін мейлінше танымал АҚШ пен Ұлыбритания елдері студенттерге кіруге рұқсатты 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 69% бен 40% аз берді<sup>2</sup>.

Дегенмен соңғы бірнеше жылдарда оқу (білім алу) миграциясы қарқыны қалпына келіп қана қойған жоқ, күшейе түстті. Кейбір деректер бойынша, 2022 жылы ЭЫДҰ (ОЭСР) елдерінде жоғары оқу орындарының шетелдік студенттеріне 1,9 миллион шамасында тұру рұқсатқағаздары берілген. Бұл 2021 жылға қарағанда 42%-ға, 2019 жылға қарағанда 24%-ға көп және бұрынғы тіркелгендер ішіндегі ең жоғарғы көрсеткіш<sup>3</sup>.

Өз кезегінде ЭЫДҰ елдеріндегі еңбек миграциясы да пандемияға дейінгі көрсеткіштен асып тұр. ЭЫДҰ елдеріндегі мигранттардың еңбекпен қамтылу деңгейі 2022 жылы 72,3%-ға жетті және жергілікті тұрғындардың қамтылу деңгейіне жетіп қалды. Сарапшылар еңбек миграциясының артуы мен тұрақты мигранттардың жұмыспен қамтылу деңгейінің көтерілуі себебін ЭЫДҰ елдерінде дағды мен жұмыс күшінің жетіспеушілігімен түсіндіреді. Ел үкіметтері еңбек миграциясы мәселелерін тиімді шешу жолдарын іздеуде.

Миграция бойынша Халықаралық ұйымы деректеріне сәйкес, Қазақстан мигранттар бағыт алған 20 жетекші елдер қатарына кіреді<sup>4</sup>. Қазақстан мигранттарды қабылдап қана отырған жоқ, сонымен қатар мейлінше көп шығу мигранттары бар 20 ел қатарында<sup>5</sup>.

Миграциялық бейімділік феномені әсіресе өз қабілеттері мен мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, өз әлеуметтік мәртебесін көтеруге ұмтылған жастар үшін маңызды. Бұл жерде әңгіме жастардың уақытша, сонымен қатар тұрақты да қозғалыстары туралы болуы ықтимал, ол білім алумен, жұмыс іздеумен, туризммен, коммерциялық қызметпен, отбасылық қатынастармен және басқа да факторлармен байланысты. Елдегі миграциялық үрдіс сол елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға ықпал етуші негізгі факторлар қатарында және бұл ретте тұрғындардың эмиграциясы мәселесінде мейлінше бейім топ ретінде жастарға ерекше көңіл бөлу маңызды.

ҚР СЖРА ҰСБ деректеріне сай<sup>6</sup>, 2023 жылы 15 пен 34 жас аралығындағы 3913 жас елден шыққан, ТМД елдеріне - 2864 адам, басқа елдерге – 1049 адам. Жастардың шетелге оқу мен еңбек миграциясының жыл сайын артуы өзекті, 2023 жылы білім алу мақсатында 105 адам, жұмыспен байланысты 548 адам елден кетті. «Жастар» ҒЗО жүргізген әлеуметтік зерттеуге сәйкес, сарапшылар

1 COVID-19 Travel Restrictions Output — 28 February 2022. <https://dtm.iom.int/reports/covid-19-travel-restrictions-output-28-february-2022>

2 International Migration Outlook 2023. <https://www.oecd.org/migration/international-migration-outlook-1999124x.htm>

3 International Migration Outlook 2023 <https://www.oecd-ilibrary.org/sites/b0f40584-en/1/3/1/index.html?itemId=/content/publication/b0f40584-en&csp=f32aa69b63450530407ffa5853cb88a4&itemIGO=oecd&itemContentType=book>

4 Әлемдегі көші-қон туралы есеп. Халықаралық көші-қон ұйымы. БҰҰ ХКҰ, 2020-б. 31. Өтініш берілген күні: 18.04.2022 ж. [https://publications.iom.int/system/files/pdf/final-wmr\\_2020-ru.pdf](https://publications.iom.int/system/files/pdf/final-wmr_2020-ru.pdf)

5 Әлемдегі көші-қон туралы есеп. Халықаралық көші-қон ұйымы. БҰҰ ХКҰ, 2020-б. 31. Өтініш берілген күні: 18.04.2022 ж. [https://publications.iom.int/system/files/pdf/final-wmr\\_2020-ru.pdf](https://publications.iom.int/system/files/pdf/final-wmr_2020-ru.pdf)

6 ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы статистикалық деректері.

Қазақстаннан оқу миграциясы бойынша жастар көбірек шығатын жетекші елдер қатарында Ресей, Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Канада, Чехия және Еуропаның басқа да елдерін атады<sup>7</sup>.

Адами капиталды дамыту қажеттілігі тұрғысынан алғанда тұрғындардың сыртқы миграциясы мәселесі ерекше көкейкесті бола түседі. Кейбір сарапшылар кадрлардың Қазақстаннан кету үрдісінің тұрақты сипат алғанын және сыртқы миграцияның елдің адами капиталы сапасының өзгеруіне ықпал ететінін атады, бұл еңбек ресурстары нарығына теріс әсер етіп, еңбек әлеуеті сапасын төмендетеді және жалпы алғанда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалын тигізеді.

Жоғары білімді жастардың миграциялық бейімділік деңгейі айтарлықтай жоғары, 2019 жылы әрбір үшінші эмигранттың жоғары білімі болды<sup>8</sup>. 2023 жылы жалпы алғанда жоғары білімді 298 209 адам елден шықты, бұл ретте елге келушілер саны 301 998 адамды құрады. 15 жастан асқан еңбекке қабілетті тұрғындар арасында өткен жылы елден кеткен адамдарды сала бойынша қарасақ, экономика саласы бойынша 1086 маман, заң-құқық саласы – 252, педагогика – 794, медицина – 429, техникалық мамандықтар -2254, сәулет-құрылыс -174, ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша – 152 және басқа да мамандықтар бойынша – 2589 адам.

Шекаралас аймақтардағы миграциялық белсенділік пен жастар көңіл-күйін зерттеу қажеттілігі осы аймақтарда тұрғындардың кету деңгейі жоғары болуымен негізделеді. Соңғы 5 жылда Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында түрлі белсенділікпен миграциялық теріс сальдо сақталып отыр, бұл аймақтардың ортақ ерекшелігі - аймақтардың шекаралас сипаты. Миграцияның мейлінше теріс сальдосы байқалып отырған Қарағанды облысы бұл қатардан бөлек тұр.

№1 кесте. Қазақстан тұрғындарының сыртқы миграция сальдосы, адам \*

| Аймақ                         | 2018    | 2019    | 2020    | 2021    | 2022   | 2023  |
|-------------------------------|---------|---------|---------|---------|--------|-------|
| <b>Қазақстан Республикасы</b> | -29 121 | -32 970 | -17 718 | -21 217 | -6 722 | 9 344 |
| Абай                          | -       | -       | -       | -       | -660   | -393  |
| Ақмола                        | -2 148  | -2 801  | -1 738  | -1 768  | -1 149 | -730  |
| Ақтөбе                        | -1 261  | -1 899  | -1 336  | -1 476  | -580   | 44    |
| Алматы                        | 542     | 767     | -145    | -1 163  | 1 011  | 1 196 |
| Атырау                        | 36      | -68     | -2      | 112     | 237    | 502   |
| Батыс Қазақстан               | -1 206  | -1 606  | -1 005  | -836    | -393   | 582   |
| Жамбыл                        | -449    | -946    | -838    | -1 041  | -651   | -475  |
| Жетісу                        | -       | -       | -       | -       | -314   | 81    |
| Қарағанды                     | -5 255  | -5 388  | -3 771  | -4 349  | -2 373 | -686  |
| Қостанай                      | -4 820  | -4 665  | -2 542  | -2 635  | -1 933 | 108   |
| Қызылорда                     | -35     | -38     | -8      | -61     | -21    | -42   |
| Маңғыстау                     | 1 114   | 1 965   | 2 450   | 2 212   | 3 336  | 3 444 |
| Павлодар                      | -4 173  | -5 298  | -2 788  | -2 855  | -1 858 | -380  |
| Солтүстік Қазақстан           | -3 210  | -3 660  | -1 759  | -1 863  | -1 181 | -181  |
| Түркістан*                    | 336     | -24     | 500     | 252     | 314    | 352   |
| Ұлытау                        | -       | -       | -       | -       | -201   | -146  |

7 Шекаралас өңірлердегі жастардың оқу және еңбек көші-қонының ерекшеліктері: «Жастар» ҒЗО, Нұр-сұлтан, 2022 319 б.

8. Қазақстан: кеңейтілген көші-қон бейіні 2019. - Алматы: Халықаралық көші-қон ұйымының (ХКУ) Қазақстандағы миссиясы-Орталық Азия бойынша субөңірлік үйлестіру кеңсесі, 2020-146 б.

[https://publications.iom.int/system/files/pdf/kazakhstan\\_-\\_advanced-migration-profile-2014-2019-ru.pdf](https://publications.iom.int/system/files/pdf/kazakhstan_-_advanced-migration-profile-2014-2019-ru.pdf)

|                 |        |        |        |        |        |       |
|-----------------|--------|--------|--------|--------|--------|-------|
| Шығыс Қазақстан | -5 582 | -6 515 | -3 335 | -3 650 | -1 804 | -977  |
| Астана қ        | -1 276 | -1 068 | -742   | -1 000 | 39     | 1 459 |
| Алматы қ        | -2 096 | -2 219 | -960   | -1 352 | 1 226  | 5 078 |
| Шымкент қ       | 362    | 493    | 301    | 256    | 233    | 508   |

\*Дереккөз: ҚР СЖРА ҰБС

Сонымен бірге, жастардың оқу және еңбек миграциясы мәселесінің өзектілігі адами капиталды дамыту аясында арта түседі, өйткені жуық мерзімде ел алдына қойылған ауқымды міндеттерді іске асыру үшін жастар әлеуетінің дамуы мен олардың бәсекеге қабілеттілік деңгейінің айтарлықтай артқаны қажет.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі жастар ортасындағы миграциялық үрдістерге мониторинг жүргізу, шекаралас аймақтарда жастар миграциясына ықпал етуші әлеуметтік-экономикалық факторларды зерттеу, жалпы Қазақстанда, соның ішінде шекаралас аймақтарда да жастар миграциясының перспективалары мен тәуекелдеріне талдау жасау қажеттілігімен негізделеді.

#### **Бағдарламаның әдістемелік бөлімі**

Жастар арасындағы миграциялық үрдістерге мониторинг жүргізу және мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар даярлау мақсатында «Шекаралас аймақтардағы жастардың оқу мен еңбек миграциясының ерекшеліктері» қоғамдық пікір өлшемі бірнеше жылда бір өткізіліп тұрады.

**Зерттеу мақсаты** – Қазақстанның шекаралас аймақтарындағы жастардың оқу және еңбек миграциясы саласындағы ерекшеліктер мен тенденцияларға талдау жасау.

#### **Міндеттері:**

- шекаралас және орталық аймақтардағы жастардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларын қарастыру;
- Отаны мен болашақтағы тұру орындарына көзқарастарын анықтау арқылы шекаралас аймақ жастарының құндылық бағыт-бағдарларын қарастыру;
- шекаралас аймақ жастарының жұмыспен қамтылуының өзекті мәселелерін, сондай-ақ жұмысқа орналасу жолындағы негізгі проблемаларын қарастыру;
- Қазақстанның шекаралас аймақтарындағы жастардың оқу және еңбек миграциясының себептері мен факторларын анықтау;
- шетелге шығуды жоспарлаған жастардың әлеуметтік бейнесін анықтау.

**Нысаны** - жастардың оқу және еңбек миграциясының тенденциялары мен ерекшеліктері және сипаттамасы.

Зерттеуде жинау мен талдаудың сандық және сапалық әдістері қолданылатын болады, респондентпен жеке сұхбат арқылы сауалнама қолданылатын жаппай сауал, сонымен бірге сарапшылық сұхбат әдісі.

Ақпарат жинаудың басты әдісі ретінде 14 пен 35 жас арасындағы жастармен жүргізілетін жаппай сауал, «face-to-face» қолданылады. Бұл әдіс жастар ортасындағы ахуал туралы мейлінше объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Жаппай сауал таңдау арқылы іріктелген және өз болмысымен әлеуметтік топ құрылымын білдіретін респонденттердің үлкен бір тобының зерттеуге қатысуын көздейді. Өткізілген жаппай сауал нәтижесі негізінде дәлдіктің қандай болса да бір шамасымен жаппай көңіл-күй туралы болжам жасалады. Жаппай сауалдың басты қызметі - адамдардың ой-пікірі, әлеуметтік құбылыстарға мотиві мен бағасы, қоғамдық, топтық және жеке сана ахуалы мен феномендері туралы ақпарат алу.

Сарапшылық сұхбат – сауалдың тағы бір түрі, оған белгілі бір қызмет саласындағы жоғары білікті мамандар қатысады. Әдіс қаралып отырған мәселені талдау мен шешу үрдісіне мамандардың құзыретті түрде қатысуын көздейді.

Әлеуметтік зерттеулер тәжірибесінде сарапшылық сауал қандай болса да бір құбылыстың дамуын болжау үшін, жаппай сауалдың сенімділік дәрежесін бағалау үшін, зерттеу мәселесіне (зондаж) қатысты алдын ала ақпарат жинау үшін және жай респонденттерге жаппай сауал жүргізу тиімсіз және мүмкін емес болған жағдайларда қолданылады.

Іріктеу көлемі жиынтығында 2000 респондентті құрайды. Әлеуметтік зерттеу жүргізу аумағы Қазақстанның барлық аймақтарын, Астана, Алматы, Шымкент қалаларын, 17 облыс орталығын және ауылдық елді мекендерді қамтиды (№2 кесте). Зерттеуде квоталармен стратификацияланған көп сатылы іріктеу қолданылады. Алғашқыда облыстар мен қалалардағы тұрғындар саны бойынша ел аймақтарындағы іріктеу аумағы анықталады. Кейін әр аймақ бойынша қалалық және ауылдық іріктеу көлемі, сол сияқты гендерлік тұрғыдан іріктеу көлемі есептеледі.

№2 кесте. Адам жобасымен іріктеу жиынтықтар есебі\*

| Облыс                  | Барлығы     | Қала | Ауыл | Ерлер | Әйелдер |
|------------------------|-------------|------|------|-------|---------|
| Қазақстан Республикасы | <b>2000</b> | 1247 | 753  | 1021  | 979     |
| Абай                   | <b>53</b>   | 33   | 20   | 27    | 26      |
| Ақмола                 | <b>74</b>   | 42   | 32   | 38    | 36      |
| Ақтөбе                 | <b>93</b>   | 69   | 24   | 48    | 45      |
| Алматы                 | <b>148</b>  | 23   | 125  | 76    | 72      |
| Атырау                 | <b>72</b>   | 39   | 33   | 37    | 35      |
| Батыс Қазақстан        | <b>65</b>   | 36   | 29   | 33    | 32      |
| Жамбыл                 | <b>123</b>  | 52   | 71   | 63    | 60      |
| Жетісу                 | <b>65</b>   | 29   | 36   | 33    | 32      |
| Қарағанды              | <b>108</b>  | 88   | 20   | 55    | 53      |
| Қостанай               | <b>77</b>   | 47   | 30   | 40    | 37      |
| Қызылорда              | <b>85</b>   | 39   | 46   | 44    | 41      |
| Маңғыстау              | <b>81</b>   | 36   | 45   | 41    | 40      |
| Павлодар               | <b>68</b>   | 48   | 20   | 35    | 33      |
| Солтүстік Қазақстан    | <b>47</b>   | 23   | 24   | 25    | 22      |
| Түркістан              | <b>228</b>  | 55   | 173  | 120   | 108     |
| Ұлытау                 | <b>21</b>   | 17   | 4    | 11    | 10      |
| Шығыс Қазақстан        | <b>62</b>   | 41   | 21   | 32    | 30      |
| Астана қ               | <b>159</b>  | 159  | 0    | 80    | 79      |
| Алматы қ               | <b>238</b>  | 238  | 0    | 114   | 124     |
| Шымкент қ              | <b>133</b>  | 133  | 0    | 66    | 67      |

Бұл зерттеуде байқау бірліктерін таңдау бірнеше кезеңде жүргізіледі:

1. Облыстар бойынша таңдау – облыстар және республикалық деңгейдегі қалалардағы 14 пен 35 жас аралығындағы тұрғындар саны бойынша, Астана, Алматы, Шымкент қалалары және елдің 17 облыстары бойынша іріктеуге сәйкес.

2. Қала – ауыл қағидаты бойынша таңдау – әр облыстағы қалалық ауылдық іріктеулер арақатынасы. Барлық облыс орталықтары, қалалар мен ауылдық елді мекендер сауалмен қамтылатын болады.

3. Сауал нүктелерін таңдау - қалалар мен ауылдық елді мекендерде сол мекеннің картографиялық тізімі бойынша шағынаудандар мен көшелер жай, кездейсоқ әдіспен таңдалады.

4. Үй шаруашылықтарын таңдау – бастау нүктесінен бастап, «сол қол» ережесімен қалада 5 қадамдық жүріспен, ауылда 3 қадамдық жүріспен үй

шаруашылықтары таңдалады, квото бойынша өткен бір үй шаруашылығында 1 респондентпен белсенді сұхбатпен шектелу. Бастау нүктесі еркін түрде таңдалады.

5. Квотаға сәйкес респонденттерді таңдау – әрбір жеке алынған үй шаруашылығында респонденттер екі белгі бойынша іріктеледі, гендерлік белгі мен жасы. Сауал кезінде респондент 14 жастан кіші, 34 жастан үлкен болмауы керек, сонымен бірге гендерлік белгі бойынша репрезентивті болуы керек (сауалға қатысушы ерлер мен әйелдер саны Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау мен реформалар Агенттігі Ұлттық статистика бюросы деректеріне сәйкес есептелді).

Іріктеу репрезентивті, яғни бөлінген параметрлер бойынша респонденттер құрамы бас жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жақын. Бұл ретте бас жиынтықтың орташа сипаттамаларынан іріктеу сипаттамалардың орташа ауытқуы  $\pm 2,19\%$ -дан аспайды.

Сарапшылық сұхбаттардың іріктеу жиынтығы берілген біліктілік параметрлеріне, қызмет саласына (денсаулық сақтау, білім мен демалыс, еңбекпен қамтылу, жұмысқа тұру, мемлекеттік жастар саясаты және т.б. жастарға қатысты зерттелуге тиісті салалармен байланысты) сәйкес 10 сарапшыны құрады.

### **Зерттеу құралдары құрылымы**

Алғашқы ақпаратты жинау үшін тираждалған құжат – сауалнама қолданылады, ол белгілі ережелер бойынша жасалған және бір-бірімен байланысты сауалдар жинағынан тұрады. Сауал респонденттер қалауына байланысты 2 тілде, қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Зерттеудің далалық кезеңі ақпаратын жинауды аймақтық супервайзерлер басшылығымен арнайы дайындалған интервьюерлер (сұхбат алушылар) жүзеге асырады.

Сарапшылық сұхбаттар зерттеу мақсаттарына сәйкес алдын ала дайындалған сценарии (гайд) бойынша жүргізіледі.

Зерттеу құралдары құрылымы зерттеудің бағдарламалық мақсаты мен міндеттеріне сәйкес блоктарға бөлінген сауалдар тізбегінен құралады.

Сұхбат жүргізу барысында кейінгі расшифровка (шифрды ашу) мен деректерді талдауды жеңілдету үшін аудиожазба жүргізіледі. Қорытындылары бойынша аудиожазбалар расшифровкасы жүргізіліп, транскрипт жасалады.

**Ақпаратты өңдеу әдістемесі.** Зерттеудің далалық кезеңі қорытындысына сай интервьюерлер жұмысына бақылау (сауалнама толтыру сауаттылығы - 100% және телефон арқылы алаңды бақылау - 30%), сол сияқты кодтау, деректерді енгізу және өңдеу жүргізіледі.

Алғашқы деректерді енгізу, өңдеу, сонымен бірге бір өлшемді, екі өлшемді кестелерді енгізу, корреляциялық және кластерлік талдаулар лицензияланған орыс тілді SPSS компьютерлік бағдарламасы арқылы орындалады.

### **Ақпаратты талдау әдістері**

Бастапқы әлеуметтік ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

- 1) деректердің бір өлшемді талдауы;
- 2) деректердің екі өлшемді талдауы;
- 3) корреляциялық талдау.

Әлеуметтік сауалды дайындау кезеңдері:

*1 кезең. Әлеуметтік сауалды дайындау.*

Бағдарлама әзірлеу, оның басты бағыттары:

- проблемалық ахуалды анықтау;
- алған тақырып бойынша әдебиеттерге шолу;
- міндеттер мен мақсаттар қою;
- түсініктерді операцияландырау;
- гипотезалар ұсыну;

- таңдап алу жиынтықтарын жобалау.

Эмпирикалық ақпарат жинау үшін құралдар (сауалнама) әзірлеу:

- сауалнама аудару;
- зерттеу құралдарын пилоттау.

*2 кезең. Эмпирикалық материал жинау.*

Сауалды ұйымдастыру:

- Интервьюерлерді таңдау, дайындау, инструктаждан өткізу;
- сауал бөлімдерін бөлу ;
- сауал бірліктерін таңдап алу;
- сауалнама және сауалдан өту мен сауалнама толтыру нұсқаулықтарын тарату;
- сұхбат өткізу.

*3 кезең. Әлеуметтік деректерді өңдеу мен түсіндіру:*

- статистикалық деректерді (SPSS) талдау мен өңдеу бағдарламасында макет дайындау;
- сауалнаманы кодтау (респонденттердің ашық жауаптарын кодтау);
- сауалнамалық деректерді енгізу;
- алаңды бақылау;
- сызықша есептер мен әлеуметтік-демографиялық параметрлер бойынша есептерді өңдеу және шығару;
- статистикалық талдаудың басқа да түрлерін қолдану..

*4 кезең. Алынған деректерді талдау.*

Бастапқы талдауды өткізу:

- сауал нәтижесінде анықталған тәуелділіктерді тіркеу;
- кестелерді шығару;
- диаграммаларды құрау.

Деректерді қайта талдау:

- салыстырмалы талдау;
- қосымша ақпараттарды тарту;
- жаңа болжаулар мен ұсынбаларды ұсыну;
- зерттеудің соңғы есебін дайындау..


## II. ЖАСТАРДЫҢ ЖАППАЙ САУАЛЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

### *Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары*

Бұл бөлімде зерттеуге қатысушылардың негізгі әлеуметтік-демографиялық деректері берілген. Нақты айтқанда, жынысы, жасы, этносы, білімі мен отбасылық жағдайы, балалар саны мен әскери қызмет тәжірибесі.

Осылайша, сауалға қатысушылардың 50,5%-ын ерлер, 49,5%-ын әйелдер құрады (№1 диаграмма).

**№1 диаграмма. «Сіздің жынысыңыз» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**




Респонденттердің 26,0%-ы - 14-18 жастағылар, 21,1%-ы - 19-23 жастағылар. Сол сияқты сауалға қатысқан респонденттердің 21,0%-ы 24-28 жастағылар болды. Ең үлкен 29-34 жас тобындағы респонденттер - 31,9% (№2 диаграмма).

**№2 диаграмма. «Өзіңіздің толық жасыңызды көрсетіңізші» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Сауалға қазақ этникалық тобына жататынын көрсеткен 79,7% респонденттер қатысты (№3 диаграмма).

**№3 диаграмма. «Сіздің этникалық тегіңіз (ұлтыңыз)?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Білім деңгейі бойынша сауал кезінде сұралғандардың 7,9%-ы мектептің 9 сыныбын бітірген, 4,9%-ы 10 сыныпта оқып жатты. Орта білімді респонденттердің 11,4%-ы алған, сауалға қатысқандардың 28,9%-ында кәсіби-техникалық, орта арнайы білім болды. Сауал өтуі кезінде ЖОО-да оқып жатырғандар - 15,0%. Жоғары білім алғандар 29,7% болса, респонденттердің 2,2%-ында ғылыми дәреже болды (№4 диаграмма).

**№4 диаграмма. «Сіздің біліміңіз...?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**




Респонденттердің 37,8%-ы тіркелген некеде, 2,5%-ы тіркелмеген некеде серіктесімен тұрып жатыр. Сауалға қатысқандардың 3,3%-ы ажырасқан, ал 0,2%-ы жесір қалған. Сауалға қатысушылардың басым бөлігі үйленбеген/тұрмысқа шықпаған (№5 диаграмма).

**№5 диаграмма. «Сіздің отбасылық жағдайыңыз...?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Респонденттердің 36,0%-ында 1-3 бала, 3,7% -ында төрт және одан да көп баладан бар. Басым көпшілігінде (60,3%) бала жоқ (№6 диаграмма).

**№6 диаграмма. «Айтыңызшы, Сіздің неше балаңыз бар?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Респонденттердің 17,5%-ы армияда болған, олардың ішінде 2,9% -ы армияда қызмет үшін болса, 10,8%-ы армияда болуды қажет деп есептеген, ал армияда болғандардың 3,8%-ы әскерде болса да, одан еш мән-мағына көрмейтінін жеткізді. Армия орнына әскери-техникалық мектепте оқығандар -0,9%, 3,3% ы әскери кафедрада оқыған.

Әскерде болмағандардың 1,4%-ы шақыру мерзімі аяқталғанша оқыған. Сауалға қатысушылардың 11,7%-ы армияға баруды жоспарлап отырса, 41,8%-ында армияда болу ниеті жоқ (№7 диаграмма).

**№7 диаграмма. «Сіз армия қатарында болдыңыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Осылайша, сауалға респондент ерлер мен әйелдердің тең пайыздық мөлшері қатысты. Олардың ішінде мейлінше көбі - 29 бен 34 жас аралығындағы жастар. Респонденттердің аса басым бөлігі - қазақ этникалық тобынан және орта арнайы немесе жоғары білімі барлар. Сауалға қатысушылардың жартысынан көбі сауал өткен кезде некеге отырмаған және олардың 60,3%-ында бала жоқ. Сауалға қатысушылар арасында армияда, ӘТМ немесе әскери кафедрада әскери дайындықтан өткендер - 21.7%, 42,8%-ында армияда қызметте болу ниеті жоқ.

## 1. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КӨҢІЛ-КҮЙІ

### Әлеуметтік оптимизм деңгейі және әлеуметтік-экономикалық ахуалға қанағаттануы

Жастардың миграциялық көңіл-күйін анықтау мақсатында ең алдымен олардың әлеуметтік көңіл-күйінің өзекті деңгейін түсіну маңызды. Тұтастай алғанда бұл көрсеткіш тұрғындардың мемлекетке сенім деңгейін және әлеуметтік қамсыздандыру деңгейіне қанағаттануын анықтай отырып, өмірдің барлық саласына ықпал етеді. Соңғы оқиғаларды, соның ішінде 2024 жылдың көктемінде болған ауқымды су тасқыны мәселесін ескере отырып, тұрғындардың шекаралас аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға қанағаттану деңгейін анықтау қажет.

Бірінші кезекте респонденттерге олардың өз өмірі және отбасыларының өмірі қаншалықты өзгергенін бағалау ұсынылды. Респонденттердің 67,4%-ы өз өмірі мен отбасыларының өмірі соңғы жылда жақсарды деп есептейді («жақсарды» мен «жақсарды деуге болады» бағаларының қосындысы). Сұралғандардың 33,4%-ы өмір сүру деңгейі өзгерген жоқ, ал 4,7%-ы соңғы жылда өмір деңгейі нашарлады деп бағалап отыр («нашарлады» мен «нашарлады деуге болады» бағаларының қосындысы).

2022 жылғы сауал нәтижелерімен салыстырғанда өз өмір деңгейлерін бағалауда 2024 жыл респонденттерінде оптимизм басым. Сонымен, 2022 жыл респонденттеріне қарағанда (57,2%) 2024 жылғы сауалға қатысушылар өз өмірлеріне оң бағаны 4,2%-ға жиі беріп отыр (№3 кесте).

**№3 кесте. «Сіздің және Сіздің отбасыңыздың өмірі соңғы жылда қаншалықты өзгерді?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

|                                           | 2022        | 2024        |
|-------------------------------------------|-------------|-------------|
| Жақсарды                                  | 28,2        | 25,7        |
| Жақсарды деуге болады                     | 29,0        | 35,7        |
| <b>Жақсарды + жақсарды деуге болады</b>   | <b>57,2</b> | <b>61,4</b> |
| Өзгерген жоқ                              | 34,9        | 33,4        |
| Нашарлады деуге болады                    | 6,1         | 4,0         |
| Нашарлады                                 | 0,9         | 0,7         |
| <b>Нашарлады + нашарлады деуге болады</b> | <b>7,0</b>  | <b>4,7</b>  |
| Жауап беру қиын                           | 1,1         | 0,5         |

Этникалық топтар тұрғысынан соңғы жылда өз өмірінің жақсарғанын өзгелермен салыстырғанда қазақтар жиі көрсетті (65,2%, орыстар - 45,8%, өзге этникалық топ респонденттері – 48,8%) (№4 кесте).

**№4 кесте. «Сіздің және Сіздің отбасыңыздың өмірі соңғы жылда қаншалықты өзгерді?» сауалына жауаптардың этникалық топтар тұрғысынан бөлінуі, %**

|                                           | Қазақ       | Орыс        | Басқалары   |
|-------------------------------------------|-------------|-------------|-------------|
| Жақсарды                                  | 28,0        | 16,2        | 18,2        |
| Жақсарды деуге болады                     | 37,2        | 29,6        | 30,6        |
| <b>Жақсарды + жақсарды деуге болады</b>   | <b>65,2</b> | <b>45,8</b> | <b>48,8</b> |
| Өзгерген жоқ                              | 30,2        | 46,8        | 44,6        |
| Нашарлады деуге болады                    | 3,6         | 4,9         | 5,8         |
| Нашарлады                                 | 0,4         | 1,8         | 0,8         |
| <b>Нашарлады + нашарлады деуге болады</b> | <b>4</b>    | <b>6,7</b>  | <b>6,6</b>  |
| Жауап беру қиын                           | 0,6         | 0,7         | -           |

Аймақтар тұрғысынан өз өмірлеріне қатысты барынша оң пікірді сауалға қатысқан Абай (100%), Ұлытау (100%) облыстарының, Шымкент қаласының (84,9%) және Қызылорда облысының (81,1%) тұрғындары берді. Өзгелерге қарағанда өмір деңгейі нашарлағанын Қарағанды (11,1%) мен Батыс Қазақстан

облысы (10,8%) тұрғындары жиі көрсетті. Атырау облысыны респонденттерінің 61,1%-ы басқалармен салыстырғанда өз өмір жағдайының тұрақтылығын жиі атады. Жалпы алғанда шекаралас аймақтардан алынған нәтижелерге талдау өзге өңірлерге қарағанда өмір жағдайының нашарлауын Қарағанды мен Батыс Қазақстан облыстарында жиі аталғанын көрсетіп отыр, ал басқа шекаралас аймақтар өздерінің бүгінгі өмір сүру деңгейлеріне жалпы алғанда оң көзқараста деуге болады (№5 кесте).

**№5 кесте. «Сіздің және Сіздің отбасыңыздың өмірі соңғы жылда қаншалықты өзгерді?» сауалына жауаптардың аймақтар тұрғысынан бөлінуі, %**

|                     | Жақсарды +<br>жақсарды<br>деуге болады | Өзгерген жоқ | Нашарлады<br>деуге болады +<br>нашарлады | Жауап беру<br>қиын |
|---------------------|----------------------------------------|--------------|------------------------------------------|--------------------|
| Абай                | <b>100</b>                             | -            | -                                        | -                  |
| Ақмола              | 48,7                                   | 44,6         | 6,8                                      | -                  |
| Ақтөбе              | 50,5                                   | 49,5         | -                                        | -                  |
| Алматы              | 70,3                                   | 21,6         | 5,4                                      | 2,7                |
| Атырау              | 33,4                                   | <b>61,1</b>  | 5,6                                      | -                  |
| Батыс Қазақстан     | 36,9                                   | 52,3         | <b>10,8</b>                              | -                  |
| Жамбыл              | 60,2                                   | 35,8         | 4,1                                      | -                  |
| Жетісу              | 35,4                                   | 55,4         | 9,2                                      | -                  |
| Қарағанды           | 35,2                                   | 53,7         | <b>11,1</b>                              | -                  |
| Қостанай            | 55,9                                   | 44,2         | -                                        | -                  |
| Қызылорда           | <b>81,1</b>                            | 17,6         | -                                        | 1,2                |
| Маңғыстау           | 63                                     | 27,2         | 7,4                                      | 2,5                |
| Павлодар            | 48,5                                   | 47,1         | 4,4                                      | -                  |
| Солтүстік Қазақстан | 76,6                                   | 21,3         | 2,1                                      | -                  |
| Түркістан           | 72,4                                   | 25,9         | 1,7                                      | -                  |
| Ұлытау              | <b>100</b>                             | -            | -                                        | -                  |
| Шығыс Қазақстан     | 61,3                                   | 38,7         | -                                        | -                  |
| Астана қ            | 46,5                                   | 44,7         | 8,8                                      | -                  |
| Алматы қ            | 68,1                                   | 23,9         | 6,3                                      | 1,7                |
| Шымкент қ           | <b>84,9</b>                            | 12,8         | 1,5                                      | 0,8                |

Бұдан кейін респонденттерге өз меншігінде жылжымайтын мүлікке қатысты сауалға жауап беру ұсынылды. 44,0%-ы ата-аналарының үйінде/пәтерінде тұрады. Респонденттердің 16,3%- өз пәтерінде, 18,2%-ы өз үйлерінде тұрып жатыр. Жеке адамдардан пәтер немесе бөлмені жалға алушылар - 9,1%, мемлекеттік бағдарлама аясында жалға алушылар – 5,0%, жұмыс беруші арқылы жалға алушылар немесе қызметтік пәтерде тұратындар – 1,7%. Сауалға қатысушылардың 3,8%-ы туыстарында немесе таныстарында тұрады. Медреседе 1 респондент, жатақханада 2 респондент тұрады. (№8 диаграмма).

**№8 диаграмма. «Айтыңызшы, Сіз қазір қайда тұрып жатырсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**




Материалдық жағдай деңгейі бойынша респонденттердің 9,4%-ы сауалға қатысушылардың мейлінше қамтамасыз етілген тобына жатады. 22,0% -ында ұзақ мерзімді тауарлардың көбін сатып алу мүмкіндігі бар. Респонденттердің жартысынан сәл астамы орта топқа жатады, оларда қажетті қаржы бар, бірақ болашаққа жинақтауда қиындықтар да бар. 12,1% респонденттер мейлінше төмен әлеуметтік топқа жатады, олардың 9,4%-ында тек азық-түлік алуға мүмкіншіліктер болса, 2,7% - ы азық-түлік алу да қиын екенін жеткізді (№9 диаграмма).

**№9 диаграмма. «Сіз өзіңіздің және отбасыңыздың табыс деңгейін қалай бағалайсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Респонденттердің 48,9%- ы негізінен өз табыстарына, 30,9%-ы ата-аналар табысына өмір сүруде. 12,7% -ы жұбайының табысына өмір сүреді. Стипендияға өмір сүретіндер - 5,5%, 1,7%-ы жәрдемақы мен жеңілдіктерге өмір сүріп жатыр (№10 диаграмма).

**№10 диаграмма. «Сіз негізінен қандай қаражатқа өмір сүресіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

Респонденттердің 56,6%-ы өз материалдық жағдайларын жақсы деп бағалап отыр («өте жақсы» мен «жақсы» бағаларының қосындысы). Ол жағдайды орташа бағалағандар - 37,8%, ал нашар бағалаған респонденттер - 4,8% («нашар» және «өте нашар» бағаларының қосындысы).

Бұл ретте 2022 жылғы зерттеу нәтижелерімен салыстырғанда оң және теріс бағалар үлесінің айырмашылығы көп емес. Жалпы алғанда респонденттердің материалдық жағдайлары сол күйінде қалған (№6 кесте).

**№6 кесте. «Сіз өз отбасыңыздың материалдық (экономикалық) жағдайын қалай бағалар едіңіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, 2022 және 2024 жылдың салыстырмалы деректері, %**

|                          | 2022        | 2024        |
|--------------------------|-------------|-------------|
| Өте жақсы                | 13,3        | 15,9        |
| Жақсы                    | 42,6        | 40,7        |
| <b>Өте жақсы+жақсы</b>   | <b>55,9</b> | <b>56,6</b> |
| Орташа                   | 39,3        | 37,8        |
| Нашар                    | 4,2         | 4,5         |
| Өте нашар                | 0,1         | 0,3         |
| <b>Нашар + өте нашар</b> | <b>4,3</b>  | <b>4,8</b>  |
| Жауап беру қиын          | 0,7         | 0,8         |

Өз отбасыларының материалдық жағдайына оң баға беру өзгелерге қарағанда сауалға қатысқан қазақтарда жиі кездесті (60,1%), өз кезегінде өзге этникалық топ респонденттерінің 51,2%-ы материалдық жағдайды орташа деп бағалап отыр. (№7 кесте).

**№7 кесте. «Сіз өз отбасыңыздың материалдық (экономикалық) жағдайын қалай бағалар едіңіз?» сауалына жауаптардың этникалық топтар тұрғысынан бөлінуі, %**

|                          | Қазақ       | Орыс        | Басқалар    |
|--------------------------|-------------|-------------|-------------|
| Өте жақсы                | 17,7        | 9,9         | 5,8         |
| Жақсы                    | 42,4        | 34,2        | 33,1        |
| <b>Өте жақсы+жақсы</b>   | <b>60,1</b> | <b>44,1</b> | <b>38,9</b> |
| Орташа                   | 35,4        | 45,8        | 51,2        |
| Нашар                    | 3,4         | 8,1         | 9,9         |
| Өте нашар                | 0,3         | 0,4         | -           |
| <b>Нашар + өте нашар</b> | <b>3,7</b>  | <b>8,5</b>  | <b>9,9</b>  |
| Жауап беру қиын          | 0,8         | 1,8         | -           |

Аймақтар тұрғысынан алғанда барлық аймақтар, оның ішінде шекаралас аймақтар респонденттері өз материалдық жағдайларын жақсы немесе орташа деп бағалаған. Солай болса да өз материалдық жағдайларын оң бағалауда Абай (98,1%) мен Ұлытау (95,2%) облыстары ерекшеленіп тұр. Өз табыс деңгейіне «өте жақсы» немесе «жақсы» бағасын сирек бергендер - Жетісу (23,1%), Павлодар (36,8%), Ақтөбе (37,6%) Жамбыл (39,8%) облыстары респонденттері.

Жетісу облысынан сауалға қатысушылардың 64,6%-ы өз жағдайларына орташа баға берді, сол сияқты Ақтөбе (60,2%), Павлодар (57,4%) мен Жамбыл облысы (53,7%) респонденттерінде орташа бағалау жиі кездеседі (№8 кесте).

**№8 кесте. «Сіз өз отбасыңыздың материалдық (экономикалық) жағдайын қалай бағалар едіңіз?» сауалына жауаптардың аймақтар тұрғысынан бөлінуі, %**

|                     | Өте жақсы+жақсы | Орташа      | Нашар+өте нашар | Жауап беру қиын |
|---------------------|-----------------|-------------|-----------------|-----------------|
| Абай                | <b>98,1</b>     | 1,9         | -               | -               |
| Ақмола              | 45,9            | 41,9        | <b>12,2</b>     | -               |
| Ақтөбе              | 37,6            | <b>60,2</b> | 2,2             | -               |
| Алматы              | 63,5            | 25,7        | 8,2             | 2,7             |
| Атырау              | 40,3            | 54,2        | 5,6             | -               |
| Батыс Қазақстан     | 41,6            | 44,6        | <b>13,8</b>     | -               |
| Жамбыл              | 39,8            | 53,7        | 5,7             | 0,8             |
| Жетісу              | 23,1            | <b>64,6</b> | 6,2             | 6,2             |
| Қарағанды           | 43,5            | 51,9        | 4,6             | -               |
| Қостанай            | 45,5            | 54,5        | -               | -               |
| Қызылорда           | 69,4            | 29,4        | 1,2             | -               |
| Маңғыстау           | 55,5            | 32,1        | 7,4             | 4,9             |
| Павлодар            | 36,8            | 57,4        | 5,9             | -               |
| Солтүстік Қазақстан | 74,4            | 23,4        | 2,1             | -               |
| Түркістан           | 71,5            | 25,4        | 3               | -               |
| Ұлытау              | <b>95,2</b>     | 4,8         | -               | -               |
| Шығыс Қазақстан     | 48,4            | 50,0        | 1,6             | -               |
| Астана қ            | 51,6            | 44,7        | 3,1             | 0,6             |
| Алматы қ            | 64,7            | 26,9        | 6,7             | 1,7             |
| Шымкент қ           | 75,2            | 23,3        | 1,5             | -               |

Өз материалдық жағдайларын жоғары бағалау барлық шекаралас аймақтарда, әсіресе Абай және Солтүстік Қазақстан облыстарында кең таралған. Бұл осы аймақтар тұрғындары арасында қанағаттанудың жоғары деңгейін көрсетті және өмірдің жайлы жағдайлары мен тұрақты әлеуметтік ахуалдан хабар береді.

Орташа бағалау Жетісу, Алматы, Павлодар сияқты шекаралас аймақтарда басым. Бұл осы аймақтардағы орта әлеуметтік көңіл-күй бар дегенді білдіреді. Төмен бағалар Батыс Қазақстан облысында жиі тіркелді, осындай бағалар үлесі онша көп болмаса да, бұл осы облыста мәселелер барлығын көрсетеді.

Шығыстарға келсек, респонденттер бәрінен де тамақ өнімдеріне көп қаржы жұмсайды (80,4%). Шығыстың екінші бөлігі – киім мен аяқ киім (69,9%). Дәрі-дәрмекке жиі шығынданатындар – қатысушылардың 20,4%-ы. Сол сияқты шығыс көздері ретінде аталғандар ішінде хобби мен қызығушылық (19,8%), кафе мен мейрамхана (13,3%), электроника мен гаджеттер (13,2%), баспана жалдау (13,1%), кинотеатрларға бару (7,9%), концерттер мен фестивалдарға бару (3,2%) бар. (№11 диаграмма).

**№11 диаграмма. «Сіз қаржыны бәрінен бұрын қайда, неге жұмсайсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, үш жауаптан көп емес, %**



\*Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдап ала алатын еді

Жалпы алғанда сауалға қатысушы ерлердің негізгі шығындары әйелдер шығынынан көп ерекшеленбейді. Әйелдер де, ерлер де қаржыны азық-түлікке, киім/аяқ киім мен дәрі-дәрмекке жиі жұмсайды. Бұл ретте әйелдер осы үш санат бойынша, әсіресе киім/аяқ киімге көбірек шығаратыны көрініп тұр (73,1%, ерлер - 66,8%). Сол сияқты электроника мен гаджетке ерлер шығыны көбірек екенін атап кеткен (14,8%, әйелдер - 11,4%) жөн (№9 кесте).

**№9 кесте. «Сіз қаржыны бәрінен бұрын қайда, неге жұмсайсыз?» сауалына жауаптардың гендерлік белгі тұрғысынан бөлінуі, үш жауаптан көп емес, %**

|                                 | Ерлер | Әйелдер |
|---------------------------------|-------|---------|
| Тамақ өнімдері                  | 78,5  | 82,2    |
| Киім мен аяқ киім               | 66,8  | 73,1    |
| Дәрі-дәрмек                     | 19,5  | 21,3    |
| Баспана жалдау                  | 13,0  | 13,1    |
| Электроника мен гаджеттер       | 14,8  | 11,4    |
| Кафе мен мейрамханалар          | 13,8  | 12,7    |
| Хобби мен қызығушылық тауарлары | 20,2  | 19,4    |
| Кинотеатрларға бару             | 9,2   | 6,6     |
| Концерттер, фестивалдар         | 3,1   | 3,2     |
| Ломбардтағы пайыздар            | -     | 0,1     |
| Несие                           | 0,9   | 1,2     |
| Сапарлар                        | 0,5   | 0,3     |
| Билер                           | 0,1   | -       |
| Бокс                            | 0,1   | -       |
| Ипотека                         | 0,2   | -       |
| Коммуналдық төлемдер            | 0,4   | 0,6     |
| Оқу                             | 0,1   | 0,6     |

|                      |     |     |
|----------------------|-----|-----|
| Құрылыс материалдары | -   | 0,1 |
| Барлығына аз-аздап   | 0,1 | -   |
| Автомобиль           | 0,1 | -   |
| Балалар үйірмелері   | -   | 0,2 |
| Балаларға            | 0,1 | 0,2 |
| Кітаптар             | -   | 0,1 |
| Косметика            | -   | 0,1 |
| Үйді қалпына келтіру | 0,1 | -   |
| Онлайн дүкендер      | 0,1 | 0,2 |
| Келіктер             | 0,2 | 0,2 |
| Жауап беру қиын      | 1,3 | 0,9 |

\*Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдап ала алатын еді

Бұдан кейін қатысушының банк процестеріне тартылу деңгейін және олардың қаржылық сауаттылық қабілетін анықтау мақсатында бірнеше қаржылық қызмет түрлері ұсынылды. Жалпы, респонденттердің көпшілігі депозиттік-несиелік қызметті пайдаланбайды. Дегенмен 33,0%- ы бөліп төлеу барын, 26,1%- ы тұтыну несиесін алғанын, 23,2%- ы тұрмыстық техникаға несиесін алғанын атады. Сол сияқты қатысушылардың 19,6%-ы депозитті пайдаланады, 17,3%-ында қаржы жинақтары бар ( №10 кесте).

**№10 кесте. «Сізде .....бар ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

|                             | Иә          | Жоқ         | Жауап беру қиын |
|-----------------------------|-------------|-------------|-----------------|
| Депозит                     | 19,6        | 79,7        | 0,7             |
| Қаржы жинағы                | 17,3        | 82,1        | 0,6             |
| Инвестиции                  | 9,2         | <b>90,3</b> | 0,5             |
| Ипотека                     | 11,7        | 87,9        | 0,5             |
| Бизнесті дамытуға несиесі   | 7,3         | <b>92,2</b> | 0,5             |
| Машинаға несиесі            | 11,1        | 88,3        | 0,6             |
| Тұрмыстық техникаға несиесі | <b>23,2</b> | 76,2        | 0,6             |
| Тұтыну несиесі              | <b>26,1</b> | 73,1        | 0,8             |
| Бөліп төлеу                 | <b>33,0</b> | 66,3        | 0,7             |
| Микрокредит                 | 10,9        | 88,2        | 0,9             |
| Ломбардта қарыз             | 8,5         | <b>90,7</b> | 0,8             |

Сауалға қатысушылардың 44,1%-ы несиесі бойынша айлық төлемді дербес өздері төлейтінін атады («иә» мен «иә деуге болады» жауаптарының қосындысы). 13,7%-ы дербес төлей алмайды («жоқ» пен «жоқ деуге болады» жауаптарының қосындысы). Респонденттердің 40,8%-ында несиелік міндеттемелер жоқ (№11 кесте).

**№11 кесте. «Несие бойынша әр айлық төлемді Сіз өзіңіз дербес төлей аласыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

|                               | Пайыздар    |
|-------------------------------|-------------|
| Иә                            | 23,2        |
| Иә деуге болады               | 20,9        |
| <b>Иә+иә деуге болады</b>     | <b>44,1</b> |
| Жоқ деуге болады              | 9,1         |
| Жоқ                           | 4,6         |
| <b>Жоқ деуге болады + жоқ</b> | <b>13,7</b> |
| Менде қарыз, несиесі жоқ      | 40,8        |
| Жауап беру қиын               | 1,4         |

Келесі сауал респонденттердің еңбекке қабілеттілік деңгейін анықтайды. Олардың арасында 47,7%-ы толық немесе толық емес күн тәртібінде жұмыс істейді. Қосымша жұмыстары бар 12,2% студенттерді қосқанда респонденттердің 35,8%-ы оқиды. 14,5%-ы жұмыс істемейді, олардың 3,7%-ы жұмыс іздеп жүрген жұмыссыздар, 2,5%-ы жұмыс іздемейтін жұмыссыздар, 6,7%-ы декреттік

демалыста болса, 1,6%-ы денсаулық жағдайына байланысты жұмыс істемейді. Сонымен бірге респонденттердің 23,6%-ы тек оқуда екенін жеткізді (№12 диаграмма).

**№12 диаграмма. «Жұмыспен қамтылу саласындағы Сіздің негізгі жағдайыңызды көрсетіңіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Жұмыс орнын таңдауда респонденттерге ең алдымен жалақы деңгейі (65,7%) мен кәсіби өсу/мансап (48,2%) факторлары маңызды. Сонымен бірге сыйақы мен жеңілдік (23,6%), жұмыстың икемді кестесі (22,1%) мен жаңа тәжірибе/білім алу (20,5%) сияқты факторлар да жиі аталды (№13 диаграмма).

**№13 диаграмма. «Жұмыс орнын таңдауда Сіз үшін мейлінше маңызды факторларды көрсетіңіз» сауалына жауаптардың бөлінуі, үш жауаптан көп емес, %**



\*Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдап ала алатын еді

Гендерлік тұрғыдан алғанда жұмыс орнын таңдауда ерлер үшін де (67,1%), әйелдер үшін де (64,3%) бәрінен бұрын еңбекақы деңгейі маңызды. Бұл ретте осы фактор әйелдерге қарағанда ерлерде 2,8%-ға маңыздырақ. Бұл ер адамдар ақшаны көбірек табу керек деген дәстүрлі көзқарасты дәлелдеп тұр. Әлеуметтік-психологиялық ахуал ерлерге (11,6%) қарағанда әйелдер үшін (14,2%) маңызды екені байқалып тұр. Сол сияқты икемді жұмыс кестесін де әйелдер жиі көрсетті (3,6%-ға) (№12 кесте).

**№12 кесте. «Жұмыс орнын таңдауда Сіз үшін мейлінше маңызды факторларды көрсетіңіз» сауалына жауаптардың гендерлік тұрғыдан бөлінуі, %**

|                                                         | Ерлер | Әйелдер     |
|---------------------------------------------------------|-------|-------------|
| Кәсіби өсу, мансап                                      | 48,5  | 47,9        |
| Жалақы деңгейі                                          | 67,1  | 64,3        |
| Сыйақы мен жеңілдіктер                                  | 24,1  | 23,0        |
| Әлеуметтік-психологиялық ахуал                          | 11,6  | <b>14,2</b> |
| Жаңа тәжірибе, білім алу                                | 20,7  | 20,2        |
| Компания беделі                                         | 10,9  | 10,5        |
| Жаңа байланыстар мен қатынастар, нетворкинг (желі құру) | 14,4  | 15,0        |
| Икемді жұмыс кестесі                                    | 20,3  | <b>23,9</b> |
| Мекеме/ұйымның орналасқан орны                          | 9,0   | 7,8         |
| Өзіндік бизнес                                          | 0,2   | -           |
| Көрсетілгендердің бәрі                                  | -     | 0,1         |
| Ресми жұмысқа тұру                                      | -     | 0,2         |
| Моральдық қанағаттану                                   | -     | 0,1         |
| Мүгедектің жұмысқа тұруы                                | 0,1   | -           |
| Жауап беру қиын                                         | 2,7   | 4,3         |

Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдап ала алатын еді.

Жұмысқа тартымдылығын бағалау мақсатында респонденттерге сала бойынша тізім ұсынылған болатын. Бағалар «1» («тартымды емес») мен «5» («өте тартымды») аралығында болды. Деректерді сипаттауда тартымды емес бағалары («1» + «2») және тартымдылық бағалары («4» + «5») жинақталды.


Сауалға қатысқан жастар үшін бизнес/кәсіпкерлік (58,3%), IT (49,0%), және қаржы саласы (48,9%). мейлінше тартымды салалар болды. Сонымен бірге сауда (47,7%), мемлекеттік қызмет (46,7%), білім (46,2%), фриланс (45,3%), қызмет көрсету (43,5%), денсаулық сақтау (42,9%) салалары да тартымдылар қатарында. Ал техникалық персонал (49,1%) мен ауыл шаруашылығы (41,4%) салаларының тартымдылық көрсеткіштері төмен болды (№13 кесте).

**№13 кесте. «Көрсетілген салаларды 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз» сауалына жауаптардың бөлінуі, «1 – тартымды емес, 5 – өте тартымды», %**

|                                                                      | 1    | 2    | 1+2         | 3    | 4    | 5    | 4+5         | 3/0 |
|----------------------------------------------------------------------|------|------|-------------|------|------|------|-------------|-----|
| Мемлекеттік қызмет                                                   | 15,8 | 11,7 | 27,5        | 24,6 | 25,1 | 21,6 | <b>46,7</b> | 1,2 |
| Ғылым                                                                | 18,1 | 15,9 | 34          | 30,3 | 22,5 | 12,1 | 34,6        | 1,1 |
| Мәдениет                                                             | 15,0 | 14,1 | 29,1        | 33,2 | 22,2 | 14,1 | 36,3        | 1,4 |
| Денсаулық сақтау                                                     | 13,2 | 13,4 | 26,6        | 29,3 | 24,5 | 18,4 | <b>42,9</b> | 1,3 |
| Білім (мектепке дейінгі тәрбие, орта, жоғары білім)                  | 13,1 | 12,9 | 26          | 26,4 | 25,6 | 20,6 | <b>46,2</b> | 1,4 |
| Қаржы (банктер, бухгалтерия және т.б.)                               | 11,8 | 11,3 | 23,1        | 26,7 | 26,1 | 22,8 | <b>48,9</b> | 1,3 |
| Бизнес, кәсіпкерлік                                                  | 8,3  | 9,6  | 17,9        | 22,6 | 26,0 | 32,3 | <b>58,3</b> | 1,3 |
| Қызмет көрсету                                                       | 11,8 | 12,2 | 24          | 30,9 | 25,5 | 18,0 | <b>43,5</b> | 1,6 |
| IT                                                                   | 12,8 | 11,0 | 23,8        | 25,6 | 25,9 | 23,1 | <b>49</b>   | 1,6 |
| Сауда                                                                | 10,9 | 10,7 | 21,6        | 29,2 | 29,1 | 18,6 | <b>47,7</b> | 1,6 |
| БАҚ                                                                  | 20,3 | 11,7 | 32          | 32,2 | 22,3 | 11,2 | 33,5        | 2,3 |
| Құрылыс                                                              | 20,4 | 14,7 | 35,1        | 27,9 | 24,3 | 11,1 | 35,4        | 1,6 |
| Өнеркәсіп                                                            | 18,8 | 15,0 | 33,8        | 30,6 | 22,2 | 11,7 | 33,9        | 1,7 |
| Ауыл шаруашылығы                                                     | 24,3 | 17,1 | <b>41,4</b> | 27,5 | 19,4 | 10,1 | 29,5        | 1,7 |
| Техникалық персонал (күзетші, вахтер, техникалық қызметкер мен т.б.) | 29,2 | 19,9 | <b>49,1</b> | 27,6 | 15,1 | 6,1  | 21,2        | 2,1 |
| Өз-өзін қамтушылар, фрилансерлер                                     | 13,6 | 11,7 | 25,3        | 27,8 | 26,1 | 19,2 | <b>45,3</b> | 1,6 |

Жалақы перспективаларын бағалаған респонденттердің 16,4%-ы айына 500 000 мың теңге жалақыға өздері риза болатындықтарын жеткізді. 800 000 мың бен 1 000 000 және одан да жоғары жалақыны тартымды санайтын сауалға қатысушылар саны тең десе де болады (12,2%-дан 12,4%-ға дейін) (№14 диаграмма).

**№14 диаграмма. «Сіздің барлық қажеттіліктеріңізді қанағаттандыратын жалақы көлемін көрсетіңіз» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Келесі бағалау өмірдегі болашақ өзгерістерді талдау арқылы әлеуметтік оптимизмді анықтауды көздейді. Респонденттердің 78,3%-ының пікірінше бір жылдан кейін олардың және отбасыларының өмірі жақсарады («сөзсіз жақсы болады», «жақсы деуге болады» жауаптарының жиынтығы). 9,2% -ы нашарлайды деп санайды («нашар деуге болады» + «сөзсіз нашар»). Ал сауалға қатысушылардың 10,2%-ы өз өмірлерінде ештеңе өзгермейді деп жауап берді. 2022 жылғы респонденттер пікірінде өз болашағына қатысты оптимизм басым болғанын атап кеткен жөн (84,8%), 2024 жылы көрсеткіш 6,5 %-ға төмендеді (№14 кесте).

**№14 кесте. «Сіздің пікіріңізше, бір жылдан кейін Сіз және Сіздің отбасыңыз қалай өмір сүретін болады?» сауалына жауаптардың бөлінуі, 2022 және 2024 жылдың салыстырмалы деректері, %**

|                                          | 2022        | 2024        |
|------------------------------------------|-------------|-------------|
| Сөзсіз жақсы                             | 34,2        | 30,2        |
| Жақсы деуге болады                       | 50,6        | 48,1        |
| <b>Сөзсіз жақсы+Жақсы деуге болады</b>   | <b>84,8</b> | <b>78,3</b> |
| Нашар деуге болады                       | 9,0         | 7,5         |
| Сөзсіз нашар                             | 1,2         | 1,7         |
| <b>Нашар деуге болады + Сөзсіз нашар</b> | <b>10,2</b> | <b>9,2</b>  |
| Ештеңе өзгермейді                        | -           | 10,2        |
| Жауап беру қиын                          | 5,1         | 2,3         |

Этникалық тұрғыдан алғанда өз болашақтарына оптимистік көзқарас өзгелерге қарағанда қазақтарда басым. Олардың 80,1%-ы бір жылдан кейін жақсырақ өмір болады деп есептейді, бұл көрсеткіш өзге этнос өкілдерінде – 71,9%, орыстар арасында – 70,4%. Бұл жерде пессимистік көзқарастағы респонденттер де қазақтар арасында өзгелермен салыстырғанда көбірек екені байқалды (10,2%, орыстар – 6,0%, өзге этнос респонденттері – 5,0%). Өз болашағына деген тұрақтылықты сауалға қатысушы орыстар көбірек көрсетті - 20,4% (өзге этностар – 19,0%, қазақтар – 7,7%) ( №15 кесте).

**№15 кесте . «Сіздің пікіріңізше, бір жылдан кейін Сіз және Сіздің отбасыңыз қалай өмір сүретін болады?» сауалына жауаптардың этникалық топтар тұрғысынан бөлінуі, %**

|                                          | Қазақ       | Орыс        | Өзгелер     |
|------------------------------------------|-------------|-------------|-------------|
| Сөзсіз жақсы                             | 32,2        | 21,8        | 23,1        |
| Жақсы деуге болады                       | 47,9        | 48,6        | 48,8        |
| <b>Сөзсіз жақсы+Жақсы деуге болады</b>   | <b>80,1</b> | <b>70,4</b> | <b>71,9</b> |
| Нашар деуге болады                       | 8,4         | 3,2         | 5,0         |
| Сөзсіз нашар                             | 1,8         | 2,8         | -           |
| <b>Нашар деуге болады + Сөзсіз нашар</b> | <b>10,2</b> | <b>6</b>    | <b>5</b>    |

|                   |     |      |      |
|-------------------|-----|------|------|
| Ештеңе өзгермейді | 7,7 | 20,4 | 19,0 |
| Жауап беру қиын   | 2,1 | 3,2  | 4,1  |

Сауал нәтижелері бойынша болашаққа деген оптимистік көзқарас респонденттердің материалдық жайлылығына тікелей пропорционалды екенін атап кеткен жөн, материалдық жағдай жоғары болған сайын, респонденттердің болашақты позитивті бағалауы да жиі бола түседі (№16 кесте).

**№16 кесте. «Сіздің пікіріңізше, бір жылдан кейін Сіз және Сіздің отбасыңыз қалай өмір сүретін болады?» сауалына жауаптардың материалдық жайлылық тұрғысынан бөлінуі, %**

|                                        | Ақша өзіме керектің бәріне жетеді | Ұзақ мерзімді тауарлардың көпшілігін алу еш қиындық тудырмайды | Ақша тек қажетті өнімдерге ғана жетеді, жинақтауға қалмайды | Ақша тек тамақ өнімдерін алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық төлемдерге қалмайды | Ақша тамақ өнімдерін алуға да жетпейді |
|----------------------------------------|-----------------------------------|----------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------|
| Сөзсіз жақсы                           | 55,6                              | 35,9                                                           | 24,6                                                        | 25,7                                                                              | 24,1                                   |
| Жақсы деуге болады                     | 35,8                              | 50,5                                                           | 50,3                                                        | 43,3                                                                              | 40,7                                   |
| <b>Сөзсіз жақсы+Жақсы деуге болады</b> | <b>91,4</b>                       | <b>86,4</b>                                                    | <b>74,9</b>                                                 | <b>69</b>                                                                         | <b>64,8</b>                            |
| Нашар деуге болады                     | 4,3                               | 5,0                                                            | 8,1                                                         | 11,8                                                                              | 11,1                                   |
| Сөзсіз нашар                           | 1,6                               | 0,9                                                            | 1,6                                                         | 4,8                                                                               | 3,7                                    |
| <b>Нашар деуге болады+Сөзсіз нашар</b> | <b>5,9</b>                        | <b>5,9</b>                                                     | <b>9,7</b>                                                  | <b>16,6</b>                                                                       | <b>14,8</b>                            |
| Ештеңе өзгермейді                      | 2,7                               | 5,7                                                            | 12,2                                                        | 12,8                                                                              | 20,4                                   |
| Жауап беру қиын                        | -                                 | 2,0                                                            | 3,1                                                         | 1,6                                                                               | -                                      |


Осылайша, респонденттердің көпшілігі 2024 жылы өткен жылдармен салыстырғанда өз өмірлерінің жақсарғанын атап көрсетті. Жалпы алғанда жастардың басым бөлігі өз өмірлерін оң бағалап отыр, бұл миграциялық ағынды тоқтатуда позитивті фактор болып табылады. Дегенмен респонденттердің бір бөлігі қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайға наразылық білдірді және бұл олардың өз елді мекенінен көшуіне себеп болуы ықтимал.

#### **Тұрғылықты жерлерде жеке даму үшін жасалған жағдайларға қанағаттануы**

Өмірге қанағаттанудың жоғары деңгейіне жету үшін жеке даму жағдайларын ескеру маңызды. Бұл ретте осы жай кең факторлар жиынынан тұрады, оның ішінде сапалы білім, мәдени-спорт шаралары, дамыған инфроқұрылым қолжетімділігі және т.б. бар. Бұл бөлімде сауалға қатысқан жастардың тұрғылықты жерлеріндегі қазіргі жағдайлар мен инфроқұрылымға қанағаттану дәрежесі мәселелері қарастырылады.

Жергілікті жастар өміріне баға берген көпшілік (72,5%) олар жақсы өмір сүруде деп санайды («4» пен «5» бағаларының жиынтығы). Сұралғандардың 4,5%-ы өз елді мекендерінде жастар нашар өмір сүруде деп көрсетті («1» мен «2» бағаларының жиынтығы). 20,9%-ы оны бейтарап бағалады (№15 диаграмма).

**№15 диаграмма. «Сіздің елді мекенде жастар жақсы тұра ма, 1-ден 5-ке дейінгі балл шкаласымен бағалаңыз» сауалына жауаптардың бөлінуі, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы, %**



Жас топтары тұрғысынан 14-18 жас тобының сауалға қатысушыларының 79,9% -ы жергілікті жастардың әлеуметтік жайлылығын оң бағалады. 19-23 жас тобы респонденттері де осындай баға берді -70,9%, 29-34 жас тобы - 70,7% және 24-28 жас тобы - 68,0%. Теріс бағаны өзге жас топтарынан 24-28 жас тобы респонденттері көбірек берді (6,0%, 19-23 жас – 4,7%, 29-34 жас – 4,4%, 14-18 жас – 3,1%) ( №17 кесте).

**№17 кесте. «Сіздің елді мекенде жастар жақсы тұра ма, 1-ден 5-ке дейінгі балл шкаласымен бағалаңыз» сауалына жауаптардың жас топтары тұрғысынан бөлінуі, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы, %**

|                      | 14-18 жас   | 19-23 жас   | 24-28 жас | 29-34 жас   |
|----------------------|-------------|-------------|-----------|-------------|
| Өте нашар            | 0,8         | 1,2         | 1,9       | 1,4         |
| 2                    | 2,3         | 3,5         | 4,1       | 3,0         |
| <b>Өте нашар + 2</b> | <b>3,1</b>  | <b>4,7</b>  | <b>6</b>  | <b>4,4</b>  |
| 3                    | 15,5        | 21,7        | 24,3      | 22,3        |
| 4                    | 46,1        | 44,7        | 39,4      | 42,1        |
| Өте жақсы            | 33,8        | 26,2        | 28,6      | 28,6        |
| <b>4 + өте жақсы</b> | <b>79,9</b> | <b>70,9</b> | <b>68</b> | <b>70,7</b> |
| Жауап беру қиын      | 1,5         | 2,6         | 1,7       | 2,7         |


Этникалық топтар тұрғысынан жергілікті жастардың әлеуметтік жайлылығына қатысты қазақтарда оң пікір басым, олардың 74,2%-ы жастардың жақсы тұратынын атап көрсетті (орыстар – 67,2%, өзге этникалық топ респонденттері – 62,8%). Басқалардан гөрі теріс бағаны өзге этникалық топ өкілдері көбірек берді, көрсеткіш– 7,5% (орыстар – 5,3%, қазақтар – 4,1%). Сауалға қатысқан өзге этнос өкілдерінің 27,3%-ы жастар өмірін орташа деңгейде деп бағалады, орыстар – 26,8%, қазақтар – 19,3% ( №18 кесте).

**№18 кесте «Сіздің елді мекенде жастар жақсы тұра ма, 1-ден 5-ке дейінгі балл шкаласымен бағалаңыз» сауалына жауаптардың этникалық топтар бойынша бөлінуі, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы, , %**

|                      | Қазақ       | Орыс        | Өзгелер     |
|----------------------|-------------|-------------|-------------|
| Өте нашар            | 0,9         | 2,1         | 5,0         |
| 2                    | 3,2         | 3,2         | 2,5         |
| <b>Өте нашар + 2</b> | <b>4,1</b>  | <b>5,3</b>  | <b>7,5</b>  |
| 3                    | 19,3        | 26,8        | 27,3        |
| 4                    | 43,6        | 40,8        | 41,3        |
| Өте жақсы            | 30,6        | 26,4        | 21,5        |
| <b>4 + өте жақсы</b> | <b>74,2</b> | <b>67,2</b> | <b>62,8</b> |
| Жауап беру қиын      | 2,4         | 0,7         | 2,5         |

Елді мекен типі тұрғысынан жастардың әлеуметтік жайлылығына сауалға қатысқан ауыл тұрғындарының 5,9%-ы және қала тұрғындарының 3,6%-ы төмен бағалады. Ауылдан қатысқан респонденттердің 74,1%-ы және қала тұрғындарының 71,6% -ы жағдайға оң баға берді. Орташа бағалаған қалалықтар ауыл тұрғындарына қарағанда көбірек (қала – 23,2%, ауыл – 17,0%) (№16 диаграмма).

**№16 диаграмма. «Сіздің елді мекенде жастар жақсы тұра ма, 1-ден 5-ке дейінгі балл шкаласымен бағалаңыз» сауалына жауаптардың елді мекен типтері бойынша бөлінуі, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы, %**



Абай (92,5%), Ұлытау (90,5%), СҚО (89,3%), Қостанай (83,1%), Түркістан (80,7%) облыстары мен Шымкент (90,2%) қаласының респонденттерінде өз өмірлеріне қанағаттану деңгейі жоғары. Сонымен бірге қанағаттанбаушылық пікір Қарағанды, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары респонденттерінде жиі кездесті. ШҚО (37,1%), Павлодар (33,8%), Ақтөбе (32,3%) облыстары мен Астана (30,8%) қаласынан сауалға қатысушылар орташа баға қойды (№19 кесте).

**№19 кесте. «Сіздің елді мекенде жастар жақсы тұра ма, 1-ден 5-ке дейінгі балл шкаласымен бағалаңыз» сауалына жауаптардың аймақтар типтері бойынша бөлінуі, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы, %**


|                     | Өте нашар | 2   | 1+2 | 3    | 4    | Өте жақсы | 4+5  | Жауап беру қиын |
|---------------------|-----------|-----|-----|------|------|-----------|------|-----------------|
| Абай                | -         | 1,9 | 1,9 | 5,7  | 58,5 | 34,0      | 92,5 | -               |
| Ақмола              | 2,7       | 4,1 | 4,1 | 23,0 | 31,1 | 37,8      | 68,9 | 1,4             |
| Ақтөбе              | -         | 1,1 | 1,1 | 32,3 | 54,8 | 10,8      | 65,6 | 1,1             |
| Алматы              | 4,1       | 7,4 | 7,4 | 22,3 | 35,1 | 27,0      | 62,1 | 4,1             |
| Атырау              | -         | 2,8 | 2,8 | 20,8 | 25,0 | 50,0      | 75   | 1,4             |
| Батыс Қазақстан     | 1,5       | 1,5 | 1,5 | 20,0 | 43,1 | 32,3      | 75,4 | 1,5             |
| Жамбыл              | 8,1       | 3,3 | 3,3 | 19,5 | 46,3 | 21,1      | 67,4 | 1,6             |
| Жетісу              | 1,5       | 3,1 | 3,1 | 26,2 | 49,2 | 16,9      | 66,1 | 3,1             |
| Қарағанды           | 3,7       | 8,3 | 8,3 | 23,1 | 43,5 | 17,6      | 61,1 | 3,7             |
| Қостанай            | -         | -   | -   | 15,6 | 59,7 | 23,4      | 83,1 | 1,3             |
| Қызылорда           | -         | 3,5 | 3,5 | 17,6 | 36,5 | 42,4      | 78,9 | -               |
| Маңғыстау           | -         | -   | -   | 17,3 | 43,2 | 27,2      | 70,4 | 12,3            |
| Павлодар            | -         | 2,9 | 2,9 | 33,8 | 36,8 | 26,5      | 63,3 | -               |
| Солтүстік Қазақстан | -         | -   | -   | 6,4  | 63,8 | 25,5      | 89,3 | 4,3             |
| Түркістан           | 0,4       | 2,6 | 2,6 | 15,4 | 44,7 | 36,0      | 80,7 | 0,9             |

|                 |     |     |            |             |      |      |             |     |
|-----------------|-----|-----|------------|-------------|------|------|-------------|-----|
| Ұлытау          | -   | -   | -          | 4,8         | 14,3 | 76,2 | <b>90,5</b> | 4,8 |
| Шығыс Қазақстан | -   | 6,5 | <b>6,5</b> | <b>37,1</b> | 45,2 | 9,7  | 54,9        | 1,6 |
| Астана қ        | -   | 3,8 | <b>3,8</b> | <b>30,8</b> | 41,5 | 23,9 | 65,4        | -   |
| Алматы қ        | 0,4 | 3,4 | <b>3,4</b> | 22,7        | 35,7 | 35,3 | 71          | 2,5 |
| Шымкент қ       | -   | -   | -          | 8,3         | 54,1 | 36,1 | <b>90,2</b> | 1,5 |

Тұтастай алғанда шекаралас аймақтар бойынша жасалған талдау жергілікті жастардың өмірін бағалаудың айтарлықтай жоғары деңгейін көрсетіп тұр, бұл шекаралас аймақтарда жастарды әлеуметтік қамтамасыз етудің жеткілікті екендігін көрсетеді. Оң бағалар әсіресе Абай, БҚО, Қостанай, СҚО облыстары мен Шымкент қаласында байқалады.

Одан кейін респонденттерге өз өмірлерін бағалау ұсынылды. Көпшілігі жалпы өз өмірлеріне риза (82,3%, «толық қанағаттандырады» және «қанағаттандырады деуге болады» жауаптарының қосындысы), ал 16,7%-ы өмірлеріне риза емес («қанағаттандырмайды деуге болады» және «мүлдем қанағаттандырмайды» жауаптарының қосындысы) (№17 диаграмма).

**№17 диаграмма. «Сізді қазіргі өз өміріңіз жалпы қанағаттандыра ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Инфрокұрымдық мәселелерді бағалау үшін респонденттерге 5 балл шкаласын пайдалану ұсынылды, 1- «алаңдатпайды», ал 5 – «өте алаңдатады». Деректерді талдауда оң бағалар жиынтығы («1» мен «2» баға қосындысы) мен теріс баға жиынтығы («4» пен «5» баға қосындысы) пайдаланылды.

Осылайша, респонденттерді нашар жолдар (56,5%), жолдарға сапасыз қызмет (51,0%), аула мен көшелерді нашар жарықтануы немесе оның мүлдем болмауы (46,5%), мүгедектігі бар адамдарға инфрокұрылымның болмауы (45,6%), қоғамдық көліктің нашар жұмысы (42,3%), субұрғыштардың болмауы (42,0%), қоқысты шығару мен жою мәселесі (41,9%), ауызсудың төмен сапасы (41,6%) сияқты инфрокұрылымдық мәселелер көбірек алаңдатады. Ал газбен қамту мәселесі (45,3%), орталықтандырылған сумен қамту жүйесінің болмауы (42,4%), жылумен қамту (41,7%), электрмен қамту мәселелері (40,7%) бойынша респонденттердің алаңдау деңгейі төмен (№20 кесте).

**№20 кесте. «Сіздің елді мекеніңіздегі инфрақұрылымға қатысты көрсетілген мәселелерді 1 мен 5 балл шкаласымен бағалаңыз, 1 – алаңдатпайды, 5 – өте алаңдатады» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

|                                                                         | 1    | 2    | 1+2  | 3    | 4    | 5    | 4+5  | 3/0 |
|-------------------------------------------------------------------------|------|------|------|------|------|------|------|-----|
| Ауызсудың төмен сапасы                                                  | 19,5 | 13,3 | 32,8 | 24,9 | 22,2 | 19,4 | 41,6 | 0,7 |
| Электрмен қамту мәселесі                                                | 26,7 | 14,0 | 40,7 | 25,7 | 20,4 | 12,2 | 32,6 | 1,0 |
| Жылумен қамту мәселесі                                                  | 26,6 | 15,1 | 41,7 | 22,3 | 21,0 | 14,0 | 35   | 1,0 |
| Субұрғыштардың болмауы (канализация)                                    | 22,5 | 13,1 | 35,6 | 21,6 | 21,8 | 20,2 | 42   | 0,8 |
| Орталықтандырылған сумен қамтудың болмауы                               | 29,2 | 13,2 | 42,4 | 24,3 | 19,2 | 13,1 | 32,3 | 1,0 |
| Газбен қамту мәселелері                                                 | 30,5 | 14,8 | 45,3 | 22,4 | 18,9 | 12,3 | 31,2 | 1,1 |
| Қоқысты шығару мен жою мәселесі                                         | 17,5 | 13,2 | 30,7 | 26,4 | 23,9 | 18,0 | 41,9 | 1,0 |
| Нашар жолдар                                                            | 8,4  | 10,0 | 18,4 | 24,1 | 27,2 | 29,3 | 56,5 | 1,0 |
| Аула мен көшенің нашар жарықтануы немесе болмауы                        | 11,1 | 12,9 | 24   | 28,7 | 23,7 | 22,8 | 46,5 | 0,8 |
| Жолға сапасыз қызмет (тазалау, жөндеу, жол белгілері)                   | 10,2 | 11,5 | 21,7 | 26,0 | 26,1 | 24,9 | 51   | 1,3 |
| Қоғамдық көліктің нашар жұмысы немесе оның болмауы                      | 15,8 | 13,0 | 28,8 | 27,3 | 23,0 | 19,3 | 42,3 | 1,6 |
| Мүмкіндігі шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар) инфрақұрылымның болмауы | 10,9 | 10,9 | 21,8 | 27,5 | 23,1 | 22,5 | 45,6 | 5,1 |

Осылайша, респонденттердің, әсіресе 14-18 жастағы жастардың пікірі бойынша (72,5%) жастар жақсы өмір сүруде. Респонденттер өз өмірлерін де осылай оң бағалап отыр (82,3%). Нашар жолдар, жолдарға сапасыз қызмет, аула мен көшелерді нашар жарықтануы немесе оның мүлдем болмауы, мүгедектігі бар адамдарға инфрақұрылымның болмауы, қоғамдық көліктің нашар жұмысы, субұрғыштардың болмауы, қоқысты шығару мен жою мәселесі, ауызсудың төмен сапасы сияқты инфрақұрылымдық мәселелер респонденттер үшін барынша маңызды болып саналады.

### *Дискриминацияның байқалу фактілері мен қауіпсіздік сезімдері*

Кез келген қоғамның өмір сапасын бағалауда дискриминация (кемсітушілік) мен қауіпсіздік мәселелері шешуші рөл атқарады. Бұл ретте дискриминация этникалық, діни, гендерлік және әлеуметтік сияқты түрлі формада көрінуі мүмкін және бұл адамдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайына ықпал етеді. Сонымен бірге қоғамда дискриминация деңгейі төмендеген сайын оның мүшелері өзін қауіпсіз де сенімді сезіне бастайтыны белгілі, өйткені дау-жанжал туындау тәуекелі де азаяды. Сауалға қатысушылардың дискриминацияның түрлі көріністеріне, құқық бұзылуы мен ықтимал жанжалдарға көзқарасын қарастыру мейлінше қауіпсіз де әділ қоғам құру үшін қандай шаралар қажеттігін түсінуге мүмкіндік береді.


Респонденттерге «Келесі себептер бойынша Сіз қандай болса да қысым көрсету, шектеу немесе қыспаққа алу жағдайларымен ұшырастыңыз ба?» сауалы қойылған болатын. Жалпы алғанда респонденттердің көпшілігі берілген себептер тізімі бойынша шектеу жағдайларымен ұшыраспаған. 10,9% респонденттер қазақ тілін білмеуі себебімен, 9,2%-ы өз көзқарасын білдіргені үшін шектеушілікпен кездескенін атап кеткен жөн. (№21 кесте).

**№21 кесте. «Келесі себептер бойынша Сіз қандай болса да қысым көрсету, шектеу немесе қыспаққа алу жағдайларымен ұшырастыңыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

|                                                                               | Иә   | Жоқ  | Ж/Қ  |
|-------------------------------------------------------------------------------|------|------|------|
| Қазақ тілін білмеуі себебімен                                                 | 10,9 | 87,6 | 1,5  |
| Өз көзқарасын білдіргені үшін (айыптау)                                       | 9,2  | 77,0 | 13,8 |
| Саяси сенімдері үшін                                                          | 7,9  | 90,5 | 1,6  |
| Орыс тілін білмеуі себебімен                                                  | 7,3  | 91,0 | 1,7  |
| Білім деңгейі себебімен                                                       | 6,9  | 91,2 | 1,9  |
| Жасына байланысты (эйджизм)                                                   | 6,9  | 91,4 | 1,7  |
| Діни көзқарастар үшін                                                         | 6,8  | 91,8 | 1,4  |
| Шектеулі физикалық және менталдық қабілеттер үшін                             | 6,5  | 91,6 | 1,9  |
| Ауылдан келу себебімен                                                        | 5,9  | 92,3 | 1,8  |
| Экономикалық жағдайға байланысты                                              | 5,7  | 92,4 | 1,9  |
| Гендерлік белгімен (еркек / әйел)                                             | 5,6  | 92,5 | 1,9  |
| Этникалық текке байланысты                                                    | 4,9  | 93,6 | 1,5  |
| Сексуалдық бағдарға байланысты (ЛГБТ+ белгіленген жыныстық басымдықтар болуы) | 3,2  | 95,0 | 1,8  |


Респонденттердің 2,5%-ы өз елді мекендеріндегі ұлтаралық қатынасты нашар деп бағалады («1» мен «2» баға қосындысы). Ал көпшілігі (78,7%) оны жақсы деп бағалады («4» пен «5» баға қосындысы) (№18 кесте).

**№18 кесте. «Өз елді мекеніңіздегі ұлтаралық өзара қатынасты 1 мен 5 балл шкаласымен бағалаңыз, 1 – өте нашар, 5 – өте жақсы» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



80,5% респонденттер өз елді мекенінде ұлтаралық жанжал-қақтығыс туындау мүмкіндігіне негіздер жоқ деп санайды («жоқ» + «жоқ деуге болады»), ал 16,3%-ы керісінше ондай мүмкіндіктер бар деген пікірде («иә» - «иә деуге болады») (№19 диаграмма).

**№19 диаграмма. «Сіз қалай ойлайсыз, Сіздің елді мекенде ұлтаралық негізде қақтығыстар туындау мүмкіндігі бар ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Аймақтар тұрғысынан Алматы қаласы (40,4%), сол сияқты Алматы (29,7%), Маңғыстау (22,2%), Жамбыл (22,0%), Қызылорда (16,5%), Түркістан (14,5%) облыстары, Астана (18,2%) мен Шымкент қаласы (18,0%) респонденттері өз елді

мекендерінде ұлтаралық қақтығыстар туындау мүмкіндігін жиі болжаған. Басқа өңірлермен салыстырғанда Абай (100%), Ақмола (74,3%) және Атырауской облысы (73,6%) респонденттерінде осындай жанжалға қатысты болжамдар аз (№22 кесте).

**№22 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, Сіздің елді мекенде ұлтаралық негізде қақтығыстар туындау мүмкіндігі бар ма?» сауалына жауаптардың аймақтар бойынша бөлінуі, %**

|                     | Бар  | Бар деуге болады | Бар + Бар деуге болады | Жоқ деуге болады | Жоқ   | Жоқ деуге болады + жоқ | Жауап беру қиын |
|---------------------|------|------------------|------------------------|------------------|-------|------------------------|-----------------|
| Абай                | -    | -                | -                      | -                | 100,0 | <b>100</b>             | -               |
| Ақмола              | -    | -                | -                      | 21,6             | 74,3  | <b>74,3</b>            | 4,1             |
| Ақтөбе              | 2,2  | -                | 2,2                    | 23,7             | 66,7  | 66,7                   | 7,5             |
| Алматы              | 10,8 | 18,9             | <b>29,7</b>            | 39,2             | 26,4  | 26,4                   | 4,7             |
| Атырау              | 2,8  | 2,8              | 5,6                    | 20,8             | 73,6  | <b>73,6</b>            | -               |
| Батыс Қазақстан     | 1,5  | 3,1              | 4,6                    | 41,5             | 52,3  | 52,3                   | 1,5             |
| Жамбыл              | 5,7  | 16,3             | <b>22</b>              | 22,0             | 56,1  | 56,1                   | -               |
| Жетісу              | 1,5  | 6,2              | 7,7                    | 27,7             | 60,0  | 60                     | 4,6             |
| Қарағанды           | 0,9  | 7,4              | 8,3                    | 40,7             | 50,9  | 50,9                   | -               |
| Қостанай            | 1,3  | 3,9              | 5,2                    | 41,6             | 51,9  | 51,9                   | 1,3             |
| Қызылорда           | 7,1  | 9,4              | <b>16,5</b>            | 21,2             | 58,8  | 58,8                   | 3,5             |
| Маңғыстау           | 1,2  | 21,0             | <b>22,2</b>            | 17,3             | 53,1  | 53,1                   | 7,4             |
| Павлодар            | 2,9  | 4,4              | 7,3                    | 44,1             | 39,7  | 39,7                   | 8,8             |
| Солтүстік Қазақстан | 6,4  | 10,6             | 17                     | 46,8             | 34,0  | 34                     | 2,1             |
| Түркістан           | 5,3  | 9,2              | <b>14,5</b>            | 33,8             | 50,0  | 50                     | 1,8             |
| Ұлытау              | -    | -                | -                      | 42,9             | 57,1  | 57,1                   | -               |
| Шығыс Қазақстан     | -    | 1,6              | 1,6                    | 43,5             | 51,6  | 51,6                   | 3,2             |
| Астана қ            | 2,5  | 15,7             | <b>18,2</b>            | 39,6             | 34,6  | 34,6                   | 7,5             |
| Алматы қ            | 22,3 | 18,1             | <b>40,4</b>            | 25,6             | 32,8  | 32,8                   | 1,3             |
| Шымкент қ           | 6,0  | 12,0             | <b>18</b>              | 31,6             | 45,9  | 45,9                   | 4,5             |

Шекаралас аймақтардың кейбірінде, әсіресе Алматы қаласы мен Алматы, Маңғыстау облыстарында ұлтаралық қақтығыстар туындау мүмкін екендігін білдірушілер саны едәуір екендігі назар аударады. Өз кезегінде Абай облысы респонденттері ондай мүмкіндіктерді толықтай жоққа шығарып отыр.

Респонденттер пікірінше, қорлау, арандату фактілері әлеуметтік желілерде, интернетте жиі кездеседі (52,2%). 36,0%-ы оқу орындарын буллинг (қорлау) көп тараған орындар ретінде көрсетті, олардың ширек бөлігі (24,2%) қоғамдық орындарды, 20,6%-ы көшені атады (№20 диаграмма).

**№20 диаграмма. «Сіздің ойыңызша қай жерлерде қорлау, арандату, буллинг жиі кездеседі?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдап ала алатын еді.

Аймақтар тұрғысынан респонденттер пікірінше буллинг жиі кездесетін әр орын бойынша келесі нәтижелер байқалды:

**Әлеуметтік желілер мен интернетте:** бұл категорияны Қостанай (87,0%), Абай (86,8%) және Қарағанды облысы (81,5%) респонденттері жиі көрсетті..

**Үйде:** Алматы (20,3%), Павлодар (19,1%) облыстары, Алматы қ (19,3%).

**Қоғамдық көлікте:** Қызылорда облысы (24,7%), Шымкент қ (20,3%), Абай облысы (18,9%) респонденттері жиі көрсетті.

**Таксиде:** Қызылорда облысы (16,5%), Алматы қаласы (13,4%), Алматы (11,5%) мен Маңғыстау (11,1%) облыстары респонденттері.

**Көшеде:** Батыс Қазақстан (40,0%), Қарағанды (32,4%) облыстары мен Астана қаласынан (35,2%) сауалға қатысушылар.

**Аулада:** Батыс Қазақстан (36,9%), Шығыс Қазақстан (21,0%) облыстары, Алматы (19,7%), Шымкент (19,5%) қалаларының респонденттері.

**Қоғамдық орындарда, кафе, мейрамхана, клуб және т.б.:** Абай (79,2%), Маңғыстау (48,1%), Түркістан (43,4%) облыстары.

**Жұмыс орындары:** бұл категория Алматы (24,3%), Қызылорда (20,0%), Маңғыстау (19,8%) облыстары тарапынан жиі аталды.

**Оқу орнында:** Ақтөбе (93,5%), Қостанай (68,8%), Ұлытау (71,4%) облыстары.

**Армияда:** бұл категорияны тек Атырау облысы (20,8%) мен Шымкент қаласы (1,5%) респонденттері таңдады..

**Кез келген жерде:** тек Қызылорда облысы (1,2%) респонденттері ғана буллинкті кез келген жерде кездестіруге болады деп санайды (№23 кесте).

**№23 кесте. «Сіздің ойыңызша қай жерлерде қорлау, арандату, буллинг жиі кездеседі?» сауалына жауаптардың аймақтар бойынша бөлінуі, %**

| Облыс               | Әлеуметтік желіде, интернетте                      | Үйде    | Қоғамдық көлікте                           | Таксиде | Көшеде           | Аулада |
|---------------------|----------------------------------------------------|---------|--------------------------------------------|---------|------------------|--------|
| Абай                | 86,8                                               | -       | 18,9                                       | -       | 13,2             | 1,9    |
| Ақмола              | 58,1                                               | 2,7     | 14,9                                       | 6,8     | 23,0             | 17,6   |
| Ақтөбе              | 46,2                                               | -       | 5,4                                        | 1,1     | 10,8             | 3,2    |
| Алматы              | 16,2                                               | 20,3    | 16,2                                       | 11,5    | 10,8             | 8,8    |
| Атырауская          | 48,6                                               | -       | 6,9                                        | 5,6     | 25,0             | 11,1   |
| Батыс Қазақстан     | 73,8                                               | 1,5     | 15,4                                       | -       | 40,0             | 36,9   |
| Жамбыл              | 54,5                                               | -       | 5,7                                        | 0,8     | 28,5             | 0,8    |
| Жетісу              | 40,0                                               | 1,5     | 4,6                                        | 1,5     | 15,4             | 4,6    |
| Қарағанды           | 81,5                                               | 0,9     | 18,5                                       | 2,8     | 32,4             | 6,5    |
| Қостанай            | 87,0                                               | 1,3     | 3,9                                        | 1,3     | 14,3             | 9,1    |
| Қызылорда           | 48,2                                               | 18,8    | 24,7                                       | 16,5    | 18,8             | 2,4    |
| Маңғыстау           | 55,6                                               | 9,9     | 3,7                                        | 11,1    | 14,8             | 17,3   |
| Павлодар            | 45,6                                               | 19,1    | 4,4                                        | 2,9     | 22,1             | 14,7   |
| Солтүстік Қазақстан | 72,3                                               | 2,1     | 14,9                                       | -       | 8,5              | 10,6   |
| Түркістан           | 64,5                                               | 6,1     | 18,0                                       | 6,6     | 24,1             | 7,9    |
| Ұлытау              | 47,6                                               | -       | 4,8                                        | -       | 4,8              | -      |
| Шығыс Қазақстан     | 41,9                                               | 1,6     | 12,9                                       | 1,6     | 22,6             | 21,0   |
| Астана қ            | 55,3                                               | 3,1     | 11,9                                       | 4,4     | 35,2             | 10,7   |
| Алматы қ            | 24,8                                               | 19,3    | 12,6                                       | 13,4    | 13,0             | 19,7   |
| Шымкент қ           | 57,1                                               | 15,8    | 20,3                                       | 7,5     | 16,5             | 19,5   |
| Облыс               | Қоғамдық орындарда, кафе, мейрамхана, клубтар т.б. | Жұмыста | Оқу орындарында, мектепте, ЖОО-да және т.б | Армияда | Кез келген жерде | Ж/Қ    |
| Абай                | 79,2                                               | -       | 1,9                                        | -       | -                | -      |
| Ақмола              | 14,9                                               | 1,4     | 39,2                                       | -       | -                | 10,8   |
| Ақтөбе              | 1,1                                                | -       | 93,5                                       | -       | -                | -      |
| Алматы              | 14,9                                               | 24,3    | 29,1                                       | -       | -                | 7,4    |
| Атырау              | 4,2                                                | 4,2     | 16,7                                       | 20,8    | -                | 5,6    |
| Батыс Қазақстан     | 20,0                                               | 18,5    | 32,3                                       | -       | -                | 6,2    |
| Жамбыл              | 22,8                                               | 7,3     | 30,9                                       | -       | -                | 0,8    |
| Жетісу              | 7,7                                                | 4,6     | 53,8                                       | -       | -                | 35,4   |
| Қарағанды           | 12,0                                               | 7,4     | 47,2                                       | -       | -                | 3,7    |
| Қостанай            | 18,2                                               | 9,1     | 68,8                                       | -       | -                | -      |
| Қызылорда           | 30,6                                               | 20,0    | 18,8                                       | -       | 1,2              | 3,5    |
| Маңғыстау           | 48,1                                               | 19,8    | 21,0                                       | -       | -                | 4,9    |
| Павлодар            | 32,4                                               | 13,2    | 45,6                                       | -       | -                | 5,9    |
| Солтүстік Қазақстан | 8,5                                                | 2,1     | 53,2                                       | -       | -                | -      |
| Түркістан           | 43,4                                               | 13,6    | 32,0                                       | -       | -                | 10,1   |
| Ұлытау              | 19,0                                               | -       | 71,4                                       | -       | -                | 4,8    |
| Шығыс Қазақстан     | 30,6                                               | 1,6     | 6,5                                        | -       | -                | 35,5   |
| Астана қ            | 23,9                                               | 9,4     | 53,5                                       | -       | -                | 5,0    |
| Алматы қ            | 16,0                                               | 13,4    | 17,2                                       | -       | -                | 6,3    |
| Шымкент қ           | 32,3                                               | 7,5     | 32,3                                       | 1,5     | -                | 4,5    |

Респонденттердің жартысынан астамы буллингпен еш уақытта кездеспеген. Респонденттер қорлау (18,2%), кемсіту (12,5%), физикалық агрессия (11,5%), жәбірлеу ескертпелері (11,1%) сияқты буллинг жағдайларымен жиі кездескен (№21 диаграмма)

**№21 диаграмма. «Сіз адамдарды мазақ ету (буллинг) немесе қудалау (харассмент) жағдайларымен кездестіңіз бе, кездессеңіз, қандай формада?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдап алатын еді.

Гендерлік тұрғыдан алғанда сұралған ер адамдар әйелдерге қарағанда жәбірлеу, вербалды агрессияға (19,4%, әйелдер – 16,9%), адамдарға физикалық агрессия жасаумен (14,8%, әйелдер – 8,0%) жиі кездесіп отырғанын атап кеткен жөн. Бұл ретте әйелдер ерлерге қарағанда адамдарды кемсітушілікпен жиі кездескен ((14,3%, ер адамдар – 10,8%). (№24 кесте).

**№24 кесте. «Сіз адамдарды мазақ ету (буллинг) немесе қудалау (харассмент) жағдайларымен кездестіңіз бе, кездессеңіз, қандай формада?» сауалына жауаптардың гендерлік тұрғыдан бөлінуі, %**

|                                                  | Мужской | Женский |
|--------------------------------------------------|---------|---------|
| Кемсітушілік                                     | 10,8    | 14,3    |
| Жәбірлеу, вербалды агрессия                      | 19,4    | 16,9    |
| Физикалық агрессия, соққылар, тепкілер және т.б. | 14,8    | 8,0     |
| Жәбірлеуді телефонға түсіру                      | 3,6     | 2,3     |
| Кибербуллинг                                     | 4,1     | 3,9     |
| Қажет емес жанасулар                             | 2,5     | 3,2     |
| Жәбірлеу ескертпелері, мазақ                     | 11,9    | 10,2    |
| Қорқыта немесе қадала қарау                      | 3,9     | 5,4     |
| Жәбірлеу хаттар, мәтіндік хабарламалар, фотолар  | 3,1     | 2,8     |
| Кездескен жоқпын                                 | 54,5    | 57,3    |
| Жауап беру қиын                                  | 4,4     | 4,8     |

Аймақтар тұрғысынан нәтижелер төмендегіні көрсетті:

**Кемсітушілік:** буллингтің бұл түрімен сауалға қатысқан Қарағанды (24,1%), Алматы облыстары (20,3%) және Абай облысының (20,8%) жиі кездескен.

**Қорлау, вербалды агрессия:** Абай (64,2%), Қарағанды (35,2%) және Ақтөбе (32,3%) облысының респонденттері.

**Физикалық агрессия:** Абай (37,7%) мен Батыс Қазақстан облысының (30,8%) респонденттері.

**Қорлауды телефонға түсіру:** бұл жағдаймен Қызылорда облысы(11,8%) респонденттері жиі кездескен..

**Кибербуллинг:** Қарағанды облысының сауалға қатысушылары (21,3%).

**Жағымсыз жанасулар:** харассменттің бұл түрін Түркістан облысының респонденттері жиі көрсетті. (9,2%).

**Жәбірлеу ескертпелері, келемеждеу:** буллингтің бұл түрін сауалға қатысқан Ақтөбе (26,9%), Қостанай (24,7%), Батыс Қазақстан (23,1%) және Абай (22,6%) облыстары респонденттері жиі көрсетті.

**Қорқыта немесе қадала қарау:** Қостанайской облысы (11,7%) респонденттері кездестірген.

**Жәбірлеу хаттар, мәтіндік хабарламалар, фотолар:** Қарағанды облысы респонденттері (13,0%).

Атырау (81,9%), Жамбыл (71,5%) Ұлытау (71,4%) облысынан сауалға қатысушылар буллинг немесе харрасмент көріністерін барынша аз кездестіргендерін атады (№25 кесте).


**№25 кесте. «Сіз адамдарды мазақ ету (буллинг) немесе қудалау (харрасмент) жағдайларымен кездестіңіз бе, кездессеңіз, қандай формада?» сауалына жауаптардың аймақтық тұрғыдан бөлінуі, %**

| Облыс               | Кемсітушілік                   | Қорлау, вербалды агрессия   | Физикалық агрессия, соққы, тепкі, т.б.          | Қорлауды телефонға түсіру | Кибер буллинг   | Жағымсыз жанасу |
|---------------------|--------------------------------|-----------------------------|-------------------------------------------------|---------------------------|-----------------|-----------------|
| Абай                | 20,8                           | 64,2                        | 37,7                                            | 1,9                       | -               | -               |
| Ақмола              | 13,5                           | 21,6                        | 6,8                                             | 1,4                       | 5,4             | 1,4             |
| Ақтөбе              | 1,1                            | 32,3                        | 22,6                                            | -                         | 2,2             | 1,1             |
| Алматы              | 20,3                           | 12,2                        | 7,4                                             | 2,7                       | 4,7             | 3,4             |
| Атырау              | 1,4                            | 1,4                         | 6,9                                             | 2,8                       | 1,4             | -               |
| Батыс Қазақстан     | 16,9                           | 26,2                        | 30,8                                            | 3,1                       | 4,6             | 4,6             |
| Жамбыл              | 6,5                            | 16,3                        | 6,5                                             | 2,4                       | -               | 0,8             |
| Жетісу              | 1,5                            | 13,8                        | 12,3                                            | 1,5                       | -               | 4,6             |
| Қарағанды           | 24,1                           | 35,2                        | 28,7                                            | 1,9                       | 21,3            | 0,9             |
| Қостанай            | 14,3                           | 28,6                        | 6,5                                             | -                         | 11,7            | 1,3             |
| Қызылорда           | 12,9                           | 22,4                        | 17,6                                            | 11,8                      | 4,7             | 2,4             |
| Маңғыстау           | 11,1                           | 8,6                         | -                                               | 1,2                       | 2,5             | -               |
| Павлодар            | 8,8                            | 14,7                        | 8,8                                             | 7,4                       | 5,9             | 4,4             |
| Солтүстік Қазақстан | 8,5                            | 19,1                        | 2,1                                             | -                         | 2,1             | -               |
| Түркістан           | 9,2                            | 10,5                        | 5,3                                             | 2,2                       | 1,8             | 9,2             |
| Ұлытау              | 19,0                           | -                           | 9,5                                             | -                         | -               | -               |
| Шығыс Қазақстан     | 1,6                            | 1,6                         | -                                               | -                         | -               | 1,6             |
| Астана қ            | 13,2                           | 17,6                        | 13,8                                            | 1,9                       | 2,5             | 1,3             |
| Алматы қ            | 20,6                           | 20,2                        | 12,6                                            | 6,3                       | 4,2             | 3,8             |
| Шымкент қ           | 10,5                           | 9,0                         | 5,3                                             | 3,0                       | 1,5             | 2,3             |
| Облыс               | Қорлау ескертпе немесе келемеж | Қорқыта немесе қадала қарау | Жәбірлеу хаттар, мәтіндік хабарлама, фотография | Кездескен жоқпын          | Жауап беру қиын |                 |
| Абай                | 22,6                           | 7,5                         | 1,9                                             | 30,2                      | -               | -               |
| Ақмола              | 6,8                            | 1,4                         | -                                               | 59,5                      | 2,7             | -               |
| Ақтөбе              | 26,9                           | -                           | 6,5                                             | 62,4                      | -               | -               |
| Алматы              | 4,7                            | 2,0                         | 3,4                                             | 44,6                      | 9,5             | -               |
| Атырау              | -                              | 6,9                         | 2,8                                             | 81,9                      | -               | -               |
| Батыс Қазақстан     | 23,1                           | 4,6                         | 1,5                                             | 52,3                      | -               | -               |
| Жамбыл              | 12,2                           | 4,1                         | -                                               | 71,5                      | -               | -               |
| Жетісу              | 9,2                            | 4,6                         | 1,5                                             | 43,1                      | 26,2            | -               |
| Қарағанды           | 14,8                           | 1,9                         | 13,0                                            | 41,7                      | -               | -               |
| Қостанай            | 24,7                           | 11,7                        | 1,3                                             | 54,5                      | -               | -               |
| Қызылорда           | 3,5                            | 4,7                         | 1,2                                             | 62,4                      | 1,2             | -               |
| Маңғыстау           | 9,9                            | 8,6                         | 1,2                                             | 58,0                      | 13,6            | -               |
| Павлодар            | 5,9                            | 7,4                         | 5,9                                             | 66,2                      | 1,5             | -               |
| Солтүстік Қазақстан | 14,9                           | 4,3                         | 6,4                                             | 63,8                      | 4,3             | -               |
| Түркістан           | 10,5                           | 4,8                         | 2,6                                             | 69,3                      | 3,1             | -               |
| Ұлытау              | 19,0                           | -                           | -                                               | 71,4                      | -               | -               |
| Шығыс Қазақстан     | 3,2                            | 3,2                         | -                                               | 67,7                      | 25,8            | -               |
| Астана қ            | 17,6                           | 5,0                         | -                                               | 58,5                      | 1,9             | -               |

|           |     |     |     |      |     |
|-----------|-----|-----|-----|------|-----|
| Алматы қ  | 5,0 | 5,0 | 2,1 | 26,9 | 6,3 |
| Шымкент қ | 6,8 | 4,5 | 6,0 | 68,4 | 1,5 |

Сауалға қатысқан жастардың 27,3%-ы өз туысқаны, досы, әріптесі немесе танысының сексуалды азшылық топтарына жататынын білген жағдайда жақтырмаушылықпен қарайды және олармен араласпауға тырысады, 24,4% -ы қауіппен және сақтықпен қарайды, ал 27,6%-ы сексуалдық бағыт пен сексуалдық азшылық мәселесіне бейжай қарайтындықтарын жеткізді. Респонденттердің тек 7,7%-ы ғана мәселеге қызығушылықпен немесе құптаумен, бейімділікпен қарайтындықтарын (№22 диаграмма) жеткізді.

**№22 диаграмма. «Егер Сіз өз туыстарыңыздың, достарыңыздың, әріптестер мен таныстарыңыздың ішінен бірі сексуалдық азшылыққа жататынын білсеңіз, бұл Сіздің ол адаммен қатынасыңызға қандай ықпалын тигізеді?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Сауалға қатысқан ерлер сексуалдық азшылыққа негативті көзқарасында барынша категориялық пікірде. туысқаны, досы, әріптесі немесе танысының сексуалды азшылық топтарына жататынын білген жағдайда олардың 29,1%-ы оны қабылдамайды (әйелдер – 25,5%). 25,3% респондент ерлер қауіппен және сақтықпен қарайды (әйелдер – 23,4%). Бұл ретте респондент-әйелдердің 4,1%-ы қызығушылықпен қараса (ерлер - 2,8%), 4,9%-ы құптаумен (ерлер - 3,6%). Сауалға қатысқан әйелдердің 31,2%-ы ЛГБТ қауымдастығына жататыны туралы хабардар болу олардың сол адамға қатынасына еш әсер етпейді деп жауап берді (№26 кесте).

**№26 кесте. «Егер Сіз өз туыстарыңыздың, достарыңыздың, әріптестер мен таныстарыңыздың ішінен бірі сексуалдық азшылыққа жататынын білсеңіз, бұл Сіздің ол адаммен қатынасыңызға қандай ықпалын тигізеді?» сауалына жауаптардың гендерлік белгі тұрғысынан бөлінуі, %**

|                                                                 | Ерлер | Әйелдер |
|-----------------------------------------------------------------|-------|---------|
| Жақтырмаймын, енді араласпауға тырысамын                        | 29,1  | 25,5    |
| Қауіппен және сақтана қараймын                                  | 25,3  | 23,4    |
| Қызығушылықпен қараймын                                         | 2,8   | 4,1     |
| Құптаумен, бейімділікпен қараймын                               | 3,6   | 4,9     |
| Менің қатынасыма бұл ешқандай әсер етпейді, мен бұған бейжаймын | 24,1  | 31,2    |
| Кездескен жоқпын                                                | 0,1   | 0,1     |
| Жауап беру қиын                                                 | 15,0  | 10,8    |

Респонденттер көзқарасын аймақтар тұрғысынан қарағанда келесі жайттар байқалды:

- мәселеге **мейлінше оң** (қызығушылықпен немесе құптаумен) қарайтындықтарын Маңғыстау (16,0%) мен Батыс Қазақстан облысы (13,8%) респонденттері жиі көрсетті.
- мәселеге **бейтарап көзқараста** екендіктерін Маңғыстау (54,3%), Ақмола (44,6%), Қостанай (42,9%), Қарағанды (42,6%) облыстарының респонденттері жиі көрсетті.
- Осындай хабарға **теріс** қарайтындықтарын Абай (88,7%), Жамбыл (52,0%) облыстары, Шымкент (40,6%) қаласы респонденттері болды, олар жақтырмаушылықпен қарайды және олармен қатынасты тоқтатады.
- **Қауіппен және сақтана** қарайтындар Ақтөбе (38,7%), Атырау (37,5%), Қостанай (36,4%) мен Батыс Қазақстан (30,8%) облысы респонденттері арасында көбірек болды. (№27 кесте).

Осылайша солтүстік облыстардан басқа шекаралас аймақтардың үлкен бөлігі ЛГБТ қауымдастық мүшелеріне теріс көзқараста екенін білдіріп отыр.

**№27 кесте. «Егер Сіз өз туыстарыңыздың, достарыңыздың, әріптестер мен таныстарыңыздың ішінен бірі сексуалдық азшылыққа жататынын білсеңіз, бұл Сіздің ол адаммен қатынасыңызға қандай ықпалын тигізеді?» сауалына жауаптардың аймақтық тұрғыдан бөлінуі, %**

| Облыс               | Жақтырмаймын, енді араласпауға тырысамын | Қауіптен және сақтықпен қараймын | Қызығушылықпен қараймын | Құптаумен, бейімділікпен қараймын | Менің қатынасыма бұл ешқандай әсер етпейді, мен бұған бейжаймын | Кездескен жоқпын | Ж/Қ  |
|---------------------|------------------------------------------|----------------------------------|-------------------------|-----------------------------------|-----------------------------------------------------------------|------------------|------|
| Абай                | 88,7                                     | 5,7                              | -                       | -                                 | 1,9                                                             | -                | 3,8  |
| Ақмола              | 12,2                                     | 10,8                             | 2,7                     | 6,8                               | 44,6                                                            | 1,4              | 21,6 |
| Ақтөбе              | 22,6                                     | 38,7                             | 1,1                     | 1,1                               | 34,4                                                            | -                | 2,2  |
| Алматы              | 15,5                                     | 25,0                             | 7,4                     | 6,1                               | 22,3                                                            | -                | 23,6 |
| Атырау              | 4,2                                      | 37,5                             | 1,4                     | 2,8                               | 27,8                                                            | -                | 26,4 |
| Батыс Қазақстан     | 16,9                                     | 30,8                             | 13,8                    | -                                 | 35,4                                                            | -                | 3,1  |
| Жамбыл              | 52,0                                     | 20,3                             | -                       | 2,4                               | 24,4                                                            | -                | 0,8  |
| Жетісу              | 12,3                                     | 10,8                             | 1,5                     | -                                 | 21,5                                                            | -                | 53,8 |
| Қарағанды           | 22,2                                     | 13,0                             | 2,8                     | 0,9                               | 42,6                                                            | -                | 18,5 |
| Қостанай            | 10,4                                     | 36,4                             | 1,3                     | 2,6                               | 42,9                                                            | 1,3              | 5,2  |
| Қызылорда           | 32,9                                     | 29,4                             | 3,5                     | 3,5                               | 30,6                                                            | -                | 0,0  |
| Маңғыстау           | 1,2                                      | 9,9                              | 2,5                     | 16,0                              | 54,3                                                            | -                | 16,0 |
| Павлодар            | 16,2                                     | 20,6                             | 5,9                     | -                                 | 35,3                                                            | -                | 22,1 |
| Солтүстік Қазақстан | 29,8                                     | 25,5                             | 6,4                     | 2,1                               | 27,7                                                            | -                | 8,5  |
| Түркістан           | 36,4                                     | 28,5                             | 1,3                     | 7,5                               | 24,1                                                            | -                | 2,2  |
| Ұлытау              | 19,0                                     | 33,3                             | 4,8                     | -                                 | 9,5                                                             | -                | 33,3 |
| Шығыс Қазақстан     | 25,8                                     | 25,8                             | -                       | -                                 | 17,7                                                            | -                | 30,6 |
| Астана қ            | 34,6                                     | 22,6                             | 3,1                     | 3,8                               | 28,9                                                            | -                | 6,9  |
| Алматы қ            | 26,1                                     | 31,5                             | 7,6                     | 6,3                               | 14,7                                                            | -                | 13,9 |
| Шымкент қ           | 40,6                                     | 18,0                             | 0,8                     | 4,5                               | 24,1                                                            | -                | 12,0 |

Сауал нәтижелері респонденттердің басым көпшілігі көрсетілген себептер бойынша шектеулермен, қысым-қыспақпен кездеспегенін көрсетті. Тек аз бөлігі ғана қазақ тілін білмеу мен өз көзқарасын білдіруге қатысты мәселемен кездескенін атады. Елді мекендердегі ұлтаралық қатынасты респонденттер оң бағалап отыр, сонымен бірге 16,3%-ының пікірінше ұлтаралық жанжал, қақтығыс мүмкіндігі байқалады. Бұл ретте Алматы қаласының тұрғындары барынша алаңдаушылық білдірді.

Буллинг негізінен әлеуметтік желілер мен интернетте байқалады. Сексуалды азшылықтарға қатысты респонденттердің 27,3%-ы оны қабылдамайтындықтарын білдірді, 24,4%-ы оған сақтана, қауіптен қарайды, 27,6%-ы бұған бейтарап

көзқараста. Әйелдерге қарағанда ерлерде негативті қабылдау басым. Аймақтар бойынша негативті көзқарас Абай, Жамбыл облыстары мен Шымкент қаласында басым болса, Маңғыстау, Батыс Қазақстан облыстары респонденттері мәселеге қызығушылық, құптауды көбірек білдірді.

### *Қазақстандық жастар арасындағы өзекті трендтер*

Соңғы жылдары технологияның үздіксіз дамуы, тұрақты жаһандану мен цифрландыру үрдісімен жастардың да дәстүрлі бағыт-бағдары мен көзқарастары өзгеруде. Қазақстандық жастар заманауи трендтерді өздерінің күнделікті өміріне енгізу арқылы жаңа жағдайларға бейімделгендіктерін көрсетіп отыр. Бұл трендтер жаһандық өзгерістердің көрінісі ғана емес, сонымен бірге елдегі бірегей әлеуметтік және мәдени ортаны қалыптастырады.

Респонденттердің 51,2%-ының пікірінше қазіргі кездегі қазақстандық жастар арасындағы ең танымал тренд - жоғары ұтқырлық. Сонымен қатар респонденттердің 41,8%-ы ерте еңбек белсенділігін, 36,9%-ы фрилансқа трендті, 31,2%-ы исламдануға, 27,0%-ы отбасылық құндылықтардың өзгерістеріне ( бала санының аздығы, сологамия) трендті атады (№28 кесте).

**№28 кесте. «Қазіргі кезде қазақстандық жастарға тән мейлінше танымал трендтерді көрсетіңіз» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

|                                                                | Пайыздар* |
|----------------------------------------------------------------|-----------|
| Жоғары ұтқырлық                                                | 51,2      |
| Ерте еңбек белсенділігі (қаржылық тәуелсіз болу ниеті)         | 41,8      |
| Фриланс (ішінара немесе қашықтан жұмыс)                        | 36,9      |
| Исламдану                                                      | 31,2      |
| Отбасылық параметрлердің өзгеруі (бала саны аздығы, сологамия) | 27,0      |
| Менталды денсаулыққа қамқорлық                                 | 15,9      |
| Ұлтшылдық                                                      | 14,8      |
| Сексуалды еркіндік                                             | 13,1      |
| Экологиялық активизм                                           | 10,0      |
| Авторитеттердің болмауы                                        | 8,1       |
| Анархизм (билікті мойындамау)                                  | 7,2       |
| Ксенофобия/руссофобия/синофобия                                | 4,9       |
| Милитаризация                                                  | 3,1       |
| Зиянды әдеттер, темекі шегу                                    | 0,2       |
| Көрсетілгендердің бәрі                                         | 0,1       |
| Билер                                                          | 0,1       |
| Әлеуметтік желілер                                             | 0,1       |
| Прокрастинация                                                 | 0,1       |
| Бизнес                                                         | 0,1       |
| Құрдастар арасындағы бәсекелестік                              | 0,1       |
| Патриотизм                                                     | 0,1       |
| Еңбек дағдыларының болмауы                                     | 0,1       |
| Білімнің төмен деңгейі                                         | 0,1       |
| Жетілмегендік                                                  | 0,1       |
| Жұмысты аз істеп, көп табуға ұмтылыс                           | 0,1       |
| Цифрлық технологиялар                                          | 0,1       |
| Салауатты өмір салты                                           | 2,2       |
| Жауап беру қиын                                                |           |

\* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдап ала алатын еді.

Танымал жастар трендтері бойынша респонденттер жауаптарын аймақтар бойынша қарағанда келесі нәтижелер байқалды:

**Жоғары ұтқырлық:** бұл трендті сауалға қатысқан Ақтөбе (80,6%), Павлодар (66,2%), Қостанай (62,3%) облыстары Астана (72,3%) қаласының жастары жиі көрсетті.

**Фриланс, ішінара немесе қашықтан жұмыс:** Солтүстік Қазақстан (61,7%), Шығыс Қазақстан (54,8%), Қызылорда облысының респонденттері (54,1%).

**Ерте еңбек белсенділігі:** бұл трендті сауалға қатысқан Атырау (69,4%), Жамбыл (61,0%) облысы мен Шымкент (60,2%) қаласының респонденттері жиі атады.

**Ұлтшылдық:** Маңғыстау (30,9%), Батыс Қазақстан (29,2%), Шығыс Қазақстан (29,0%) облыстары респонденттерінің пікірі бойынша ұлтшылдық қазіргі жастарға тән.

**Ксенофобия, русофобия, синофобия:** Маңғыстау (9,9%), Ақмола (8,1%) облыстары мен Астана (7,5%) қаласы респонденттері пікірінше төзімділіктің болмауы, өзге адамдарға төзбеушілік - жастарға тән құбылыс..

**Исламдану:** бұл трендті Ұлытау (95,2%), Ақтөбе (80,6%), Қарағанды (50,0%) облыстарының қатысушы жастары жиі көрсетті.

**Экологиялық активизм:** Астана қ (21,4%), Батыс Қазақстан (20,0%), Қостанай (18,2%) облыстары

**Сексуалды еркіндік:** Қарағанды (33,3%), Батыс Қазақстан (30,8%), Павлодар (27,9%), Ақмола (27,0%) облыстары қатысушылары пікірінше бұл тренд жастар арасында танымал.

**Менталды денсаулыққа қамқорлық:** бұл трендті жиі көрсеткендер - Қостанай (48,1%), Солтүстік Қазақстан (29,8%), Ақмола (28,4%) облыстары мен Шымкент (30,1%) қаласының респонденттері.

**Милитаризация:** тренд сауалға қатысушы Қарағанды облысы (14,8%) мен Шымкент қаласы (11,3%) респонденттері арасында танымалдылығы жоғары (№42 кесте).

Жалпы алғанда шекаралас аймақ респонденттеріне барлық жастар трендтері, әсіресе жоғары ұтқырлық, ерте еңбек белсенділігі мен фриланс тән.

**№29 кесте. «Қазіргі кезде қазақстандық жастарға тән мейлінше танымал трендтерді көрсетіңіз» сауалына жауаптардың аймақтар тұрғысынан бөлінуі, %**

| Облыс               | Жоғары ұтқырлық | Фриланс, жарты күн немесе қашықтан жұмыс | Ерте еңбек белсенділігі, қаржылық тәуелсіз болу ниеті | Национализм | Ксенофобия, русофобия, синофобия |
|---------------------|-----------------|------------------------------------------|-------------------------------------------------------|-------------|----------------------------------|
| Абай                | 58,5            | 43,4                                     | 58,5                                                  | 5,7         | -                                |
| Ақмола              | 45,9            | 43,2                                     | 45,9                                                  | 6,8         | 8,1                              |
| Ақтөбе              | 80,6            | 19,4                                     | 23,7                                                  | 4,3         | 1,1                              |
| Алматы              | 38,5            | 45,3                                     | 25,0                                                  | 10,1        | 5,4                              |
| Атырау              | 36,1            | 23,6                                     | 69,4                                                  | 8,3         | -                                |
| Батыс Қазақстан     | 56,9            | 30,8                                     | 49,2                                                  | 29,2        | 4,6                              |
| Жамбыл              | 51,2            | 27,6                                     | 61,0                                                  | 9,8         | 2,4                              |
| Жетісу              | 23,1            | 41,5                                     | 13,8                                                  | 3,1         | -                                |
| Қарағанды           | 50,9            | 32,4                                     | 38,0                                                  | 13,9        | 6,5                              |
| Қостанай            | 62,3            | 45,5                                     | 40,3                                                  | 14,3        | 2,6                              |
| Қызылорда           | 55,3            | 54,1                                     | 49,4                                                  | 14,1        | 4,7                              |
| Маңғыстау           | 48,1            | 28,4                                     | 30,9                                                  | 30,9        | 9,9                              |
| Павлодар            | 66,2            | 41,2                                     | 33,8                                                  | 16,2        | 4,4                              |
| Солтүстік Қазақстан | 57,4            | 61,7                                     | 31,9                                                  | 10,6        | 4,3                              |
| Түркістан           | 52,6            | 27,6                                     | 48,7                                                  | 19,7        | 5,7                              |
| Ұлытау              | 4,8             | 23,8                                     | -                                                     | -           | -                                |
| Шығыс Қазақстан     | 43,5            | 54,8                                     | 37,1                                                  | 29,0        | 4,8                              |
| Астана қ            | 72,3            | 47,8                                     | 57,9                                                  | 17,0        | 7,5                              |
| Алматы қ            | 34,9            | 37,8                                     | 26,1                                                  | 16,8        | 6,7                              |
| Шымкент қ           | 58,6            | 26,3                                     | 60,2                                                  | 15,8        | 4,5                              |

| Облыс               | Исламдану   | Экологиялық активизм | Сексуалды еркінді | Менталды денсаулық қамқорлығы | Милитаризация |
|---------------------|-------------|----------------------|-------------------|-------------------------------|---------------|
| Абай                | 24,5        | 3,8                  | 3,8               | 11,3                          | -             |
| Ақмола              | 12,2        | 13,5                 | <b>27,0</b>       | <b>28,4</b>                   | 5,4           |
| Ақтөбе              | <b>80,6</b> | 8,6                  | 4,3               | 23,7                          | 1,1           |
| Алматы              | 18,9        | 4,1                  | 9,5               | 3,4                           | 1,4           |
| Атырау              | 38,9        | 5,6                  | 1,4               | 2,8                           | -             |
| Батыс Қазақстан     | 12,3        | <b>20,0</b>          | <b>30,8</b>       | 26,2                          | -             |
| Жамбыл              | 47,2        | 1,6                  | 14,6              | 12,2                          | 1,6           |
| Жетісу              | 9,2         | 3,1                  | 3,1               | 9,2                           | -             |
| Қарағанды           | <b>50,0</b> | 7,4                  | <b>33,3</b>       | 12,0                          | <b>14,8</b>   |
| Қостанай            | 15,6        | <b>18,2</b>          | 15,6              | <b>48,1</b>                   | -             |
| Қызылорда           | 32,9        | 10,6                 | 3,5               | 16,5                          | 2,4           |
| Маңғыстау           | 29,6        | 13,6                 | 11,1              | 14,8                          | 2,5           |
| Павлодар            | 27,9        | 16,2                 | <b>27,9</b>       | 11,8                          | 1,5           |
| Солтүстік Қазақстан | 25,5        | 14,9                 | 10,6              | <b>29,8</b>                   | 2,1           |
| Түркістан           | 41,7        | 11,4                 | 13,6              | 14,9                          | 0,4           |
| Ұлытау              | <b>95,2</b> | 4,8                  | 14,3              | 14,3                          | -             |
| Шығыс Қазақстан     | 22,6        | 3,2                  | 1,6               | 1,6                           | -             |
| Астана қ            | 28,3        | <b>21,4</b>          | 18,9              | 22,6                          | 5,0           |
| Алматы қ            | 17,2        | 5,5                  | 7,1               | 5,0                           | 2,9           |
| Шымкент қ           | 26,3        | 12,8                 | 10,5              | <b>30,1</b>                   | <b>11,3</b>   |


Осылайша сауалға қатысушылар пікірінше жоғары ұтқырлық мейлінше танымал жастар тренді болып саналады. Сол сияқты ерте еңбек белсенділігі, фриланс, исламдану мен отбасылық параметрлер өзгерісі де танымал. Жалпы алғанда бұл трендтер мансаптық өсу үшін, жастардың жекелік дамуы, еркіндік пен икемділік дағдыларын дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады және жастардың қазіргі өзгерістерге бейімделуге және өз-өзін іске асыруға деген ұмтылысын білдіреді.

### *Өз-өзін анықтау, тану ерекшеліктері*

Қазіргі қазақстандық жастар түрлі этникалық топтар мен мәдени топтардың қоспасы ретінде этникалық пен ұлттық танудан діни және мәдени тануға дейін өз-өзін анықтаудың сан алуандығын көрсетіп отыр. Жеке өз-өзін тану мен анықтауда этникалық тек пен мәдени дәстүр және тілдік орта маңызды орын алады.

Респонденттерге бірінші кезекте олар өз-өзін қандай белгілермен анықтайтыны туралы сұрақ қойылды. Респонденттер бірінші кезекте өздерін ұлтқа (50,1%), жынысына (49,6%), жас тобына (41,8%) қарай таниды. 19,9%-ы өздерін дінмен, 19,3%-ы тұру аймағымен таниды. Сұралғандардың 14,8%-ы өздерін кіші отанмен, 12,7%-ы өз руымен бірлікте көреді (№23 диаграмма).

**№23 диаграмма. «Сіз өзіңізді бірінші кезекте қандай белгімен танысыз, анықтайсыз?» сауалына жауаптардың, %**



\* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдап ала алатын еді.

Ортақтық/бірлікте болу сезіміне келсек, респонденттер бірінші кезекте Қазақстан азаматтарымен ортақтық сезімін бастан кешіреді (39,3%). Сұралғандардың 17,3%-ы өз қала/ауылы адамдарымен, 14,7%-ы өз қатарластарымен бірлікті сезінетіндіктерін жеткізді. Өз этнос тобы адамдарымен ортақтықты респонденттердің 10,3%-ы сезінеді.

2022 және 2024 жыл нәтижелерін салыстырсақ, 2022 жылы респонденттерде жауаптың бірнеше нұсқасын таңдау мүмкіндігі болса, 2024 жылы қатысушылар тек бір жауапты таңдады. Солай болса да, барынша жиі аталған топ-3 жауаптар бойынша нәтижелерді салыстырған жөн.

Осы тұрғыдан алғанда азаматтық бірегейлік респонденттер арасында бірінші орында қалғаны аталды (2022 жылы – 48,8%, 2024 жылы – 39,3%). 2022 жылғы сауалда өз замандастарымен бірлік екінші орында (44,2%) болса, 2024 жылы бұл нұсқа үшінші орын (14,7%) алды. 2022 жылы өз қаласы, ауылы адамдарымен бірлікте болу үшінші орында (42,7%) болды, ал осы жауап 2024 жыл сауалында екінші орыннан көрінді (17,3%) (№24 диаграмма).

**№24 диаграмма. «Келесі топ адамдарының қайсысымен Сіз бірінші кезекте ортақтық/бірлікті сезінесіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, 2022 және 2024 жылдардың салыстырмалы деректері, %**



Елді мекен типі тұрғысынан өздерін Қазақстанның бірегей азаматы ретінде сезіну (41,7%, қала – 37,9%) және өз қаласы, ауылы адамдарымен бірлікте болу (21,5%, қала – 14,8%) қалалықтарға қарағанда ауыл тұрғындарында басым екені аталды. Өз кезегінде қала респонденттері ауылдықтармен салыстырғанда өз этносы адамдарымен бірлік (11,0%, ауыл – 9,3%) пен өз замандастарымен бірлікті (15,7%, ауыл – 13,1%) жиі атады (№30 кесте).

**№30 кесте. «Келесі топ адамдарының қайсысымен Сіз бірінші кезекте ортақтық/бірлікті сезінесіз?» сауалына жауаптардың елді мекен типі тұрғысынан бөлінуі, %**

|                                               | Қала | Ауыл |
|-----------------------------------------------|------|------|
| Қазақстан азаматтарымен                       | 37,9 | 41,7 |
| Өз қала/ауылыңыздың адамдарымен               | 14,8 | 21,5 |
| Өз этносыңыздың адамдарымен                   | 11,0 | 9,3  |
| Сіздің тіліңізде сөйлейтін адамдармен         | 7,5  | 6,6  |
| Өз кәсібіңіздің адамдарымен, әріптестермен    | 4,6  | 3,1  |
| Өз замандастарыңызбен                         | 15,7 | 13,1 |
| Өз дініңіздің адамдарымен                     | 1,4  | 2,1  |
| Өзіңізбен саяси көзқарастары жақын адамдармен | 3,4  | 0,8  |
| Көрсетілгендердің бәрімен                     | -    | 0,4  |
| Ешкіммен емес                                 | -    | 0,1  |
| Бүкіл планетамен                              | 0,1  | -    |
| Туыстармен                                    | 0,2  | -    |
| Барлық адамдармен                             | 0,2  | -    |
| Жауап беру қиын                               | 3,2  | 1,2  |

Қазақстан азаматтарымен бірлікті 29-34 жас респонденттері бәрінен көбірек атады – 41,3%. Өз қаласы/ауылы адамдарымен бірлікті 29-34 жас (18,7%) пен 19-23 жас (18,0%) респонденттері жиі атады. Сауалға қатысқан 14-18 жас пен 24-28 жас респонденттері өз этносы адамдарымен бірлікті жиі көрсетті, осы нұсқаны таңдаған әр жас тобы респонденттері 11,5%-дан болды.

29-34 жас респонденттері өз тілінде сөйлейтін адамдармен бірлікті жиі көрсетсе (8,5%) 19-23 жас тобының 5,7%-ы өз кәсібі адамдарымен бірлікті

сезінетіндіктерін жеткізді. Өз замандастарымен бірлік туралы айтқан 14-18 жас тобы қатысушылары - 18,6%. (№31 кесте).

**№31 кесте. «Келесі топ адамдарының қайсысымен Сіз бірінші кезекте ортақтық/бірлікті сезінесіз?» сауалына жауаптардың жас топтары тұрғысынан бөлінуі, %**

|                                               | 14-18 жас   | 19-23 жас   | 24-28 жас   | 29-34 жас   |
|-----------------------------------------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
| Қазақстан азаматтарымен                       | 39,2        | 36,2        | 39,9        | <b>41,3</b> |
| Өз қала/ауылыңыздың адамдарымен               | 15,0        | <b>18,0</b> | 17,7        | <b>18,7</b> |
| Өз этносыңыздың адамдарымен                   | <b>11,5</b> | 10,9        | <b>11,5</b> | 8,3         |
| Сіздің тіліңізде сөйлейтін адамдармен         | 7,5         | 7,1         | 5,0         | <b>8,5</b>  |
| Өз кәсібіңіздің адамдарымен, әріптестермен    | 1,9         | <b>5,7</b>  | 3,8         | 4,7         |
| Өз замандастарыңызбен                         | <b>18,6</b> | 14,2        | 14,6        | 12,1        |
| Өз діңіңіздің адамдарымен                     | 1,3         | 1,9         | 1,0         | 2,2         |
| Өзіңізбен саяси көзқарастары жақын адамдармен | 2,3         | 3,5         | 2,4         | 1,7         |
| Көрсетілгендердің бәрімен                     | -           | -           | 0,5         | 0,2         |
| Ешкіммен емес                                 | -           | -           | 0,2         | -           |
| Бүкіл планетамен                              | -           | -           | -           | 0,2         |
| Туыстармен                                    | -           | -           | -           | 0,3         |
| Барлық адамдармен                             | -           | -           | 0,5         | 0,2         |
| Жауап беру қиын                               | 2,7         | 2,6         | 3,1         | 1,7         |

Этникалық топтар тұрғысынан алғанда ел азаматтарымен бірлікті қазақтар көбірек сезінеді (40,3%, орыстар – 36,6%, өзгелер – 33,9%). Өз қаласы/ауылы адамдарымен бірлік сезімі сұралған орыстарда жоғары (21,8%, өзгелер – 19,8%, қазақтар – 16,4%). Өз этносы адамдарымен бірлікте болу сезімі сауалға қатысқан қазақтарда жоғары (11,6%, орыстар – 5,6%, өзгелер – 5,0%), сол сияқты өз ана тілінде сөйлейтін адамдармен де ортақтық, жақындық қазақтарда басым (7,5%, орыстар – 6,7%, өзгелер – 5,0%).

Өзге этнос өкілдері (6,6%) қазақтар (3,9%) мен орыстарға (3,5%) қарағанда өз кәсібі адамдарымен бірлікті жиірек көрсетті. Өз замандастарымен бірлікті орыстар (20,4%) мен өзге этникалық топ өкілдері (20,7%, қазақтар – 13,3%) жиі атады. Сауалға қатысушы өзге этнос өкілдері басқалармен салыстырғанда саяси көзқарастары жақын адамдармен бірлікте болуды (5,0%) көбірек сезінеді (қазақтар – 2,3%, орыстар – 1,8%) (№32 кесте).

**№32 кесте. «Келесі топ адамдарының қайсысымен Сіз бірінші кезекте ортақтық/бірлікті сезінесіз?» сауалына жауаптардың этникалық топтар тұрғысынан бөлінуі, %**

|                                               | Қазақтар    | Орыстар     | Өзгелер     |
|-----------------------------------------------|-------------|-------------|-------------|
| Қазақстан азаматтарымен                       | <b>40,3</b> | 36,6        | 33,9        |
| Өз қала/ауылыңыздың адамдарымен               | 16,4        | <b>21,8</b> | 19,8        |
| Өз этносыңыздың адамдарымен                   | <b>11,6</b> | 5,6         | 5,0         |
| Сіздің тіліңізде сөйлейтін адамдармен         | <b>7,5</b>  | 6,7         | 5,0         |
| Өз кәсібіңіздің адамдарымен, әріптестермен    | 3,9         | 3,5         | <b>6,6</b>  |
| Өз замандастарыңызбен                         | 13,3        | <b>20,4</b> | <b>20,7</b> |
| Өз діңіңіздің адамдарымен                     | 1,8         | -           | 3,3         |
| Өзіңізбен саяси көзқарастары жақын адамдармен | 2,3         | 1,8         | <b>5,0</b>  |
| Көрсетілгендердің бәрімен                     | 0,1         | 0,4         | -           |
| Ешкіммен емес                                 | -           | 0,4         | -           |
| Бүкіл планетамен                              | -           | 0,4         | -           |
| Туыстармен                                    | 0,1         | 0,4         | -           |
| Барлық адамдармен                             | 0,1         | 0,4         | -           |
| Жауап беру қиын                               | 2,7         | 1,8         | 0,8         |

Аймақтық тұрғыдан алғанда әр нұсқа бойынша келесі нәтижелер байқалды:

- **Қазақстан азаматтарымен бірлікті** бөрінен жоғары сезінетін респонденттер - Абай (66,0%), Түркістан (53,1%), Ұлытау (52,4%), Жетісу (52,3%), Жамбыл (51,2%), Солтүстік Қазақстан (51,1%), Қарағанды (50,0%) облысынан болды;
- **өз қала/ауылдас адамдармен бірлікте болуды** Ақмола облысы (31,1%), Алматы қ (30,3%) және Жамбыл (28,5%), Абай (24,5%), Алматы (23,6%) Қарағанды (21,3%) облыстары респонденттері жиі атады;
- **өз этносы адамдарымен жақындықты** сауалға қатысқан Ақтөбе (38,7%) мен Павлодар (20,6%) облысының жастары жиі көрсетті ;
- **өз тілінде сөйлейтін адамдармен** бірлесу сезімі Маңғыстау (16,0%), Павлодар (15,3%) облыстары мен Алматы (12,2%) қаласы респонденттерінде жиі байқалды; ;
- **өз кәсібі адамдарымен бірлік** Қостанай облысы (10,4%) респонденттерінде жиі аталды;
- **өз замандастарымен бірлікте болуды** Батыс Қазақстан облысының (36,9%), Астана қаласының (34,0%) және Ұлытау облысының (33,3%); респондент-тұрғындары жақсы сезінуде;
- **өз дініндегі адамдармен бірлікте болуды** Ақтөбе облысының (7,5%) сауалға қатысушы жастары жиі атады;
- саяси көзқарасы жақын адамдармен бірлесуді сезіну Шымкент қаласының респонденттерінде басым (18,0%) ( №33 кесте).

**№33 кесте. «Келесі топ адамдарының қайсысымен Сіз бірінші кезекте ортақтық/бірлікті сезінесіз?» сауалына жауаптардың аймақтар бойынша бөлінуі, %**

| Облыс               | Қазақстан азаматтарымен | Өз қала/ауылды адамдарымен | Өз этносдың адамдарымен | Сіздің тілде сөйлейтін адамдармен | Өз кәсібіңіздің адамдарымен | Өз замандастарыңызбен | Өз дінінің адамдарымен | Сізбен саяси көзқарасы жақын адамдармен |
|---------------------|-------------------------|----------------------------|-------------------------|-----------------------------------|-----------------------------|-----------------------|------------------------|-----------------------------------------|
| Абай                | 66,0                    | 24,5                       | 3,8                     | -                                 | 1,9                         | 3,8                   | -                      | -                                       |
| Ақмола              | 37,8                    | 31,1                       | 16,2                    | 2,7                               | -                           | 9,5                   | -                      | 1,4                                     |
| Ақтөбе              | 33,3                    | 8,6                        | 38,7                    | 3,2                               | -                           | 7,5                   | 7,5                    | 1,1                                     |
| Алматы              | 41,9                    | 23,6                       | 16,2                    | 4,7                               | 6,1                         | 3,4                   | 1,4                    | 0,7                                     |
| Атырау              | 33,3                    | 18,1                       | 15,3                    | 15,3                              | 4,2                         | 12,5                  | -                      | -                                       |
| Батыс Қазақстан     | 27,7                    | 18,5                       | 6,2                     | 3,1                               | 3,1                         | 36,9                  | -                      | -                                       |
| Жамбыл              | 51,2                    | 28,5                       | 1,6                     | 4,1                               | 2,4                         | 5,7                   | 3,3                    | 1,6                                     |
| Жетісу              | 52,3                    | 13,8                       | 1,5                     | 3,1                               | 4,6                         | 10,8                  | -                      | -                                       |
| Қарағанды           | 50,0                    | 21,3                       | 1,9                     | 4,6                               | 0,9                         | 18,5                  | 0,9                    | 0,9                                     |
| Қостанай            | 40,3                    | 16,9                       | 2,6                     | 3,9                               | 10,4                        | 22,1                  | -                      | 3,9                                     |
| Қызылорда           | 37,6                    | 18,8                       | 9,4                     | 10,6                              | 4,7                         | 18,8                  | -                      | -                                       |
| Маңғыстау           | 11,1                    | 11,1                       | 19,8                    | 16,0                              | 4,9                         | 28,4                  | 1,2                    | 1,2                                     |
| Павлодар            | 25,0                    | 19,1                       | 20,6                    | 11,8                              | 2,9                         | 20,6                  | -                      | -                                       |
| Солтүстік Қазақстан | 51,1                    | 10,6                       | 8,5                     | 4,3                               | 6,4                         | 10,6                  | 4,3                    | -                                       |
| Түркістан           | 53,1                    | 8,3                        | 2,6                     | 9,6                               | 5,3                         | 14,5                  | 2,2                    | 3,5                                     |
| Ұлытау              | 52,4                    | -                          | -                       | -                                 | 9,5                         | 33,3                  | 4,8                    | -                                       |
| Шығыс Қазақстан     | 38,7                    | 6,5                        | 1,6                     | 4,8                               | 1,6                         | 6,5                   | -                      | -                                       |
| Астана қ            | 29,6                    | 11,9                       | 10,7                    | 5,0                               | 3,8                         | 34,0                  | 1,3                    | 3,1                                     |
| Алматы қ            | 28,6                    | 30,3                       | 17,2                    | 12,2                              | 4,2                         | 4,6                   | 1,7                    | 0,4                                     |
| Шымкент қ           | 40,6                    | 4,5                        | 3,0                     | 7,5                               | 4,5                         | 17,3                  | 3,0                    | 18,0                                    |

Осылайша қазақстандық жастардың өз-өзін тануын талдау жастардың өзін анықтайтын басты белгілері ұлты, жынысы және жасы екенін анықтады. Сауалға қатысқан қазақтар өз-өзін танудың этникалық сипатына бейімдеу болса, орыстар мен өзге этнос өкілдері замандастар мен тұру орындарымен бірлікте болуды көбірек көрсетуде. Аймақтық ерекшеліктер Қазақстан азаматтарымен бірлікті болуды сезінудің ең жоғары көрсеткіші Абай облысы шекаралас аймағында болғанын, ал тұрғылықты жерге қатысты ең жоғары көрсеткіштер Ақмола облысы мен Алматы қаласында болғанын көрсетті.


## 2. МИГРАЦИЯНЫҢ ШЕШУШІ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

### *Жастар арасындағы миграциялық көңіл-күй (ниеттер мен көзқарастар)*

Қазақстан жастары арасындағы миграциялық көңіл-күй ниеттер мен көзқарастардың алуан түрлілігімен сипатталуы мүмкін, ол көшу шешімін қабылдауға ықпал ететін түрлі факторларды білдіреді. Миграциялық көңіл-күй аймақтарға қатысты өзгеріп тұруы заңды, өйткені ол өмір деңгейінің айырмашылықтарымен, экономикалық даму мен мәдени ерекшеліктермен байланысты. Өз өмір жағдайларын жақсартуға және жаңа мүмкіндіктерді табуға ұмтылысында жастар өз елінің өзге аймақтарын бағындыруға ғана емес, өзге елдерге де шығуға әрекет жасайды.

Респонденттердің көпшілігі (61,5%) қазақстандық жастардың өзге елдерге оқуға кетіп жатқанына оң көзқараста («оң» + «оң деуге болады»). 8,6%-ы қолдамайды («теріс деуге болады» + «теріс»). Сауалға қатысушылардың 27,9%-ы бұған бейтарап. 2022 жыл нәтижелерімен салыстырғанда респонденттер оқу миграциясына қатысты позитивті бола түскен, 2024 жылы өздерінің оң көзқарастарын білдіргендер 7,8%-ға көбейген (2022 жылы 53,7%). №25 диаграмма).

**№25 диаграмма. «Айтыңызшы, жас қазақстандықтардың оқу/білім алу үшін Қазақстаннан өзге елдерге кетіп жатқанына Сіз қалай қарайсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Шетелдік білім алуға мейлінше оң көзқарасты 19-23 жас (66,9%) пен 14-18 жас (65,3%) топтары респонденттері білдірді. Сауалға қатысушы 29-34 жас тобының 11,0%-ы мәселеге теріс көзқараста екенін өзге жас топтарына қарағанда жиі атады. Бейтарап көзқарасты сауалға қатысқан 24-28 жас тобы (32,7%) жиі білдірді (№34 кесте).

**№34 кесте. «Айтыңызшы, жас қазақстандықтардың оқу/білім алу үшін Қазақстаннан өзге елдерге кетіп жатқанына Сіз қалай қарайсыз?» сауалына жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %**

|                                   | 14-18 жас   | 19-23 жас   | 24-28 жас  | 29-34 жас   |
|-----------------------------------|-------------|-------------|------------|-------------|
| Оң                                | 45,1        | 42,3        | 37,2       | 35,5        |
| Оң деуге болады                   | 20,2        | 24,6        | 19,8       | 22,1        |
| <b>Оң + оң деуге болады</b>       | <b>65,3</b> | <b>66,9</b> | <b>57</b>  | <b>57,6</b> |
| Бейтарап                          | 26,9        | 22,9        | 32,7       | 29,0        |
| Теріс деуге болады                | 2,5         | 2,8         | 4,1        | 3,9         |
| Теріс                             | 3,5         | 4,7         | 4,8        | 7,1         |
| <b>Теріс деуге болады + теріс</b> | <b>6</b>    | <b>7,5</b>  | <b>8,9</b> | <b>11</b>   |
| Жауап беруге қиын                 | 1,9         | 2,6         | 1,4        | 2,4         |

Этникалық топтар арасында қазақтарда өзгелерге қарағанда оң бағалау жиі кездесті (62,2%, орыс – 57,4%, өзгелер - 62,0%). Сол сияқты теріс бағалау да осы топ респонденттерінде жоғары (8,9%, орыстар - 7,1%, өзгелер – 7,4%). Бейтарап көзқарасты өзгелерден гөрі орыстар жиі білдірді (34,2%, қазақтар – 26,7%, өзгелер – 29,8%) ( №35 кесте).

**№35 кесте. «Айтыңызшы, жас қазақстандықтардың оқу/білім алу үшін Қазақстаннан өзге елдерге кетіп жатқанына Сіз қалай қарайсыз?» сауалына жауаптардың этникалық топтар бойынша бөлінуі, %**

|                                   | Қазақтар    | Орыстар     | Өзгелер    |
|-----------------------------------|-------------|-------------|------------|
| Оң                                | 40,8        | 30,6        | 48,8       |
| Оң деуге болады                   | 21,4        | 26,8        | 13,2       |
| <b>Оң + оң деуге болады</b>       | <b>62,2</b> | <b>57,4</b> | <b>62</b>  |
| Бейтарап                          | 26,7        | 34,2        | 29,8       |
| Теріс деуге болады                | 3,6         | 1,8         | 4,1        |
| Теріс                             | 5,3         | 5,3         | 3,3        |
| <b>Теріс деуге болады + теріс</b> | <b>8,9</b>  | <b>7,1</b>  | <b>7,4</b> |
| Жауап беруге қиын                 | 2,3         | 1,4         | 0,8        |

Аймақтық тұрғыдан көрсеткіштер:

- шетелдік білім алуға барынша **оң көзқарастарын** білдіргендер - Ұлытау (100,0%,) Ақтөбе (96,7%), Жамбыл (81,3%) және Батыс Қазақстан (80,0%) облыстарының респонденттері;
- **теріс көзқарасты** көбірек білдіргендер - Маңғыстау (20,9%), Алматы (18,9%), Костанай (16,9%), Жетісу (15,4%) облыстары мен Алматы қаласы (17,6%) респонденттері;
- **бейтарап көзқарасты** Қостанай (44,2%), Солтүстік Қазақстан (40,4%) Абай (43,4%), Жетісу (41,5%) облыстары респонденттері білдірді ( №36 кесте).

**№36 кесте. «Айтыңызшы, жас қазақстандықтардың оқу/білім алу үшін Қазақстаннан өзге елдерге кетіп жатқанына Сіз қалай қарайсыз?» сауалына жауаптардың аймақтар бойынша бөлінуі, %**

|                 | Оң   | Оң деуге болады |      | Бейтарап | Теріс деуге болады | Теріс |      | Жауап беру қиын |
|-----------------|------|-----------------|------|----------|--------------------|-------|------|-----------------|
| Абай            | 28,3 | 28,3            | 56,6 | 43,4     | -                  | -     | -    | -               |
| Ақмола          | 43,2 | 23,0            | 66,2 | 29,7     | 1,4                | -     | 1,4  | 2,7             |
| Ақтөбе          | 76,3 | 20,4            | 96,7 | 3,2      | -                  | -     | -    | -               |
| Алматы          | 19,6 | 29,7            | 49,3 | 20,9     | 4,7                | 14,2  | 18,9 | 10,8            |
| Атырау          | 37,5 | 20,8            | 58,3 | 36,1     | -                  | 5,6   | 5,6  | -               |
| Батыс Қазақстан | 50,8 | 29,2            | 80   | 20,0     | -                  | -     | -    | -               |
| Жамбыл          | 75,6 | 5,7             | 81,3 | 13,0     | 3,3                | 2,4   | 5,7  | -               |
| Жетісу          | 18,5 | 15,4            | 33,9 | 41,5     | 4,6                | 10,8  | 15,4 | 9,2             |
| Қарағанды       | 24,1 | 33,3            | 57,4 | 33,3     | 3,7                | 5,6   | 9,3  | -               |
| Қостанай        | 20,8 | 18,2            | 39   | 44,2     | 10,4               | 6,5   | 16,9 | -               |
| Қызылорда       | 38,8 | 22,4            | 61,2 | 28,2     | -                  | 5,9   | 5,9  | 4,7             |

|                     |      |      |      |      |     |      |      |     |
|---------------------|------|------|------|------|-----|------|------|-----|
| Маңғыстау           | 34,6 | 11,1 | 45,7 | 30,9 | 8,6 | 12,3 | 20,9 | 2,5 |
| Павлодар            | 36,8 | 20,6 | 57,4 | 38,2 | 2,9 | 1,5  | 4,4  | -   |
| Солтүстік Қазақстан | 29,8 | 29,8 | 59,6 | 40,4 | -   | -    | -    | -   |
| Түркістан           | 50,4 | 14,9 | 65,3 | 27,6 | 4,4 | 2,6  | 7    | -   |
| Ұлытау              | 66,7 | 33,3 | 100  | -    | -   | -    | -    | -   |
| Шығыс Қазақстан     | 53,2 | 16,1 | 69,3 | 29,0 | -   | 1,6  | 1,6  | -   |
| Астана қ            | 30,8 | 25,8 | 56,6 | 37,7 | 1,9 | 3,1  | 5    | 0,6 |
| Алматы қ            | 29,4 | 26,9 | 56,3 | 21,8 | 7,1 | 10,5 | 17,6 | 4,2 |
| Шымкент қ           | 45,9 | 18,8 | 64,7 | 30,8 | 0,8 | 3,0  | 3,8  | 0,8 |


Өз отандастарының шетелдегі табыстарын естіген респонденттердің 47,9%-ында олар үшін мақтаныш сезімі болса, 15,2%-ында ешқандай ой, эмоция болмайды (№26 диаграмма).

**№26 диаграмма. «Біздің отандастарымыздың шетелдегі табыстары туралы естігенде Сіз қандай ойда боласыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**




Сұралғандардың 73,2%-ы өз мамандықтарымен мансаптық табысқа жету Қазақстанда жеңіл болады деп санайды. 10,9%-ы өздеріне басқа елде жеңіл болатынын атады. Бұл ретте басқа елдер қатарында Ресей (36 респ.), АҚШ (32 респ.) және Түркия (19 респ.) жиі аталды (№27 диаграмма).

**№27 диаграмма. «Қалай ойлайсыз, Сіздің мамандығыңызбен (біліммен) мансаптық табысқа қол жеткізу қай жерде жеңіл болады?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Респонденттердің 18,2%-ы тұрғылықты жерлерінен көшуді қалайды, ал 80,8%-ында ондай ниет жоқ (№28 диаграмма).

**№28 диаграмма. «Сіз өз тұрғылықты жеріңізден көшкіңіз келе ме?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Көшуді қалайтын респонденттер арасында 20,0%-ы әйелдер, 16,4%-ы ер адамдар. Елді мекен типтері тұрғысынан қала респонденттері арасында көшуді қалайтындар - 20,1%, ауылдықтар арасында – 15,0% (№37 кесте).

**№37 кесте. «Сіз өз тұрғылықты жеріңізден көшкіңіз келе ме?» сауалына жауаптардың гендерлік тұрғыдан бөлінуі, %**

|                            | Ер адамдар | Әйелдер | Қала | Ауыл |
|----------------------------|------------|---------|------|------|
| Иә                         | 16,4       | 20,0    | 20,1 | 15,0 |
| Жоқ                        | 82,4       | 79,1    | 78,7 | 84,2 |
| Жауап беру қиын, жауап жоқ | 1,2        | 0,9     | 1,2  | 0,8  |

Елден кету ниетін өзгелерге қарағанда ең жас топ (14-18 жас) респонденттері жиі көрсетті (21,7%). 19-23 жас тобы арасында көшу ойын білдіргендер - 20,1% Сауалға қатысушы үлкендеу жас топтарында шетелге кету ойын білдіргендер аздау болды, 24-28 жас тобы – 16,2%, 29-34 жас тобы – 15,4% (№38 кесте).

**№38 кесте. «Сіз өз тұрғылықты жеріңізден көшкіңіз келе ме?» сауалына жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %**

|                            | 14-18 жас | 19-23 жас | 24-28 жас | 29-34 жас |
|----------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Иә                         | 21,7      | 20,1      | 16,2      | 15,4      |
| Жоқ                        | 77,0      | 79,0      | 82,6      | 83,8      |
| Жауап беру қиын, жауап жоқ | 1,3       | 0,9       | 1,2       | 0,8       |

Этникалық топтар тұрғысынан өз тұрғылықты жерлерінен көшкісі келмейтіндер қазақ ұлты респонденттері арасында басым, көрсеткіш – 83,9% (орыстар – 69,4%, өзгелер - 66,1%) (№39 кесте).

**№39 кесте. «Сіз өз тұрғылықты жеріңізден көшкіңіз келе ме?» сауалына жауаптардың этникалық топтар бойынша бөлінуі, %**

|                            | Қазақ | Орыс | Өзгелер |
|----------------------------|-------|------|---------|
| Иә                         | 15,3  | 29,9 | 28,9    |
| Жоқ                        | 83,9  | 69,4 | 66,1    |
| Жауап беру қиын, жауап жоқ | 0,8   | 0,7  | 5,0     |

Аймақтар бойынша көшу ниеті бар сауалға қатысушыларды шартты түрде әлеуетті миграциялық ағын белсенділігінің үш тобына бөлуге болады: жоғары белсенділік (40,0% және одан жоғары), орташа белсенділік (20,0%-дан 40,0%-ға дейін), төмен белсенділік (20,0%-ға дейін). Бұл ретте осы мәселеде ішкі және сыртқы миграцияға ұмтылыстар бірге ескерілді.

- **жоғары белсенділік тобына** Батыс Қазақстан облысы (43,1%) мен Жетісу облысы (40,0%) кірді;

- **орташа белсенділік тобында:** Павлодар (29,4%), Қарағанды (26,9%), Ақтөбе (25,8%), Ұлытау (23,8%), Түркістан (23,7%), Жамбыл (23,6%), Қызылорда (20,0%) облыстары мен Астана қаласы (22,6%);
- **төмен миграциялық ағын тобына** Солтүстік Қазақстан (19,1%), Атырау (18,1%), Қостанай (15,6%), Маңғыстау (14,8%), Абай (7,5%), Ақмола (5,4%), Шығыс Қазақстан (4,8%), Алматы (2,0%) облыстары мен Алматы қаласы кірді (6,3%) ( №40 кесте).

**Таблица №40. «Сіз өз тұрғылықты жеріңізден көшкіңіз келе ме?» сауалына жауаптардың аймақтар бойынша бөлінуі, %**

|                     | Иә   | Жоқ  | Жауап беру қиын |
|---------------------|------|------|-----------------|
| Абай                | 7,5  | 92,5 | -               |
| Ақмола              | 5,4  | 91,9 | 2,7             |
| Ақтөбе              | 25,8 | 74,2 | -               |
| Алматы              | 2,0  | 95,9 | 2,0             |
| Атырау              | 18,1 | 80,6 | 1,4             |
| Батыс Қазақстан     | 43,1 | 56,9 | -               |
| Жамбыл              | 23,6 | 76,4 | -               |
| Жетісу              | 40,0 | 56,9 | 3,1             |
| Қарағанды           | 26,9 | 72,2 | 0,9             |
| Қостанай            | 15,6 | 84,4 | -               |
| Қызылорда           | 20,0 | 77,6 | 2,4             |
| Маңғыстау           | 14,8 | 84,0 | 1,2             |
| Павлодар            | 29,4 | 63,2 | 7,4             |
| Солтүстік Қазақстан | 19,1 | 80,9 | -               |
| Түркістан           | 23,7 | 75,9 | 0,4             |
| Ұлытау              | 23,8 | 71,4 | 4,8             |
| Шығыс Қазақстан     | 4,8  | 93,5 | 1,6             |
| Астана қ            | 22,6 | 77,4 | -               |
| Алматы қ            | 6,3  | 93,7 | -               |
| Шымкент қ           | 15,8 | 83,5 | 0,8             |

Респонденттердің материалдық жағдайын ескергенде елден кетуге табыс деңгейі жоғары респонденттер мейлінше ниетті екені байқалады (21,7%). Материалдық табыс деңгейі орта позициядағы сауалға қатысушылар арасында көшу ниеті барлығын білдіргендер - 16,6%, материалдың жағдайы нашар респонденттер арасында ниеттілер – 18,3% (№41 кесте).

**№41 кесте. «Сіз өз тұрғылықты жеріңізден көшкіңіз келе ме?» сауалына жауаптардың материалдық деңгей бойынша бөлінуі, %**

|                            | Жақсы <sup>8</sup> | Орташа <sup>9</sup> | Нашар <sup>10</sup> | Жауап беру қиын |
|----------------------------|--------------------|---------------------|---------------------|-----------------|
| Иә                         | 21,7               | 16,6                | 18,3                | 41,7            |
| Жоқ                        | 77,6               | 82,1                | 81,2                | 50,0            |
| Жауап беру қиын, жауап жоқ | 0,8                | 1,3                 | 0,5                 | 8,3             |

Қазақстан жастары арасындағы миграциялық көңіл-күйді талдай отырып, келесі тенденцияларды бөліп көрсетуге болады:

Өзге елдерге оқу миграциясына оң көзқарас білдірген респонденттер 61,5% болды, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 7,8 пайыздық пунктке жоғары. Оқу миграциясына мейлінше оң көзқарас Ақтөбе, Жамбыл және Батыс Қазақстан

<sup>8</sup> «жақсы» = «Ақша өзіме керектің бәріне жетеді» және «ұзақ мерзімді тауарлардың (теледидар, тоңазытқыш т.б) көпшілігін алу еш қиындық тудырмайды» категориялары деректерінің орта мағынасы

<sup>9</sup> «орташа» = «ақша тек тамақ өнімдерін алуға жетеді, бірақ коммуналдық қызмет төлеміне қалмайды»

<sup>10</sup> «нашар» = «ақша тек тамақ өнімдерін алуға жетеді, бірақ коммуналдық қызмет төлеміне қалмайды» және «Ақша тіпті тамақ өнімдеріне де жетпейді, үнемі қарызда өмір сүруге тура келеді»

облыстарында байқалса, Маңғысту, Алматы және Қостанай облыстары респонденттері керісінше мәселеге мейлінше теріс ұстаным білдіргендер қатарында болды.

14-18 жастағы жастарда көшу қозғалысына барынша ұмтылыс, құштарлық бар, бұл ретте ауыл жастарына қарағанда қалалықтар бұл ұмтылысқа бейімдеу. Аймақтық деректер миграциялық көңіл-күйдің түрлі деңгейін көрсетуде. Қаржылық жағдай да бұл көңіл-күйге ықпалын тиізеді, ал көшуге материалдық табыс деңгейі жақсы жастар көбірек бейім екені байқалды.

### Сыртқы миграция перспективалары

Жастардың эмиграцияға ұмтылысын тереңірек зерттеу үшін оларға шетелге көшу бағытындағы бірнеше сұрақ қойылды. Респонденттердің едәуір бөлігі оқу миграциясына оң көзқараста екенін ескерсек, шетелде білім алуға деген үлкен қызығушылық бар. Бұл тренд жастардың өз мансаптық болашағын жақсартуға және сапалы білім алуға мақсатты ұмтылыс-ниетін білдіреді.

Респонденттердің 8,2%-ы жақын арада Қазақстаннан көшуге дайындалу үстінде болса, 30,5%-ы болашақта көшуі ықтимал. Респонденттердің 35,2%-ында әзірге көшу туралы ой жоқ. Сауалға қатысушылардың 22,8%-ы ешқандай жағдайда ешқайда қозғалмайтындықтарын жеткізді. Бұл жерде салыстырмалы талдау жедел көшу ниеті 2024 жылғы сауалға қатысушылар арасында аздап өскенін көрсетті. Егер 2022 жылы жедел көшуді жоспарлаған әлеуетті эмигранттар 7,4% болса, 2024 жылы олардың пайызы 8,2%-ға дейін өсті. Сонымен бірге болашақ көшуді жоспарлағандар мен кейбір шүбәсі барлар 2022 жыл респонденттері арасында 4,8%-ға көбірек болды (2022 жылы - 35,3%, 2024 жылы - 30,5%).

Өмірлік жағдайларға қарай көшу туралы шешім қабылдауға ниетті респонденттер саны өзгермеді десе де болады, 2022 жылы олардың үлесі 35,7% болса, осы жылы – 35,2%. Эмиграция туралы ойды қабылдамайтындардың да аздап өскенін (1,4%-ға) атап кеткен жөн, 2022 жылы – 21,4% және 2024 жылы - 22,8% (№29 диаграмма).

**№29 диаграмма. «Сіз Қазақстаннан көшуді ойлап отырсыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі, (бұл сұраққа тек тұрғылықты жерлерінен көшуді ойлап отырған респонденттер ғана жауап берді – 364 респ.), 2022 және 2024 жылдардың салыстырмалы деректері, %**

■ 2022 жыл ■ 2024 жыл



Корреляциялық тұрғыдан миграциялық тенденцияларды қарастыру барысында әйелдерге қарағанда сұралған ер адамдарда елден кетуге үлкен ұмтылыс барлығы аталды. Жалпы алғанда ер адамдардың 40,3%-ы шетелге кету туралы ойын білдірді, олардың арасында 8,4%-ы бұны жақын арада, ал 31,9%-ы болашақта жоспарлап отыр. Өз кезегінде көшуді жоспарлап отырған әйелдер үлесі 37,4% болды, бұл ретте олардың 8,1%-ы жуық арада көшеді, ал 29,3%-ы алдағы уақытта кетуі ықтимал.

Осылайша өмірлік жағдайларға қарайлайтындар үлесі әйелдер арасында сәл жоғарылау (35,4%, ерлер – 34,9%) болуы заңды. Сауалға қатысушы әйелдердің 23,7%-ы, ер адамдардың 21,7%-ы ешқайда көшпейді (№42 кесте).

**№42 кесте. «Сіз Қазақстаннан көшуді ойлап отырсыз ба?» сауалына жауаптардың гендерлік белгі бойынша бөлінуі, %**

|                                                                                                            | Ерлер | Әйелдер |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|---------|
| Иә, жуық арада жиналып отырмын                                                                             | 8,4   | 8,1     |
| Қазір жоқ, бірақ алдағы уақытта Қазақстаннан кетуім ықтимал                                                | 31,9  | 29,3    |
| Өзірге көшу туралы ой жоқ, бірақ бәрі өмірлік жағдайларға байланысты: кетуім де мүмкін, кетпеуім де мүмкін | 34,9  | 35,4    |
| Жоқ, ешқандай жағдайда ешқайда көшпеймін                                                                   | 21,7  | 23,7    |
| Жауап беру қиын                                                                                            | 3,0   | 3,5     |

Жуық арада көшуді немесе алдағы уақытта көшуді жоспарлағандар үлесін қарастырғанда респонденттердің ең жас 14-18 жас тобында елден кету ұмтылысы мейлінше жоғары екені байқалады, олардың көрсеткіші - 45,2%, бұл ретте олардың 7,1%-ы жақын арада көшетін болса, 38,1%-ы көшуді жоспарлап отыр. Келесі көрсеткіш 24-28 жас тобында (42,6%), олардың арасында 8,8%-ы көшуге дайын, ал 33,8%-ы болашақта жоспарлап отыр.

19-23 жас тобында көрсеткіш 34,2% болды, жуық арада көшуге ниеттілер – 7,1%, 27,1%-ында осындай жоспар бар. 29-34 жас респонденттері арасында 32,6%-ы көшетіндіктерін айтты, 10,2%-ы жуық арада, 22,4%-ы келешекте. Көшу жағдаяттарға байланысты болатыны 29-34 жас (42,9%) пен 19-23 жас (41,2%) топтарында жоғары. Қандай жағдайда болса да көшуді қабылдамайтындар үлесі 24-28 жас тобы респонденттерінде сәл жоғары (25,0%, 14-18 жас – 23,9%, 19-23 жас – 21,2%, 29-34 жас – 21,4%) (№43 кесте).

**№43 кесте. «Сіз Қазақстаннан көшуді ойлап отырсыз ба?» сауалына жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %**

|                                                                                                            | 14-18 жас | 19-23 жас | 24-28 жас | 29-34 жас |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Иә, жуық арада жиналып отырмын                                                                             | 7,1       | 7,1       | 8,8       | 10,2      |
| Қазір жоқ, бірақ алдағы уақытта Қазақстаннан кетуім ықтимал                                                | 38,1      | 27,1      | 33,8      | 22,4      |
| Өзірге көшу туралы ой жоқ, бірақ бәрі өмірлік жағдайларға байланысты: кетуім де мүмкін, кетпеуім де мүмкін | 28,3      | 41,2      | 27,9      | 42,9      |
| Жоқ, ешқандай жағдайда ешқайда көшпеймін                                                                   | 23,9      | 21,2      | 25,0      | 21,4      |
| Жауап беру қиын                                                                                            | 2,7       | 3,5       | 4,4       | 3,1       |

Этникалық топтар арасында елден кетудің мейлінше жоғары ұмтылысы орыс этникалық тобында байқалды (50,6%), бұл ретте олардың 10,6%-ы жуық арада көшеді, ал 40,0%-ы алдағы уақытта көшуді жоспарлап отыр. Өзге этникалық топ респонденттері арасында эмиграцияға ұмтылыс сәл төмен. Жуық арада жиналып отырған 8,6% бен оны болашақта жоспарлап отырған 34,3%-ды ескергенде, жалпы саны - 42,9%.

Қазақстаннан кету туралы мейлінше аз жоспарлағандар – қазақтар. Кетуге ниеттілер 34,0%-ды құрады, олардың ішінде 7,4%-ы жуық арада, ал 26,6%-ы болашақта кетуге дайын. Көшу туралы шешім қабылдауда өмірлік жағдаяттарға қарау басқалардан гөрі өзге этнос респонденттерінде жиі аталды (37,1%, орыстар – 35,3%, қазақтар – 34,8%). Қазақ этникалық тобының сауалға қатысушыларының 27,0%-ы қандай жағдай болса да Қазақстаннан кетпейді (өзгелер – 17,1%, орыстар – 12,9%) (№44 кесте).

**№44 кесте. «Сіз Қазақстаннан көшуді ойлап отырсыз ба?» сауалына жауаптардың этникалық топтар бойынша бөлінуі, %**

|                                                                                                            | <b>Қазақ</b> | <b>Орыс</b> | <b>Өзгелер</b> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|-------------|----------------|
| Иә, жуық арада жиналып отырмын                                                                             | 7,4          | <b>10,6</b> | 8,6            |
| Қазір жоқ, бірақ алдағы уақытта Қазақстаннан кетуім ықтимал                                                | 26,6         | <b>40,0</b> | 34,3           |
| Өзірге көшу туралы ой жоқ, бірақ бәрі өмірлік жағдайларға байланысты: кетуім де мүмкін, кетпеуім де мүмкін | 34,8         | 35,3        | <b>37,1</b>    |
| Жоқ, ешқандай жағдайда ешқайда көшпеймін                                                                   | <b>27,0</b>  | 12,9        | 17,1           |
| Жауап беру қиын                                                                                            | 4,1          | 1,2         | 2,9            |

Ауылдықтарға қарағанда сауалға қатысқан қала жастарында эмиграциялық ұмтылыс басым. Қала респонденттерінің 41,9%-ы кету ниеті барын білдірді (8,4%-ы жуық арада, 33,5%-ы болашақта), ал ауылдық елді мекендерден кетуді жоспарлап отырғандар - 31,9% (8,0%-ы жуық арада, 23,9%-ы болашақта). Жағдаяттар мүмкіндік берсе көшуі ықтимал қала тұрғындары - 37,5% (30,1% – ауыл тұрғындары). Ешқандай жағдайда көшпейтін ауыл респонденттері - 36,3% (қала респонденттері - 16,7%) (№45 кесте).

**№45 кесте. «Сіз Қазақстаннан көшуді ойлап отырсыз ба?» сауалына жауаптардың елді мекен типтері бойынша бөлінуі, %**

|                                                                                                            | <b>Қала</b> | <b>Ауыл</b> |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|-------------|
| Иә, жуық арада жиналып отырмын                                                                             | <b>8,4</b>  | 8,0         |
| Қазір жоқ, бірақ алдағы уақытта Қазақстаннан кетуім ықтимал                                                | <b>33,5</b> | 23,9        |
| Өзірге көшу туралы ой жоқ, бірақ бәрі өмірлік жағдайларға байланысты: кетуім де мүмкін, кетпеуім де мүмкін | <b>37,5</b> | 30,1        |
| Жоқ, ешқандай жағдайда ешқайда көшпеймін                                                                   | 16,7        | <b>36,3</b> |
| Жауап беру қиын                                                                                            | 4,0         | 1,8         |

Сол сияқты аймақтық тұрғыдан респонденттер санатын әлеуетті миграциялық ағын белсенділігі топтары бойынша қарастырған дұрыс. Бұл ретте ең жоғары белсенділік 70,0% және одан жоғары, жоғары белсенділік – 40,0% пен 70,0% арасы, орташа белсенділік – 20,0% бен 40,0% арасы, төмен белсенділік – 20,0%-ға дейін. Әлеуетті миграциялық ағынның ең жоғары белсенділік тобына Шығыс Қазақстан (100,0%), Қостанай (75,0%), Абай (75,0%), Қызылорда (70,5%) облыстары кіреді. Әлеуетті миграциялық ағынның жоғары белсенділік тобы: Қарағанды (62,0%), Маңғыстау (50,0%), Түркістан (48,1%), Жамбыл (41,4%) облыстары мен Астана қаласы (41,6%).


Орташа белсенділік: Шымкент қаласы (33,4%), Алматы (33,3%), Солтүстік Қазақстан (33,3%), Батыс Қазақстан (32,2%), Ақмола (25,0%), Павлодар (20,0%) мен Алматы қаласы (26,7%). Төмен белсенділік: Ақтөбе облысы (4,2%). Ақтөбе облысынан 62,5% респонденттің, Атырау облысынан 53,8%, Ақмола облысынан 50,0%, Павлодар облысынан 50,0% және Шымкент қаласынан 52,4% респонденттің көш-қозғалысы өмірлік жағдаяттарға байланысты. Ұлытау (100,0%), Алматы (66,7%), Жетісу (46,2%) облыстары мен Алматы қаласының (40,0%) респонденттері қандай жағдай болса да шетелге қозғалмайтынын атап өткен жөн (№46 кесте).

**№46 кесте. «Сіз Қазақстаннан көшуді ойлап отырсыз ба?» сауалына жауаптардың аймақтар бойынша бөлінуі, %**

|                     | Иә, жуық арада жиналып отырмын | Қазір жоқ, бірақ алдағы уақытта Қазақстаннан кетуім ықтимал | 1+2         | Өзірге көшу туралы ой жоқ, бірақ бәрі өмірлік жағдайларға байланысты: кетуім де мүмкін, кетпеуім де мүмкін | Жоқ, ешқандай жағдайда ешқайда көшпеймін | Жауап беру қиын |
|---------------------|--------------------------------|-------------------------------------------------------------|-------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------|-----------------|
| Абай                | -                              | 75,0                                                        | <b>75</b>   | 25,0                                                                                                       | -                                        | -               |
| Ақмола              | 25,0                           | -                                                           | 25          | <b>50,0</b>                                                                                                | 25,0                                     | -               |
| Ақтөбе              | -                              | 4,2                                                         | 4,2         | <b>62,5</b>                                                                                                | 33,3                                     | -               |
| Алматы              | -                              | 33,3                                                        | 33,3        | -                                                                                                          | <b>66,7</b>                              | -               |
| Атырау              | -                              | 23,1                                                        | 23,1        | <b>53,8</b>                                                                                                | 23,1                                     | -               |
| Батыс Қазақстан     | 14,3                           | 17,9                                                        | 32,2        | 46,4                                                                                                       | 21,4                                     | -               |
| Жамбыл              | -                              | 41,4                                                        | <b>41,4</b> | 24,1                                                                                                       | 34,5                                     | -               |
| Жетісу              | 3,8                            | 11,5                                                        | 15,3        | 30,8                                                                                                       | <b>46,2</b>                              | 7,7             |
| Қарағанды           | 10,3                           | 51,7                                                        | <b>62</b>   | 34,5                                                                                                       | 3,4                                      | -               |
| Қостанай            | 33,3                           | 41,7                                                        | <b>75</b>   | 16,7                                                                                                       | -                                        | 8,3             |
| Қызылорда           | 17,6                           | 52,9                                                        | <b>70,5</b> | 23,5                                                                                                       | -                                        | 5,9             |
| Маңғыстау           | -                              | 50,0                                                        | <b>50</b>   | 8,3                                                                                                        | 25,0                                     | 16,7            |
| Павлодар            | 5,0                            | 15,0                                                        | 20          | <b>50,0</b>                                                                                                | 30,0                                     | -               |
| Солтүстік Қазақстан | -                              | 33,3                                                        | 33,3        | 22,2                                                                                                       | 33,3                                     | 11,1            |
| Түркістан           | 14,8                           | 33,3                                                        | <b>48,1</b> | 33,3                                                                                                       | 18,5                                     | -               |
| Ұлытау              | -                              | -                                                           | -           | -                                                                                                          | <b>100,0</b>                             | -               |
| Шығыс Қазақстан     | 33,3                           | 66,7                                                        | <b>100</b>  | -                                                                                                          | -                                        | -               |
| Астана қ            | 8,3                            | 33,3                                                        | <b>41,6</b> | 38,9                                                                                                       | 13,9                                     | 5,6             |
| Алматы қ            | -                              | 26,7                                                        | 26,7        | 20,0                                                                                                       | <b>40,0</b>                              | 13,3            |
| Шымкент қ           | 4,8                            | 28,6                                                        | 33,4        | <b>52,4</b>                                                                                                | 9,5                                      | 4,8             |

Көшу жоспары бар респонденттердің ширек бөлігі Ресейге, 21,6%-ы АҚШ-қа, 16,7%-ы Түркияға көшкісі келеді. Сауалға қатысқан респонденттер пікірінше 2022 жыл нәтижелерімен салыстырғанда Ресей, АҚШ, Түркия эмиграция үшін топ-3 бағыт ретінде қалуда. 2022 жылы Ресейге көшкісі келгендер 26,1% болды, 2024 жылы бұл үлес 0,8%-ға төмендеді. 2024 жылы Түркияның эмиграция үшін қалаулы болуы төмендеді: 2022 жылы - 20,8% және 2024 жылы - 16,7% (4,1%-ға төмендеді). Ал АҚШ-қа барғысы келетіндер үлесі артып отыр: 2022 жылы - 5,3%, 2024 жылы - 21,6% (6,3%-ға өсті) (№30 диаграмма, №47 кесте).

**№30 диаграмма. «Сіз қай елге көшуді ойлап немесе жоспарлап отырсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бұл сұраққа тек Қазақстаннан кеткісі клетін респонденттер ғана жауап береді), %**



**№47 кесте. «Сіз қай елге көшуді ойлап немесе жоспарлап отырсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бұл сұраққа тек Қазақстаннан кеткісі клетін респонденттер ғана жауап береді), (Еуропа, Азия, ТМД елдері және т.б), в %**

|                | 2022 | 2024 |
|----------------|------|------|
| Корея          | -    | 28,3 |
| Ұлыбритания    | -    | 10,9 |
| БАЭ            | -    | 6,5  |
| Германия       | -    | 13,0 |
| Жапония        | 0,7  | 4,3  |
| Швейцария      | -    | 2,2  |
| Оңтүстік Корея | 12,7 | 4,3  |
| Австралия      | 0,3  | 2,2  |
| Белоруссия     | -    | 2,2  |
| Венгрия        | -    | 2,2  |
| Тайланд        | -    | 2,2  |
| Франция        | -    | 2,2  |
| Жауап жоқ      | -    | 19,5 |

Гендерлік тұрғыдан Ресейге баруды әйелдер көбірек жоспарлап отыр (29,2%, ерлер – 20,8%). Өз кезегінде ерлерде АҚШ (24,0%, әйелдер – 19,4%) және Еуропа елдерін таңдау үлесі басым (12,0%, әйелдер – 4,9%) (№48 кесте).

**№48 кесте. «Сіз қай елге көшуді ойлап немесе жоспарлап отырсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, гендерлік тұрғыдан, %**

|                           | Ерлер | Әйелдер |
|---------------------------|-------|---------|
| Ресей                     | 20,8  | 29,2    |
| Қытай                     | 4,8   | 4,9     |
| АҚШ                       | 24,0  | 19,4    |
| Канада                    | 4,0   | 3,5     |
| Түркия                    | 16,8  | 16,7    |
| Еуропа елдері             | 12,0  | 4,9     |
| Азия елдері               | 5,6   | 6,3     |
| Ресейден басқа ТМД елдері | 1,6   | 2,1     |
| Басқа елдер               | 2,4   | -       |
| Жауап беру қиын           | 8,0   | 13,2    |

Жас топтары тұрғысынан Ресей 14-18 жас (27,7%) пен 24-28 жас (27,1%, 29-34 жас – 25,7%, 19-23 жас – 20,3%) респонденттері үшін мейлінше танымал бағыт. АҚШ-қа баруды 24-28 жас тобында 27,1% және 19-23 жас тобында 25,0% респонденттер жоспарлап отыр (14-18 жас – 20,5%, 29-34 жас - 16,2%). Түркия ең алдымен 14-18 жас (18,1%) пен 19-23 жас (20,3%) респонденттері үшін тартымды. Еуропа елдерін жиі таңдағандар - 19-23 жас (12,5%) пен 29-34 жас (14,9%) тобы респонденттері (№49 кесте).

**№49 кесте. «Сіз қай елге көшуді ойлап немесе жоспарлап отырсыз?» сауалына жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %**

|                           | 14-18 жас | 19-23 жас | 24-28 жас | 29-34 жас |
|---------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Ресей                     | 27,7      | 20,3      | 27,1      | 25,7      |
| Қытай                     | 6,0       | 3,1       | 4,2       | 5,4       |
| АҚШ                       | 20,5      | 25,0      | 27,1      | 16,2      |
| Канада                    | 2,4       | 6,3       | 4,2       | 2,7       |
| Түркия                    | 18,1      | 20,3      | 16,7      | 12,2      |
| Еуропа елдері             | 1,2       | 12,5      | 4,2       | 14,9      |
| Азия елдері               | 4,8       | 6,3       | 6,3       | 6,8       |
| Ресейден басқа ТМД елдері | 2,4       | -         | 4,2       | 1,4       |
| Басқа елдер               | 2,4       | -         | -         | 1,4       |
| Жауап беру қиын           | 14,5      | 6,3       | 6,3       | 13,5      |


Этникалық тұрғыдан сауалға қатысқан орыс респонденттер үшін Ресей барынша танымал бағыт (64,4%, өзгелер – 28,6%, қазақтар – 7,7%). АҚШ-ты қазақтар жиі таңдады – 26,2% (өзгелер – 14,3%, орыстар – 13,7%). Түркияға көшуді жиі жоспарлағандар өзге этникалық топ өкілдері - 25,0% (қазақтар – 21,4%, орыстар – 2,7%) (№50 кесте).

**№50 кесте. «Сіз қай елге көшуді ойлап немесе жоспарлап отырсыз?» сауалына жауаптардың этникалық топтар бойынша бөлінуі, %**

|                           | Қазақ | Орыс | Өзгелер |
|---------------------------|-------|------|---------|
| Ресей                     | 7,7   | 64,4 | 28,6    |
| Қытай                     | 5,4   | 4,1  | 3,6     |
| АҚШ                       | 26,2  | 13,7 | 14,3    |
| Канада                    | 3,6   | 2,7  | 7,1     |
| Түркия                    | 21,4  | 2,7  | 25,0    |
| Еуропа елдері             | 10,7  | 4,1  | 3,6     |
| Азия елдері               | 7,1   | 1,4  | 10,7    |
| Ресейден басқа ТМД елдері | 1,8   | 1,4  | 3,6     |
| Басқа елдер               | 1,8   | -    | -       |
| Жауап беру қиын           | 14,3  | 5,5  | 3,6     |

Респонденттердің 10,4%-ы шетелде бір жыл ғана болуды, ал 22,3%-ы өзге елде 5 жылға дейін, 18,6%-ы 5-10 жылға дейін қалуды жоспарлап отыр. Сауалға қатысқандардың 10,8%-ы шетелде 10 жылдан астам уақытқа қалуды көздесе, 16,4%-ы біржолата кетуді жоспарлағанын білдірді (№31 диаграмма).

**№31 диаграмма. «Сіз шетелде қанша уақыт қалуды жоспарлап отырсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бұл сұраққа тек Қазақстаннан кету ниеті бар респонденттер ғана жауап береді), %**



Қазақстан жастарының сыртқы миграциясы перспективасы бойынша қорытындылар елде эмиграцияға қызығушылықтың жалғасып отырғанын көрсетіп тұр. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес жуық арада респонденттердің 8,2%-ы елден кетуге дайын, ал 30,5%-ы алдағы уақытта кетуді жоспарлап отыр. 2022 жылмен салыстырмалы талдау жедел кетуді жоспарлағандар үлесі 7,4%-дан 8,2%-ға дейін өскенін, ал болашақта кетуді жоспарлағандар үлесі керісінше 35,3%-дан 30,5%-ға дейін түскенін көрсетеді. Эмиграция үшін ең танымал бағыттар болып Ресей, АҚШ және Түркия қалуда.

#### *Жастардың сыртқы миграциясының шешуші pull-push факторлары*

Жастар миграциясы - тартушы (pull), сонымен бірге итеруші (push) көптеген факторлармен анықталатын күрделі үрдіс. Бүгінгі күні жастар жеке дамуы үшін бар мүмкіндіктер деңгейін үнемі көтеріп отыруға ұмтылады, ал бұл әдетте тұрғылықты жерді ауыстыру ниетіне әкеліп жатады. Pull-факторлар өзіне өмір сүру мен жұмыс үшін тартымды жағдайлардан, білімнің жоғары деңгейі мен қауіпсіздіктен тұрады. Өз кезегінде push-факторлар экономикалық мүмкіндіктердің жетіспеушілімен, саяси тұрақсыздықпен, білімнің төмен сапасымен, өз елінде болашағы үшін шектелген перспективалармен байланысты. «Ақыл-ойдың елден кетуін», жастардың сыртқы миграциясы деңгейін төмендету бойынша тиімді стратегия дайындау және жастардың өз атамекенінде дамуы үшін жайлы жағдайлар жасау үшін осы факторларды түсіну шешуші болып табылады.

Респонденттердің көпшілігі (56,6%) жастар жұмыс пен жалақы іздеу мақсатында тұрғылықты жерін ауыстыруы мүмкін деп санайды. Ал респонденттердің 31,7%-ы мансаптық даму перспективаларының болмауы мен өмірдің жайлы жағдайларына ұмтылу ниетін атады. 18,4%-ы баспана мен әлеуметтік пакет қоса ұсынылатын жұмысқа шақыру жағдайында жастар тұрғылықты жерін ауыстыра алады деп есептейді. (№51 кесте).

**№51 кесте. «Сіз қалай ойлайсыз, жастар қандай себептермен тұрғылықты жерін ауыстыруы ықтимал?» сауалына жауаптардың бөлінуі**

|                                                           | Пайыздар* |
|-----------------------------------------------------------|-----------|
| Жұмыс, жалақы іздеу                                       | 56,6      |
| Перспективалардың, мансаптық өсу мүмкіндіктерінің болмауы | 31,7      |
| Өмірдің жақсы, жайлы жағдайларына ұмтылу                  | 31,7      |
| Баспана мен әлеуметтік пакетпен жұмысқа шақыру            | 18,4      |
| Білімнің төмен сапасы                                     | 13,3      |
| Отбасылық жағдайлар                                       | 12,9      |

|                                                                             |      |
|-----------------------------------------------------------------------------|------|
| Сыбайлас жемқорлық, құқық мәдениетінің төмендігі, шенеуніктердің бассыздығы | 11,0 |
| Өзге елде тұру, өзге мәдениетпен танысу ниеті                               | 8,9  |
| Инфрокұрылым дамуының төмен деңгейі                                         | 8,8  |
| Дискриминация (этникалық, гендерлік және т.б.)                              | 8,6  |
| Денсаулық сақтау жүйесі дамуының төмен деңгейі                              | 8,3  |
| Климаттық жағдайлар                                                         | 7,4  |
| Саяси жағдайлар                                                             | 7,0  |
| Адам құқының жиі бұзылуы                                                    | 4,3  |
| Қазақ тілін білмеуден туындаған қиындықтар                                  | 3,9  |
| Бала тәрбиелеу мен дамыту мүмкіндіктерінің жеткіліксіздігі                  | 3,4  |
| Жайсыз экологиялық ахуал                                                    | 2,9  |
| Отбасымен, жақындармен бірге болуға ұмтылыс                                 | 2,9  |
| Өмір үшін қауіптену, қылмыс                                                 | 2,5  |
| Орыс тілін білмеуден туындаған қиындықтар                                   | 2,4  |
| Тарихи Отанға қайту ниеті                                                   | 2,1  |
| Көрші елдің жақын орналасуы                                                 | 1,9  |
| Көрсетілгендердің бәрі                                                      | 0,2  |
| Жауап беру қиын                                                             | 2,6  |

\* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдап алатын еді.

Респонденттердің 51,1%-ы өмірінің экономикалық деңгейін жақсарту үшін көшуге ниетті болса, 41,8%-ы жұмысқа тұрудың барынша кең мүмкіндіктерін іздеуге ұмтылады. Көшуге ниеттілердің 31,0%-ы мейлінше сапалы білімге қол жеткізуге ынталы екенін білдірді (№52 кесте).

**№52 кесте. «Сіздің көшу туралы ниетіңіздің басты себебі неде?», (бұл сұраққа тек тұрғылықты жерінен көшуге ниетті респонденттер ғана жауап береді – 364 респ.)**

|                                                                       | Пайыздар* |
|-----------------------------------------------------------------------|-----------|
| Өмірімнің экономикалық деңгейін жақсартуға ұмтылыс                    | 51,1      |
| Жұмысқа тұрудың барынша кең мүмкіндіктерін іздеу                      | 41,8      |
| Мейлінше сапалы білімге ие болу ниеті                                 | 31,0      |
| Көбірек мәдени әртүрлілікке ие болуға ұмтылу                          | 21,4      |
| Өз бизнесімді ашу үшін барынша кең мүмкіндіктер алу                   | 19,8      |
| Өмір сүрудің климаттық, экологиялық ахуалын өзгерту                   | 14,3      |
| Қазіргі кезде тұрып жатырған қалада/ауылда қақтығысты болдырмау ниеті | 4,4       |
| Өз баспанам                                                           | 0,5       |
| Сыбайлас жемқорлық                                                    | 0,3       |
| Ахуалды өзгерту                                                       | 0,3       |
| Тіл мәселесі                                                          | 0,3       |
| Жауап беру қиын, жауап жоқ                                            | 2,5       |

\* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдап алатын еді.

Бұл жерде көшуді жоспарлағандардың жартысынан сәл астам бөлігі болуы мүмкін кедергілерге байланысты Қазақстаннан кетудегі кедергілердің бірі ретінде ақша жетіспеушілін атады. Ширек бөлігі дерлік туыстары мен достарын тастап кеткісі келмейтіндіктерін сезінеді. Респонденттердің 19,7%-ын тіл білудің төмен деңгейі, 16,4%-ын оқу мен жұмыстың болмауы, 14,1%-ын шетелде туыстар мен достардың жоқтығы көшуден тоқтатуы мүмкін (№32 диаграмма).

**№32 диаграмма. «Сіздің Қазақстаннан қоныс аударуыңызға не кедергі болуы мүмкін?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бұл сұраққа тек Қазақстаннан көшуге ниетті респонденттер ғана жауап береді), %**



\* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдап ала алатын еді.

Осылайша сауалға қатысушылардың үштен бірі дерлік миграцияның басты себептері ретінде мансаптық өсу үшін перспективалардың жоқтығы мен өмір сүрудің жақсы жағдайларына ынталы болуды атады. Көшу үшін негізгі pull-фактор - өмірдің экономикалық деңгейін жақсарту, жұмысқа тұрудың барынша кең мүмкіндіктерін іздеу және мейлінше сапалы білімге қол жеткізу. Дегенмен миграцияға кедергілер де бар. Респонденттердің жартысынан астамы Қазақстаннан көшу үшін басты кедергі ретінде қаржының жоқтығын атады.

### 3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

#### *Жастар арасындағы еңбекпен қамтылу ахуалын бағалау*

Жастардың еңбекпен қамтылуы кез келген мемлекет үшін экономикалық және әлеуметтік дамудың маңызды аспектісі болып табылады. Жастардың жұмыспен қамтылуының ағымдағы жай-күйін бағалау өзекті мәселелер мен перспективаларды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге еңбекпен қамтылу мен тұрақты еңбекақы әлеуметтік жайлылық пен экономикалық тұрақтылықтың белгісі болып табылады және қазақстандық жастардың миграциялық ағынының арту мүмкіндігін де азайтатыны анық.

Сауалға қатысушылардың 47,7%-ы толық немесе жарты күн жұмыс істейді. Респонденттердің 35,8%-ы оқып жатыр, олардың ішінде 12,2% студенттер қосымша жұмыс істейді. Респонденттердің 14,5%-ы жұмыс істемейді, олардың ішінде жұмыс іздеп жүрген жұмыссыздар - 3,7% , жұмыс іздемейтін жұмыссыздар - 2,5%, 6,7%-ы декреттік демалыста, денсаулық жағдайына байланысты жұмыс істемейтіндер - 1,6%. Сонымен бірге тек оқудағы респонденттер - 23,6% (№33 диаграмма).

**№33 диаграмма. «Жұмыспен қамтылу саласындағы Сіздің негізгі орныңызды көрсетіңіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Гендерлік тұрғыдан 53,9% ерлер жұмыс істейді, олардың арасында толық жұмыс күн істейтіндер - 44,7%, жарты күн істейтіндер – 9,2%. Әйелдер арасында жұмыс істейтіндер - 41,3% (толық жұмыс күн – 31,9%, жарты жұмыс күн – 9,4%) (№53 кесте).

**№53 кесте. «Жұмыспен қамтылу саласындағы Сіздің негізгі орныңызды көрсетіңіз?» сауалына жауаптардың гендерлік тұрғыдан бөлінуі %**

|                                    | Ер   | Әйел |
|------------------------------------|------|------|
| Толық жұмыс күн істеймін           | 44,7 | 31,9 |
| Жарты жұмыс күн істеймін           | 9,2  | 9,4  |
| Оқимын және қосымша жұмыс істеймін | 12,7 | 11,7 |
| Тек оқудамын                       | 23,5 | 23,8 |

|                                                            |     |      |
|------------------------------------------------------------|-----|------|
| Жұмыссызбын, жұмыс іздеудемін                              | 3,6 | 3,7  |
| Жұмыссызбын, жұмыс іздемеймін                              | 2,0 | 2,9  |
| Декреттік демалыстамын                                     | 0,7 | 12,8 |
| Денсаулық жағдайыма байланысты жұмыс істемеймін мүгедектік | 1,8 | 1,5  |
| Жауап беру қиын                                            | 1,9 | 2,2  |

Елді мекен тұрғысынан алғанда ауылдық жер жастарының толық жұмыс күн істеу көрсеткіші қалаға қарағанда сәл жоғары (40,9% бен 36,8%). Ал оқумен қоса жұмыс істеуші және тек оқудағы респонденттер үлесі ауылмен салыстырғанда қалада көптеу (24,2% бен 22,7%) (№54 кесте).

**№54 кесте. «Жұмыспен қамтылу саласындағы Сіздің негізгі орныңызды көрсетіңіз?» сауалына жауаптардың елді мекен типі бойынша бөлінуі %**

|                                                             | Қала | Ауыл |
|-------------------------------------------------------------|------|------|
| Толық жұмыс күн істеймін                                    | 36,8 | 40,9 |
| Жарты жұмыс күн істеймін                                    | 10,0 | 8,1  |
| Оқимын және қосымша жұмыс істеймін                          | 13,7 | 9,7  |
| Тек оқудамын                                                | 24,2 | 22,7 |
| Жұмыссызбын, жұмыс іздеудемін                               | 2,7  | 5,2  |
| Жұмыссызбын, жұмыс іздемеймін                               | 2,1  | 3,1  |
| Декреттік демалыстамын                                      | 6,7  | 6,8  |
| Денсаулық жағдайыма байланысты жұмыс істемеймін, мүгедектік | 1,5  | 1,9  |
| Жауап беру қиын                                             | 2,2  | 1,7  |


Жалпы алғанда деректер жастардың жұмыспен қамту саласындағы жоғары белсенділігін, еңбекпен қамтылу мен оқудағы гендерлік және жас ерекшеліктерін көрсетеді. Бұл ағымдағы әлеуметтік-экономикалық ақиқат ахуалды білдіреді және мәселені одан әрі зерттеу мен кәсіби және жеке тұлғалық өсуде жастарды қолдауға бағытталған бағдарламалар дайындауға негіз бола алады..

### *Еңбек миграциясы ауқымын бағалау*

Жастардың еңбек миграциясы жыл сайын өсіп келеді, оның айтарлықтай ауқымы маңызды әлеуметтік-экономикалық феномен болып табылады. Жыл сайын мыңдаған жас қазақстандықтар мансаптық мүмкіндіктер мен тиімді жұмыс орындарын іздеп елден немесе ата мекенінен қоныс аударуда<sup>12</sup>. Бұдан әрі қазақстандық жастардың еңбек миграциясының ағымдағы ауқымы қаралатын болады.

Сауалға қатысушы жастардың 27,4%-ы табыс үшін өз елді мекенінен тыс жерлерге, қалаға (ауылға) барады. Олардың ішінде 22,0%- облыс ішінде жүрсе, басқа облысқа баратындар -3,7%, өзге елге барып жүргендер -1,7% (№34 диаграмма).

<sup>12</sup> <https://cabar.asia/en/one-way-ticket-or-the-new-trends-of-emigration-from-kazakhstan>

**№34 диаграмма. «Сіз табыс табу үшін өз елді мекеніңізден тыс жерлерге, қалаға (ауылға) барасыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**

Бұдан әрі респонденттерге олардың қайда барып жұмыс істейтінін анықтау ұсынылды. Осылай, ел ішінде табыс табу үшін респонденттер Алматы (11,0%), Астана (6,4%) қалалары мен Алматы облысына (5,5%) жиі барады. Сонымен қатар респонденттер Қазақстаннан тыс жерлерге барады. 5,5%-ы Түркияға, 3,7%-АҚШ-қа барады, Ресей, Корея, Өзбекстанға баратындар - 1,8%, Германия, Катар, Қытай және Жапонияға баратындар - 0,9% (№55 кесте).

**№55 кесте. «Сіз табыс табу үшін өз елді мекеніңізден тыс жерлерге, басқа облыс, басқа елдерге барасыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі (109 респ), %**

| Қазақстанда                | Пайыз |
|----------------------------|-------|
| Алматы қ                   | 11,0  |
| Астана қ                   | 6,4   |
| Алматы облысы              | 5,5   |
| Ақмола облысы              | 3,7   |
| Қарағанды облысы           | 3,7   |
| Атырау облысы              | 2,8   |
| Ақтөбе облысы              | 2,8   |
| Батыс Қазақстан облысы     | 1,8   |
| Шымкент қ                  | 1,8   |
| Қостанай облысы            | 0,9   |
| Павлодар облысы            | 0,9   |
| Ұлытау облысы              | 0,9   |
| Түркістан облысы           | 0,9   |
| Маңғыстау облысы           | 0,9   |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 0,9   |
| <b>Басқа елде</b>          |       |
| Түркия                     | 5,5   |
| АҚШ                        | 3,7   |
| Ресей                      | 1,8   |
| Корея                      | 1,8   |
| Өзбекстан                  | 1,8   |
| Германия                   | 0,9   |
| Катар                      | 0,9   |
| Қытай                      | 0,9   |
| Жапония                    | 0,9   |
| Жауап беру қиын            | 36,7  |

Респонденттер жасымен бірге олардың өз елді мекендерінен тыс жерлерге табыс табу үшін баратындар үлесі де арта түсуде. 14-18 жас тобындағы 14,4%-дан 29-34 жас тобындағы 25,4%-ға дейін. Табыс табу үшін өзге облыстарға барушылар үлесі де жас топтарына қарай өсе түседі, 14-18 жас тобындағы 2,7%-дан 24-28 жас тобындағы 5,0%-ға дейін, кейін 29-34 жас тобында 4,2%-ға дейін сәл түседі.

Табыс табуға бармайтын жас адамдардың мейлінше көп пайызы ең жас тобында байқалады (78,1%). Бұл көрсеткіш жас топтары өсуімен төмендейді, бірақ барлық жас топтарында айтарлықтай жоғары деңгейде қалып отыр (№56 кесте).

**№56 кесте. «Сіз табыс табу үшін өз елді мекеніңізден тыс жерлерге, қалаға (ауылға) барасыз ба?» сауалына жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %**

|                                | 14-18 жас | 19-23 жас | 24-28 жас | 29-34 жас |
|--------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Иә, тұрғылықты облыс аймағында | 14,4      | 23,9      | 24,1      | 25,4      |
| Иә басқа облысқа               | 2,7       | 3,3       | 5,0       | 4,2       |
| Иә, басқа елге                 | 1,3       | 1,4       | 2,6       | 1,4       |
| Жоқ, бармаймын                 | 78,1      | 68,8      | 65,9      | 66,4      |
| Жауап беру қиын                | 3,5       | 2,6       | 2,4       | 2,5       |

Сауалға қатысушы орыстар (14,4%) мен өзге этникалық топ өкілдерімен (12,4%) салыстырғанда өз облысы шеңберінде табыс табуға шығатын қазақтар үлесі (24,0%) жоғары. Сұралған қазақтар өзге облыстарға да жиі шығады (4,1%, орыстар - 3,2%) , өзге этникалық топ өкілдері -1,7%).

Сауалға қатысушы өзге этникалық топ өкілдері қазақтармен (1,7%) және орыстармен (0,4%) салыстырғанда . табыс табу мақсатында басқа елдерге жиі шығады (4,1%) Орыстар (79,6%) мен өзге этникалық топ өкілдерінің басым көпшілігі (80,2%) табыс табу үшін сыртқа шықпайды (қазақтарда бұл көрсеткіш – 67,3%) (№57 кесте).

**№57 кесте. «Сіз табыс табу үшін өз елді мекеніңізден тыс жерлерге, қалаға (ауылға) барасыз ба?» сауалына жауаптардың этникалық топтар бойынша бөлінуі, %**

|                                | Қазақ | Орыс | Өзгелер |
|--------------------------------|-------|------|---------|
| Иә, тұрғылықты облыс аймағында | 24,0  | 14,4 | 12,4    |
| Иә басқа облысқа               | 4,1   | 3,2  | 1,7     |
| Иә, басқа елге                 | 1,7   | 0,4  | 4,1     |
| Жоқ, бармаймын                 | 67,3  | 79,6 | 80,2    |
| Жауап беру қиын                | 2,9   | 2,5  | 1,7     |

Облыс аймағында табыс табу үшін елді мекеннен шығудың ең жоғары пайыздық көрсеткіші Алматы облысында (45,9%), Түркістан облысында (33,3%) және Шымкент (39,8%) пен Алматы (39,1%) қалаларында байқалады. Табыс табу үшін басқа облыстарға шығуды Ұлытау (28,6%) облысы респонденттері жиі атады.. Табыс табу үшін сыртқа шықпайтын респонденттердің көпшілігі Ақтөбе (94,6%), Шығыс Қазақстан облыстарында (93,5%) және Астана қаласында (93,1%) тұрады (№58 кесте).

**№58 кесте. «Сіз табыс табу үшін өз елді мекеніңізден тыс жерлерге, қалаға (ауылға) барасыз ба?» сауалына жауаптардың аймақтар бойынша бөлінуі, %**

|                 | Иә, тұрғылықты облыс аймағында | Иә басқа облысқа | Иә, басқа елге | Жоқ, бармаймын | Жауап беру қиын |
|-----------------|--------------------------------|------------------|----------------|----------------|-----------------|
| Абай            | 11,3                           | -                | -              | 88,7           | -               |
| Ақмола          | 21,6                           | 2,7              | 1,4            | 74,3           | -               |
| Ақтөбе          | 3,2                            | 1,1              | -              | 94,6           | 1,1             |
| Алматы          | 45,9                           | 2,0              | 1,4            | 41,9           | 8,8             |
| Атырау          | 22,2                           | 8,3              | 5,6            | 58,3           | 5,6             |
| Батыс Қазақстан | 16,9                           | 3,1              | -              | 80,0           | -               |
| Жамбыл          | 7,3                            | 3,3              | 0,8            | 87,8           | 0,8             |
| Жетісу          | 12,3                           | 9,2              | -              | 76,9           | 1,5             |
| Қарағанды       | 13,0                           | 2,8              | -              | 84,3           | -               |
| Қостанай        | 9,1                            | 1,3              | 1,3            | 87,0           | 1,3             |
| Қызылорда       | 25,9                           | 2,4              | -              | 62,4           | 9,4             |

|                     |             |             |     |             |      |
|---------------------|-------------|-------------|-----|-------------|------|
| Маңғыстау           | 7,4         | 2,5         | -   | 85,2        | 4,9  |
| Павлодар            | 11,8        | 2,9         | 4,4 | 66,2        | 14,7 |
| Солтүстік Қазақстан | 23,4        | -           | -   | 76,6        | -    |
| Түркістан           | <b>33,3</b> | 9,2         | 5,3 | 51,8        | 0,4  |
| Ұлытау              | -           | <b>28,6</b> | -   | 71,4        | -    |
| Шығыс Қазақстан     | 1,6         | 3,2         | -   | <b>93,5</b> | 1,6  |
| Астана қ            | 6,9         | -           | -   | <b>93,1</b> | -    |
| Алматы қ            | <b>39,1</b> | 1,3         | 2,9 | 52,9        | 3,8  |
| Шымкент қ           | <b>39,8</b> | 7,5         | 1,5 | 50,4        | 0,8  |

Нәтижелерге жасалған талдау жастар еңбек миграциясы барған сайын кең ауқымдарға ие бола бастағанын білдіріп тұр. Жыл сайын жас адамдардың едәуір бөлігі жұмыс пен мансаптық өсуге жақсы жағдайлар қарастыру мақсатында атамекендерінен кетіп жатыр. Бұл құбылыс еңбек нарығындағы үдемелі өзгерістер мен еңбектің мейлінше тиімді жағдайларына қажеттілікті білдіретін маңызды әлеуметтік-экономикалық факторға айналды.

### *Еңбек миграциясының push-pull факторлары*

Push-pull факторлары елден кету себептеріне негіз болады, сонымен бірге басқа аймақтарға немесе елдерге көшу үшін тартымды жағдайлар жасай отырып, жастардың еңбек миграциясы туралы шешіміне ықпал етеді. Бұл бөлімде қазақстандық жастардың еңбек миграциясының негізгі push-pull факторлары қарастырылады

Көшуді жоспарлаған респонденттер барған елдерінде білікті маманның жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы пікір білдіріп, ол мүмкіндікті төмендегідей бағалады. Респонденттердің 44,3%-ы өз біліктілігі мен білім деңгейіндегі мамандарда жұмысқа тұруға айтарлықтай жоғары мүмкіндіктер бар деп есептейді («өте жоғары» + «жоғары»). 35,3%-ы осындай маманның мүмкіндігі орташа деп санайды. Сауалға қатысушылардың 6,4%-ының пікірінше респондент білімі мен біліктілігіндегі маманның шетелде жұмысқа орналасу мүмкіндігі төмен («нашар» + «мүмкіндік жоқ деуге болады»). Өз мүмкіндіктерін «өте жоғары» + «жоғары» бағалайтындардың жалпы пайызы 6,2%-ға өскен (2022 жылы - 38,1%, 2024 жылы - 44,3%). Өз мүмкіндіктерін «орташа» деп бағалайтындар үлесі де 7,9% өскен, 27,4%-дан 35,3%-ға (№35 диаграмма).

**№35 диаграмма. «Сіздің біліктілігіңіз бен білім деңгейіңіздегі маманның Сіз баруды жоспарлап отырған елде жұмысқа орналасу мүмкіндігін Сіз қалай бағалайсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бұл сұраққа Қазақстаннан көшуді жоспарлап отырған респонденттер ғана жауап береді – 269 респ.), %**



Жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін 46,4% ерлер мен 42,4% әйелдер жоғары бағалады. Мүмкіндіктерді орташа деп бағалап отырған ерлер - 32,8%, әйелдер - 37,5% (№59 кесте).

**Таблица №59. «Сіздің біліктілігіңіз бен білім деңгейіңіздегі маманның Сіз баруды жоспарлап отырған елде жұмысқа орналасу мүмкіндігін Сіз қалай бағалайсыз?» сауалына жауаптардың гендерлік тұрғыдан бөлінуі, %**

|                                 | Ер          | Әйел        |
|---------------------------------|-------------|-------------|
| Өте жоғары                      | 12,8        | 16,7        |
| Жоғары                          | 33,6        | 25,7        |
| <b>Өте жоғары + жоғары</b>      | <b>46,4</b> | <b>42,4</b> |
| Орташа                          | 32,8        | 37,5        |
| Нашар                           | -           | 3,5         |
| Мүмкіндік жоқ деуге болады      | 4,8         | 4,2         |
| <b>Нашар + жоқ деуге болады</b> | <b>4,8</b>  | <b>7,7</b>  |
| Әлі мектепте оқимын             | 7,2         | 9,0         |
| Жауап беру қиын                 | 8,8         | 3,5         |

Жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне 19-23 жас (51,6%) пен 29-34 жас (52,7%) респонденттері жиі жоғары берді. Жұмысқа орналасудың орташа мүмкіндіктерін 24-28 жас тобы (52,1%) жоғары бағалап отыр. Сол сияқты жұмысқа орналасу мүмкіндігі нашар деп бағалаушылар үлесі де осы 24-28 жас тобында жоғары (10,4%) (№60 кесте).

**№60 кесте. «Сіздің біліктілігіңіз бен білім деңгейіңіздегі маманның Сіз баруды жоспарлап отырған елде жұмысқа орналасу мүмкіндігін Сіз қалай бағалайсыз?» сауалына жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %**

|                                 | 14-18 жас   | 19-23 жас   | 24-28 жас   | 29-34 жас   |
|---------------------------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
| Өте жоғары                      | 7,2         | 17,2        | 14,6        | 21,6        |
| Жоғары                          | 30,1        | 34,4        | 18,8        | 31,1        |
| <b>Өте жоғары + жоғары</b>      | <b>37,3</b> | <b>51,6</b> | <b>33,4</b> | <b>52,7</b> |
| Орташа                          | 26,5        | 31,3        | 52,1        | 37,8        |
| Нашар                           | -           | 4,7         | 2,1         | 1,4         |
| Мүмкіндік жоқ деуге болады      | 1,2         | 4,7         | 10,4        | 4,1         |
| <b>Нашар + жоқ деуге болады</b> | <b>1,2</b>  | <b>4,7</b>  | <b>10,4</b> | <b>4,1</b>  |
| Әлі мектепте оқимын             | 24,1        | 1,6         | -           | 1,4         |
| Жауап беру қиын                 | 10,8        | 6,3         | 2,1         | 2,7         |

Осы тұрғыдан алғанда сауалға қатысқан қазақтар барынша оптимист ретінде көрінді, олардың 50,6%-ы мүмкіндіктерді жоғары және өте жоғары бағалады (орыстар – 38,3%, өзгелер – 21,4%). Өзге этникалық топ өкілдері респонденттерінің көпшілігі (46,4%) мүмкіндікті орташа бағалап отыр (қазақтар – 31,0%, орыстар – 41,1%) (№61 кесте).

**№61 кесте. «Сіздің біліктілігіңіз бен білім деңгейіңіздегі маманның Сіз баруды жоспарлап отырған елде жұмысқа орналасу мүмкіндігін Сіз қалай бағалайсыз?» сауалына жауаптардың этникалық топтар бойынша бөлінуі, %**

|                                 | Қазақтар    | Орыстар     | Өзгелер     |
|---------------------------------|-------------|-------------|-------------|
| Өте жоғары                      | 18,5        | 8,2         | 10,7        |
| Жоғары                          | 32,1        | 30,1        | 10,7        |
| <b>Өте жоғары + жоғары</b>      | <b>50,6</b> | <b>38,3</b> | <b>21,4</b> |
| Орташа                          | 31,0        | 41,1        | 46,4        |
| Нашар                           | 1,2         | -           | 10,7        |
| Мүмкіндік жоқ деуге болады      | 4,2         | 6,8         | -           |
| <b>Нашар + жоқ деуге болады</b> | <b>5,4</b>  | <b>6,8</b>  | <b>10,7</b> |
| Әлі мектепте оқимын             | 7,7         | 8,2         | 10,7        |
| Жауап беру қиын                 | 5,4         | 5,5         | 10,7        |

Қазақстандықтардың шетелдегі маусымдық біліктілігі төмен жұмыстарына келсек, респонденттердің 29,4%-ы бұл өз еңбегіне лайықты ақы алу мен тәжірибе алу мүмкіндігі деп ойлайды. 18,3%-ы шетелдегі жұмыс көкжиекті кеңейтіп, жаңа әлеуметтік дағдылар алуға көмектеседі деп есептейді. Сауалға қатысушылардың 16,5%-ы үшін шетелдегі жұмыс – ауыр әрі ақысы жеткіліксіз жұмыс, сондықтан оның барлық оң және сол тұстарын мұқият қарау қажет. 14,2%-ы белгілі бір тәуекелдер болғандықтан, қызметкерлер қауіпсіздігін сақтау маңызды деп санайды. Өз туған елінде мансаптың дамуы мүмкіндігіне кері әсер етеді деп есептейтіндер - 12,1% (№36 диаграмма).

**№36 кесте. «Қазақстандықтардың шетелдегі (Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, Ресей және т.б) төмен білікті маусымдық жұмыстары туралы Сіз не ойлайсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**




Көшуді жоспарлап отырған респонденттердің жартысы дерлік барған жаңа елдерінде жұмысқа дербес өздері орналасуды ойлап отыр, бұл жерде олардың 18,2%-ы көшкенге дейін, 31,2%-ы көшкеннен кейін жұмыс іздеуді жоспарлауда. 21,6%-ы мамандардан, 15,2%-ы таныс, туыс, достардан көмек сұрамақ ниетте (№37 диаграмма).

**№37 диаграмма. «Жаңа елде Сіз жұмысқа қалай орналасуды жоспарлап отырсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бұл сұраққа тек Қазақстаннан көшуді жоспарлап отырған респонденттер жауап береді – 269 респ.), %**



Көшуді ойлаған респонденттердің 31,2%-ында шетелде өздері барғанда тоқтай алатын туыстары, достары мен таныстары тұрады. Респонденттердің 26,4%-ы туыстарына тоқтай алатынына сенімді емес. Көшуді жоспарлаған респонденттердің 42,4%-ында шетелде ешкім тұрмайды (№38 диаграмма).

**№38 диаграмма. «Қажет болған жағдайда Сіз тұруға тоқтай алатын шетелде тұрып жатқан Сіздің туыстарыңыз, достарыңыз, таныстарыңыз бар ма?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бұл сұраққа тек Қазақстаннан көшуді жоспарлап отырған респонденттер жауап береді – 269 респ.), %**



Шетелдегі өз таныс, достарында, туыстарында тұруға тоқтай алатыны туралы сенімділіктің жоғары пайызы сауалға қатысқан орыстарда байқалды (39,7%, қазақтар – 28,8%, өзгелер – 25,0%). Шетелде таныстары жоқ екенін өзге этникалық топ респонденттері жиі көрсетті (50,0%, қазақтар – 45,8%, орыстар – 31,5%). Жалпылай алғанда сауалға қатысушы орыстардың 28,8%-ы қазақтардың 25,6%-ы, өзге этникалық топ өкілдерінің 25,0%-ы өздерінде шетелде тұрып жатырған туыс, таныс, достар бар екенін, бірақ өздерінің оларда тұру үшін тоқтай алатынына сенімді емес екендігін жеткізді (№62 кесте).

**№62 кесте. «Қажет болған жағдайда Сіз тұруға тоқтай алатын шетелде тұрып жатқан Сіздің туыстарыңыз, достарыңыз, таныстарыңыз бар ма?» сауалына жауаптардың этникалық топтар бойынша бөлінуі, %**

|                                                                              | Қазақ | Орыс | Өзгелер |
|------------------------------------------------------------------------------|-------|------|---------|
| Иә, тұрып жатырғандар бар және мен оларда тоқтай алатыныма сенімдімін        | 28,6  | 39,7 | 25,0    |
| Иә, тұрып жатырғандар бар, бірақ мен оларда тоқтай алатыныма сенімді емеспін | 25,6  | 28,8 | 25,0    |
| Жоқ, ешкім тұрып жатырған жоқ                                                | 45,8  | 31,5 | 50,0    |
| Жауап беру қиын                                                              | -     | -    | -       |

Осылайша, шетелде жұмысқа орналасуға қатысты артып келе жатырған оптимизмге қарамастан, жұмысқа тұру мен маусымдық жұмыстар туралы түрлі пікір мен көзқарастар бар. Шетелде байланыс пен көмектің қолжетімді болуы да көшуді жоспарлау мен жаңа жерге бейімделуде маңызды орын алады.

#### 4. ОҚУ МИГРАЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

##### Оқу миграциясының ауқымын бағалау

Оқу миграциясы жастар ұтқырлығының негізі түрлерінің бірі болып табылады. Бұл білім алу үшін студенттердің үнемі қозғалыста болуымен негізделеді және бұл білім алмасу, мәдени өзара әрекет пен халықаралық байланыстың нығаюына ықпалын тигізеді. Оқу миграциясының ауқымын бағалау білімдік ұтқырлықтағы тенденцияларды түсінуге, негізгі бағыттары мен шетелдегі оқу орындарын таңдауға ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді.


Респонденттерге бірінші кезекте отандық және шетелдік екі әріптес ЖОО-ның білім беру бағдарламалары бойынша оқу мүмкіндігінен өздерінің қаншалықты хабардар екендігін бағалау ұсынылды. Респонденттердің 45,7%-ы кейбір қазақстандық жоғары оқу орындарындағы қос диплом алу мүмкіндіктері туралы біледі, олардың ішінде 5,8%-ы осындай бағдарлама бойынша оқыған/оқып жатыр. 14,5%-ы мүмкіндіктер туралы біледі, бірақ нақты қай ЖОО-да осылай оқу мүмкін екенін білмейді. 50,9%-ы бұл мүмкіндіктер туралы білмейді, олардың ішіндегі 25,8%-ы бұл туралы білуге қызығушылық танытса, 25,1%-ын бұл қызықтырмайды (№39 диаграмма).

**Диаграмма №39. «Қазақстанның кейбір ЖОО-ларындағы қос диплом алу мүмкіндігі (отандық және шетелдік екі әріптес ЖОО-лардың білім беру бағдарламасы бойынша оқу нұсқасы) туралы Сіз білесіз бе?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Респонденттердің ширек бөлігі дерлік Қазақстанда оқуға түсуді немесе оқуды жалғастыруды, 11,3%-ы шетелде оқуды жоспарлап отыр. Ал 64,2%-ы оқуға түсуді немесе жалғастыруды жоспарлап отырған жоқ (№40 диаграмма).

**№40 диаграмма. «Сіз Қазақстанда немесе шетелде оқуға түсуді немесе колледжде/университетте жалғастыруды (PhD докторы/магистр дәрежесін алу) жоспарлап отырған жоқсыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**



Шетелде оқуға ниеттілердің ең жоғары пайызы ең жас 14-18 жас тобында болды (17,9%, 19-23 жас – 14,4%, 24-28 жас – 9,3%, 29-34 жас – 5,0%). Қазақстанда

оқуға қатысты ниеттерін де жиі білдіргендер 14-18 жас тобы (49,7%, 19-23 жас – 29,1%, 24-28 жас – 10,3%, 29-34 жас – 10,0%) (№63 кесте).

**№63 кесте. «Сіз Қазақстанда немесе шетелде оқуға түсуді немесе колледжде/университетте жалғастыруды (PhD докторы/магистр дәрежесін алу) жоспарлап отырған жоқсыз ба?» сауалына жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %**

|                                      | 14-18 жас | 19-23 жас | 24-28 жас | 29-34 жас |
|--------------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| Иә, ШЕТЕЛДЕ оқуды жоспарлаудамын     | 17,9      | 14,4      | 9,3       | 5,0       |
| Иә, ҚАЗАҚСТАНДА оқуды жоспарлаудамын | 49,7      | 29,1      | 10,3      | 10,0      |
| Оқу жоспары жоқ                      | 32,4      | 56,5      | 80,4      | 84,9      |

Этникалық тұрғыдан алғанда «Сіз Қазақстанда немесе шетелде оқуға түсуді немесе колледжде/университетте жалғастыруды (PhD докторы/магистр дәрежесін алу) жоспарлап отырған жоқсыз ба?» сауалына «Иә, Қазақстанда оқуды жоспарлаудамын» деп жауап берген орыстар – 25,4%, қазақтар - 24,5%, өзге этникалық топ өкілдері - 21,5% (№64 кесте).

**№64 кесте. «Сіз Қазақстанда немесе шетелде оқуға түсуді немесе колледжде/университетте жалғастыруды (PhD докторы/магистр дәрежесін алу) жоспарлап отырған жоқсыз ба?» сауалына жауаптардың этникалық топтар бойынша бөлінуі, %**

|                                      | Қазақтар | Орыстар | Өзгелер |
|--------------------------------------|----------|---------|---------|
| Иә, ШЕТЕЛДЕ оқуды жоспарлаудамын     | 11,4     | 7,7     | 17,4    |
| Иә, ҚАЗАҚСТАНДА оқуды жоспарлаудамын | 24,5     | 25,4    | 21,5    |
| Оқу жоспары жоқ                      | 64,1     | 66,9    | 61,2    |


Шетелде, сонымен бірге Қазақстанда оқуды жалпы алғанда қала тұрғындары жиі жоспарлап отыр (13,5% бен 25,0% тиісінше). Салыстыру үшін, сауалға қатысқан ауыл тұрғындарының 7,6%-ы өзге елде, 23,5%-ы Қазақстанда оқуды жоспарлауда (№65 кесте).

**№65 кесте. «Сіз Қазақстанда немесе шетелде оқуға түсуді немесе колледжде/университетте жалғастыруды (PhD докторы/магистр дәрежесін алу) жоспарлап отырған жоқсыз ба?» сауалына жауаптардың елді мекен типтері бойынша бөлінуі, %**

|                                      | Қала | Ауыл |
|--------------------------------------|------|------|
| Иә, ШЕТЕЛДЕ оқуды жоспарлаудамын     | 13,5 | 7,6  |
| Иә, ҚАЗАҚСТАНДА оқуды жоспарлаудамын | 25,0 | 23,5 |
| Оқу жоспары жоқ                      | 61,5 | 68,9 |


Шетелді оқуды жоспарлаған респонденттердің 22,7%-ы АҚШ-та оқып жүргенін немесе оқуды жоспарлап отырғанын жеткізді, 20,0%-ы - Түркияны, 19,1%-ы Ресейді, 12,4%-ы Қытайды көрсетті (№41 диаграмма).

**№41 диаграмма. «Сіз қай елде оқып жүрсіз немесе оқуды жоспарлап отырсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бұл сұраққа тек шетелде оқуға түсуді немесе колледжде/университетте жалғастыруды (PhD докторы/магистр дәрежесін алу) жоспарлап отырған респонденттер жауап береді), %**



Ұлыбританияда оқып жүрген немесе оқуды жоспарлаған респонденттер - 22,9%. 17,1%-ы Біріккен Араб Әміратын (БАЭ), 11,4%-ы Германияны таңдауда (№42 диаграмма).

**№42 диаграмма. «Сіз қай елде оқып жүрсіз немесе оқуды жоспарлап отырсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі, %**  
ЕЛДЕР (Еуропа, Азия елдері, Басқа елдер)



Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің жартысынан астамы қос диплом алу мүмкіндігінен хабарсыз. Оқуды жоспарлау жас топтары арасында едәуір айырмашылық барын көрсетті, бұл жерде жас респонденттер оқу миграциясына мейлінше бейім. Оқу миграциясы үшін танымал бағыттар АҚШ, Түркия, Ресей және Қытай болып отыр, бұл осы елдердің оқу стандарттары мен сол елдердегі оқу мүмкіндіктерін тану, мойындауды білдіруі мүмкін.

**Оқу миграциясының шешуші push-pull факторлары**

Оқу миграциясына ықпал ететін шешуші факторларды талдай отырып, жастардың шетелде оқу туралы шешім қабылдауын анықтайтын негізгі факторларды бөліп көрсетуге болады. Дәл осы факторлар бірігіп, студенттердің оқу миграциясына ынтасын қалыптастырады, олардың оқу орны мен кейінгі өмір орнын таңдауын анықтайды.

Шетелдік оқу орындарында оқу үшін негізгі тартымды (pull) факторлар:

- «Сапалы білім алу» – 2024 жылы - 59,1%, 2022 жылы - 62,1%;
- «Әлемді көру, дүниетанымды кеңейту» – 2024 жылы - 26,2%, 2022 жылы - 29,6%;
- «ЖОО-лар рейтингісі жоғары» – 2024 жылы - 18,2%, 2022 жылы - 25,4%.

Сонымен қатар респонденттер Қазақстан білім беру жүйесінің кемшіліктері ретінде келесі факторларды (push факторы) атады:

- «Мені қызықтырған саланың Қазақстанда дамуы жеткіліксіз» – 2024 жылы 13,3%, 2022 жылы - 4,1%;
- «Өз-өзінді жүзеге асыру мен мансап үшін Қазақстанда мүмкіндіктер аз» – 2024 жылы - 10,7%, 2022 жылы - 9,5%;
- «Қазақстанда қажет ЖОО, оқыту-дайындау профилі жоқ» – 2024 жылы - 10,2%, 2022 жылы 3,0%;
- «ЖОО бітірген соң Қазақстанда жұмыс табу қиын» – 2024 жылы - 6,7%, 2022 жылы - 6,5% (№66 кесте).


**№66 кесте. «Сіз неліктен шетелде оқуды таңдадыңыз немесе таңдайсыз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бұл сұраққа тек шетелде оқуға түсуді немесе колледжде/университетте жалғастыруды (PhD докторы/магистр дәрежесін алу) жоспарлап отырған респонденттер жауап береді)**

|                                                                             | 2022 | 2024* |
|-----------------------------------------------------------------------------|------|-------|
| Сапалы білім алу                                                            | 62,1 | 59,1  |
| Әлемді көру, дүниетанымды кеңейту                                           | 29,6 | 26,2  |
| ЖОО-лар рейтингісі жоғары                                                   | 25,4 | 18,2  |
| Мені қызықтырған саланың Қазақстанда дамуы жеткіліксіз                      | 4,1  | 13,3  |
| Тіл үйрену мүмкіндігі                                                       | 23,1 | 13,3  |
| Оқуға түсерде ҰБТ нәтижелері маңызды емес, түсу емтихандарын тапсыру керек  | 23,7 | 12,9  |
| Өз-өзінді жүзеге асыру мен мансап үшін Қазақстанда мүмкіндіктер аз          | 9,5  | 10,7  |
| Бітірген соң жұмысқа орналасу мен тұру мүмкіндігі                           | 24,3 | 10,7  |
| Қазақстанда қажет ЖОО, оқыту-дайындау профилі жоқ                           | 3,0  | 10,2  |
| Бюджеттік орынға түсу мүмкіндігі көбірек                                    | 19,5 | 9,3   |
| Ғылыммен, зерттеумен шұғылдану мүмкіндігі бар                               | 14,2 | 8,9   |
| Дербес болуға үйретеді                                                      | -    | 8,9   |
| ЖОО-лардың жақсы жабдықталуы                                                | 18,3 | 8,4   |
| Жоғары стипендия                                                            | 14,2 | 8,4   |
| ЖОО бітірген соң Қазақстанда жұмыс табу қиын                                | 6,5  | 6,7   |
| Жайлы жатақханалардың болуы                                                 | 16,0 | 3,1   |
| Шетелде досым, туысым, танысым оқып та жатыр                                | 7,7  | 3,1   |
| Университет/институтқа түсудің, қабылдаудың мейлінше жеңілдетілген шарттары | 13,6 | 2,7   |
| Көрнекті оқу корпусы                                                        | 5,3  | 2,2   |
| ЖОО-лар ақпараттық жұмысты алдан ала жүргізіп, озық оқушыларды таңдап алады | -    | 1,3   |
| Көрсетілгендердің барлығы                                                   | -    | 0,4   |
| Жауап беру қиын                                                             | 0,6  | 1,3   |

\* Жиынтығы 100%-ға тең емес, өйткені респондент жауаптың бірнеше нұсқасын таңдап ала алатын еді.

Респонденттердің 73,8%-ы шетелдегі оқу аяқталған соң Қазақстанға қайтып келуді жоспарлап отыр («иә, әрине, қайтып келемін» + «иә деуге болады»). Респонденттердің 16,5%-ы елге қайтып келмейтіндіктерін атады («жоқ деуге болады» + «сөзсіз қайтып келмеймін»). Бұл ретте 2022 жылы қайтып келуді жоспарлаған респонденттер үлесі 14,3%-ға төмен (59,5%) (№43 диаграмма).

**№43 диаграмма. «Оқу аяқталған соң Сіз өз еліңізге/аймағыңызға қайтуды жоспарлап отырсыз ба?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бұл сұраққа тек шетелде оқуға түсуді немесе колледжде/университетте жалғастыруды (PhD докторы/магистр дәрежесін алу) жоспарлап отырған респонденттер жауап береді) – 225 респ.)**



Шетелдегі оқу туралы респонденттердің 40,4%-ы әлеуметтік желілерден, 20,0%-ы БАҚ пен Интернет арқылы, 15,6%-ы ата-ананың, туыстар мен достардың ақыл-кеңесі арқылы білген. 2022 жыл деректеріне қарасақ, БАҚ пен интернет барынша танымал дереккөз болғанын байқаймыз, 41,2%-ы осы дереккөзді атаған болатын (21,2%-ға түскен.) Сол сияқты ата-ананың, туыстар мен достардың ақыл-кеңесінің танымалдылығы да 2022 жыл респонденттері арасында жоғары болды (5,8%-ға). 2022 жылдың респонденттері сонымен қатар шетелдегі оқу туралы білім беру мекемелерінен жиі білді (12,0%), 4,0%-ға көбірек (№67 кесте).

**№67 кесте. «Шетелдегі оқу туралы Сіз қандай дереккөзден білдіңіз?» сауалына жауаптардың бөлінуі (бұл сұраққа тек шетелде оқуға түсуді немесе колледжде/университетте жалғастыруды (PhD докторы/магистр дәрежесін алу) жоспарлап отырған респонденттер жауап береді)**

|                                                                                                              | 2022 | 2024 |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|------|
| Әлеуметтік желілер                                                                                           | 41,8 | 40,4 |
| БАҚ пен Интернет                                                                                             | 41,2 | 20,0 |
| Ата-ананың, достардың туыстардың ақыл-кеңесі                                                                 | 21,4 | 15,6 |
| Қазақстанның білім беру мекемелері (мектеп/колледж/университет)                                              | 12,0 | 8,0  |
| Бізге ол оқу орындарының өкілдері келді, таныстырылымдар, әңгімелесулер өткізді                              | 5,5  | 5,8  |
| Мұғалімдер/оқытушылар, кәсіби бағдар беруші менеджерлер кеңес берді                                          | 5,3  | 4,4  |
| Осы ЖОО-ларда бұрын оқыған шетелдік студенттердің ұсынбалары                                                 | 4,5  | 3,1  |
| Болашақ студенттер баратын елдің білім беруді ұйымдастырумен айналысатын мемлекеттік органдары/министрліктер | 5,4  | 1,3  |
| Халықаралық білім беру ұйымдарының өкілдері                                                                  | 4,4  | 0,9  |
| Жауап беру қиын                                                                                              | 1,8  | 0,5  |

Барлық жас топтары үшін, әсіресе 24-28 жас (41,0%) пен 29-34 жас (46,9%) топтары респонденттері үшін әлеуметтік желілер шетелдегі оқу туралы барынша танымал ақпарат көзі болып табылады. Сауалға қатысқан 19-24 жас тобы үшін мейлінше маңызды ақпарат көзі - БАҚ пен Интернет (26,2%).

Ең жас 14-18 жас тобы үшін ата-ананың, достардың туыстардың ақыл-кеңесі - басты ақпарат көзі (21,5%). Басқа жас топтарымен салыстырғанда 24-28 жас тобы респонденттер шетелдегі оқу туралы маңызды ақпарат көзі ретінде Қазақстанның білім беру мекемелерін, мектеп, колледж, университеттерді жиі атады (12,8%) (№68 кесте).

**№68 кесте. «Шетелдегі оқу туралы Сіз қандай дереккөзден білдіңіз?» сауалына жауаптардың жас топтары бойынша бөлінуі, %**

|                                                                                                              | 14-18 жас   | 19-23 жас   | 24-28 жас   | 29-34 жас   |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|-------------|-------------|-------------|
| Әлеуметтік желілер                                                                                           | 39,8        | 37,7        | <b>41,0</b> | <b>46,9</b> |
| БАҚ пен Интернет                                                                                             | 15,1        | <b>26,2</b> | 20,5        | 21,9        |
| Ата-ананың, достардың туыстардың ақыл-кеңесі                                                                 | <b>21,5</b> | 11,5        | 7,7         | 15,6        |
| Қазақстанның білім беру мекемелері (мектеп/колледж/университет)                                              | 6,5         | 9,8         | <b>12,8</b> | 3,1         |
| Бізге ол оқу орындарының өкілдері келді, таныстырылымдар, әңгімелесулер өткізді                              | 5,4         | 6,6         | 5,1         | 6,3         |
| Мұғалімдер/оқытушылар, кәсіби бағдар беруші менеджерлер кеңес берді                                          | 1,1         | 1,6         | -           | 3,1         |
| Осы ЖОО-ларда бұрын оқыған шетелдік студенттердің ұсынбалары                                                 | 5,4         | 4,9         | 2,6         | 3,1         |
| Болашақ студенттер баратын елдің білім беруді ұйымдастырумен айналысатын мемлекеттік органдары/министрліктер | 4,3         | 1,6         | 5,1         | -           |
| Халықаралық білім беру ұйымдарының өкілдері                                                                  | 1,1         | -           | 2,6         | -           |
| Жауап беру қиын                                                                                              | -           | -           | 2,6         | -           |

Әлеуметтік желілер сауалға қатысқан қазақтар үшін шетелдік оқу туралы басты ақпарат көзі болып табылады (44,5%), оның танымалдығы орыстар (18,2%) мен өзге этникалық топ өкілдері (28,6%) арасында төмендеу. БАҚ пен Интернет өзге этникалық топ өкілдері үшін мейлінше маңызды (38,1%, қазақтар – 18,1%, орыстар – 18,2%). Сауалға қатысушы орыстар үшін ата-ананың, достардың туыстардың ақыл-кеңесі маңызды ақпарат көзі (40,9%, қазақтар – 12,1%, өзгелер – 19,0%) (№69 кесте).

**№69 кесте. «Шетелдегі оқу туралы Сіз қандай дереккөзден білдіңіз?» сауалына жауаптардың этникалық топтар бойынша бөлінуі, %**

|                                                                                                              | Қазақтар    | Орыстар     | Өзгелер     |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|-------------|-------------|
| Әлеуметтік желілер                                                                                           | <b>44,5</b> | 18,2        | 28,6        |
| БАҚ пен Интернет                                                                                             | 18,1        | 18,2        | <b>38,1</b> |
| Ата-ананың, достардың туыстардың ақыл-кеңесі                                                                 | 12,1        | <b>40,9</b> | 19,0        |
| Қазақстанның білім беру мекемелері (мектеп/колледж/университет)                                              | 8,8         | 4,5         | 4,8         |
| Бізге ол оқу орындарының өкілдері келді, таныстырылымдар, әңгімелесулер өткізді                              | 4,9         | 9,1         | 9,5         |
| Болашақ студенттер баратын елдің білім беруді ұйымдастырумен айналысатын мемлекеттік органдары/министрліктер | 1,6         | -           | -           |
| Мұғалімдер/оқытушылар, кәсіби бағдар беруші менеджерлер кеңес берді                                          | 4,4         | 9,1         | -           |

|                                                              |     |   |   |
|--------------------------------------------------------------|-----|---|---|
| Осы ЖОО-ларда бұрын оқыған шетелдік студенттердің ұсынбалары | 3,8 | - | - |
| Халықаралық білім беру ұйымдарының өкілдері                  | 1,1 | - | - |
| Жауап беру қиын                                              | 0,5 | - | - |

Осылайша сапалы білім алу ниеті негізгі pull-фактор болып табылады. Бұл ретте жастардың көпшілігі шетелдік оқу аяқталғаннан кейін елге қайтуға дайын. Шетелде білім алу мүмкіндіктері туралы ақпаратты респонденттері негізінен БАҚ пен интернет арқылы алады, дегенмен сауалға қатысушылар сонымен бірге әлеуметтік желідегі жарнамалар мен жақын адамдарының ақыл-кеңесіне де құлақ түреді. Бұл шетелде оқу туралы ақпарат таратуда көп арналы көзқарастың маңыздылығы мен тиімділігін білдіреді.

## ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Респонденттердің көпшілігі өмір сүру деңгейінің артқанын атады. Олардың 61,4%-ы өз өмірі мен өз отбасыларының өмірі соңғы жыл ішінде жақсарды деген пікірде. Сауалға қатысушылардың 33,4%-ында өмір сүру деңгейі өзгермеген. Тек 4,7%-ы ғана соңғы жылда өмір сүру деңгейі нашарлағанын көрсетті. Бұл ретте 2022 жылғы сауал нәтижелерімен салыстырғанда 2024 жыл респонденттерінде бүгінгі күнгі өз жағдайларын бағалауда оптимизм басым. Этникалық топтар тұрғысынан алғанда соңғы жылда жағдайларының жақсарғанын өзгелерге қарағанда қазақтар жиі көрсетті. Ал шекаралас аймақтар тұрғысынан өз өмірлеріне қатысты оптимистік көңіл-күйді сауалға қатысқан Абай (100%), Қызылорда облыстарының (81,1%) тұрғындары байқатты. Басқа аймақтарға қарағанда жағдайдың нашарлауын сауалға қатысқан Батыс Қазақстан облысының (10,8%) тұрғындары жиі атады. Атырау облысы респонденттерінің 61,1%-ы өз өмір сүру деңгейінің тұрақтылығын атап өтті.

Материалдық жағдайға келсек, респонденттердің 9,4%-ы мейлінше жоғары қаржылық деңгейді атады. 22,0%-ы ұзақ мерзімді тауарлардың көбін сатып алуға қауқарлы. 48,9%-ы негізінен өздері тапқан қаражатқа, 30,9%-ы ата-ана табысына өмір сүруде. Сауалға қатысушылардың 56,6%-ы өз материалдық жағдайын жақсы деп бағалады. Аймақтар бойынша жалпы барлық аймақтар, оның ішінде шекаралас аймақтар да өз материалдық жағдайларын жақсы немесе орташа деп бағалап отыр. Бұл жағдайда респонденттер бәрінен бұрын қаржыны азық-түлікке, киім мен аяқ киімге жұмсайды.

Респонденттердің көпшілігі депозиттік-кредиттік қызметті пайдаланбайды, бұл қаржылық ұйымдардың жастар арасында төмен танымалдығынан және жастардың қаржылық ұйымдарға деген сенбеушілігінен хабар беруі мүмкін. Десе де, 33,0%-ы бөліп төлеуі барлығын, 26,1%-ы тұтыну несиесі барлығын, 23,2%-ы тұрмыстық техникаға несие алғанын көрсетті.

Сауалға қатысқан жастар үшін жұмысқа тұрудың мейлінше тартымды салалары - бизнес/кәсіпкерлік (58,3%), IT (49,0%) және қаржы. (48,9%). Ал тартымдылық деңгейі барынша төмен болған салалар - техникалық персонал (49,1%) мен ауыл шаруашылығы (41,4%). Жалақы перспективасы туралы айтқан респонденттердің 16,4%-ы өздерін айына 500 000 теңге жалақы толық қанағаттандыратынын атады.

Респонденттердің 78,3%-ы бір жылдан кейін өздері және өз отбасылары қазіргіден жақсы тұрады деген ойда, бұл жалпы оң көңіл-күйді білдіреді. 2022 жыл респонденттерінде өз болашағына қатысты оптимистік көңіл басымдау (84,8%) болғанын атап кеткен жөн, 2024 жылы көрсеткіш 6,5%-ға төмендеді. Сауал нәтижелері бойынша болашаққа деген оптимистік көңіл респонденттің материалдық жайлылығымен тікелей пропорционалды.

Көпшілігі жергілікті жастар жақсы тұрады деп көрсетті (72,5%). Өмірге қанағаттануың мейлінше жоғары пайыздары Абай (92,5%), Солтүстік Қазақстан (89,3%), Қостанай (83,1%) облыстары мен Шымкент қаласы (90,2%) респонденттерінде байқалды. Сонымен бірге негативті көзқарасты Алматы мен Шығыс Қазақстан облыстарының респонденттері жиі атады..

Сонымен қатар жеке, меншіктік жағдайына қатысты алғанда көпшілігі өз өмірлеріне риза (82,3%). Бұл ретте инфроқұрылымға қатысты жастарды алаңдатып отырған 5-топ мәселе бар: нашар жолдар (56,5%), жолдарға сапасыз қызмет (51,0%), аула мен көшелердің жарықпен жеткіліксіз қамтылуы немесе оның болмауы (46,5%), мүгедектігі бар адамдарға инфроқұрылымның болмауы (45,6%), қоғамдық көліктің нашар жұмысы (42,3%).

Дискриминация мәселесіне қатысты респонденттердің көпшілігі қандай болса да белгілер бойынша дискриминация факторларымен ұшыраспаған.

Респонденттердің көпшілігі (78,7%) өз елді мекеніндегі ұлтаралық қатынастарды жақсы деп бағалады («4» пен «5» бағаларының жиынтығы), бұл ретте 80,5% респонденттер өз елді мекенінде ұлтаралық негізде жанжал-қақтығыстың болу мүмкіндігі жоқ деп санайды. Аймақтар тұрғысынан алғанда Алматы қаласының (40,4%), сол сияқты Алматы (29,7%), Маңғыстау (22,2%), Жамбыл (22,0%), Қызылорда (16,5%), облыстарының және Шымкент қаласының (18,0%) сауалға қатысушылары өз елді мекендерінде ұлтаралық жанжал-қақтығыстың туындау мүмкіндігін жиірек болжап отыр. Ал Абай (100,0%) мен Атырау облыстарында (73,6%) осы негізде жанжалдар туындау мүмкіндігі мейлінше аз болжанды. Респонденттер қорлау-жәбірлеу әлеуметтік желіде, интернетте жиі кездесетінін атады (52,2%). Сауалға қатысушылардың жартысынан астамы буллингпен ешқашан кездеспеген. Респонденттер жәбірлеумен (18,2%), кемсітушілікпен (12,5%), физикалық агрессиямен (11,5%), жәбірлеу ескертпелерімен (11,1%) жиі ұшырасқанын көрсетті.

Толеранттылықтың жеке деңгейіне қатысты айтсақ, сұралған жастардың 27,3%-ы егер жақындарының, дос, таныстарының, әріптестерінің сексуалды азшылыққа жататыны туралы хабарды білген жағдайда оны қабылдамайды және алдағы уақытта олармен араласпауға тырысады. 27,6%-ы өздерінің сексуалдық бағыт-бағдарға бейжай қарайтындықтарын жеткізді. Сауалға қатысқан ер адамдар өздерінің сексуалды азшылыққа теріс көзқарастарын мейлінше категориялық түрде білдірді. Мейлінше оң көзқарасты білдіргендер - Маңғыстау (16,0%) мен Батыс Қазақстан облыстары (13,8%). Осындай хабарға барынша теріс көзқарасты Абай (88,7%), Жамбыл облыстары (52,0%) мен. Шымкент қаласының (40,6%) респонденттері білдірді, олар бұны қабылдамайды және араласуды тоқтатады. .

Осы кезеңдегі қазақстандық жастар арасындағы ең танымал тренд жоғары ұтқырлық болып тұр. Сонымен бірге 41,8% респонденттер ерте еңбек белсенділігін, 36,9%-ы фрилансқа, 31,2%-ы исламдануға, 27,0%-ы отбасылық параметрлердің өзгеруіне (аз бала болуы, сологимия) трендтерді көрсетті.

Сонымен бірге зерттеу респонденттердің өз-өзін тануының негізгі аспектілерін және олардың тұрғындардың түрлі топтарымен бірлікте болу сезімдерін анықтады. Респонденттер бірінші кезекте өздерін ұлтына (50,1%), жынысына (49,6%), жас тобына (41,8%) қарай таниды. Жалпылық/бірлікте болу сезіміне келсек, респонденттер бірінші кезекте өздерінің Қазақстан азаматтарымен бірлікте екенін сезінеді (39,3%). 17,3%-ы өз қаласы/ауылы тұрғындарымен бірлікті сезінсе, 14,7%-ы өз замандас-қатарластарымен бірлікті сезінетіндіктерін жеткізді.

Оқу миграциясына қатысты респонденттердің көпшілігі (61,5%) қазақстандық жастардың өзге елдерге оқуға кетіп жатқанына оң көзқараста. 2022 жыл нәтижелерімен салыстырғанда респонденттер оқу миграциясына қатысты позитивті бола түскен. Шетелдік білім алуға мейлінше оң көзқарасты Ұлытау (100,0%,) Ақтөбе (96,7%), Жамбыл (81,3%) және Батыс Қазақстан (80,0%) облыстарының респонденттері білдірді. Өз кезегінде мәселеге теріс көзқарасты жиі көрсеткендер - Маңғыстау (20,9%), Алматы (18,9%), Костанай (16,9%), Жетісу (15,4%) облыстары мен Алматы қаласы (17,6%) респонденттері. Өз отандастарының шетелдегі табыстарын естіген респонденттердің 47,9%-ы олар үшін мақтаныш сезімінде болса, 73,2%-ы өз мамандықтарымен мансаптық табысқа жету Қазақстанда жеңіл болады деп санайды. 10,9%-ы өздеріне басқа елде жеңіл болатынын атады.

Аймақтар бойынша әлеуетті миграциялық ағын белсенділігінің үш тобы бөлініп тұр: жоғары белсенділік (40,0% және одан жоғары), орташа белсенділік (20,0%-дан 40,0%-ға дейін), төмен белсенділік (20,0%-ға дейін). Жоғары белсенділік тобына Батыс Қазақстан облысы (43,1%) мен Жетісу облысы (40,0%) кірді. Бұл ретте респонденттердің материалдық жағдайын ескергенде, елден кетуге табыс деңгейі жоғары респонденттер мейлінше ниетті болып тұр (21,7%).

Жедел көшу ниеті 2024 жылғы сауалға қатысушылар арасында аздап өскен. Егер 2022 жылы жедел көшуді жоспарлаған әлеуетті эмигранттар 7,4% болса, 2024 жылы олардың пайызы 8,2%-ға дейін өсті. Елден кетуге ниетті жастардың болжамды бейнесі: 14-18 жас аралығындағы жастар, орыс этникалық тобы өкілдері, қалалық жерде тұрған жастар.

Миграцияның негізгі pull-факторларына келсек, респонденттердің көпшілігі (56,6%) жастарды жұмыс пен жалақы бойынша жаңа мүмкіндіктер қызықтырады деп санайды. 51,1%-ы өмірінің экономикалық деңгейін жақсарту үшін көшуге ниетті болса, 41,8%-ы жұмысқа тұрудың барынша кең мүмкіндіктерін іздеуге ұмтылады. Көшуге ниеттілердің 31,0%-ы мейлінше сапалы білімге қол жеткізуге ынталы екенін білдірді. Бұл жерде көшуді жоспарлағандардың жартысынан сәл астам бөлігі Қазақстаннан кетудегі кедергілердің бірі ретінде ақша жетіспеушілін атады. Ширек бөлігі дерлік туыстары мен достарын тастап кеткісі келмейтіндіктерін сезінеді.

Қазақстандық жастардың еңбек миграциясының ағымдағы ауқымдарына қатысты айтсақ, сауалға қатысушы жастардың 27,4%-ы табыс үшін өз елді мекенінен тыс жерлерге, қалаға (ауылға) барады, Респонденттер табыс табу үшін Алматы қаласына жиі барады. Табыс табу үшін елді мекеннен шығудың ең жоғары пайыздық көрсеткіші Алматы облысында (45,9%), Түркістан облысында (33,3%) және Шымкент (39,8%) пен Алматы (39,1%) қалаларында байқалады. Респонденттердің 44,3%-ы өз біліктілігі мен білім деңгейіндегі маманда шетелде жұмысқа тұру үшін айтарлықтай жоғары мүмкіндіктер бар деп есептейді. Шетелдегі маусымдық біліктілігі төмен жұмыстар бойынша респонденттердің 29,4%-ы бұл өз еңбегіне лайықты ақы мен тәжірибе алу мүмкіндігі деп ойлайды. 18,3%-ы шетелдегі жұмыс көкжиекті кеңейтіп, жаңа әлеуметтік дағдылар алуға көмектеседі деп есептейді.

Көшуді жоспарлап отырған респонденттердің жартысы дерлік барған жаңа елдерінде жұмысқа дербес өздері орналасуды жоспарлайтынын білдірді, бұл жерде олардың 18,2%-ы көшкенге дейін, 31,2%-ы көшкеннен кейін жұмыс іздеуді жоспарлап отыр. Көшуді ойлаған респонденттердің 31,2%-ында шетелде өздері барғанда тоқтай алатын туыстары, достары мен таныстары тұрады.

Сонымен бірге зерттеу аясында жастардың оқу миграциясы тенденциялары бағаланды. Респонденттердің 45,7%-ы кейбір қазақстандық жоғары оқу орындарындағы қос диплом алу мүмкіндіктері туралы біледі, олардың ішінде 5,8%-ы осындай бағдарлама бойынша оқыған/оқып жатыр. Респонденттердің ширек бөлігі дерлік Қазақстанда оқуға түсуді немесе оқуды жалғастыруды жоспарлауда, 11,3%-шетелде оқуды жоспарлап отыр. Шетелді оқуды жоспарлаған 225 респонденттің 22,7%-ы АҚШ-та оқып жүргенін немесе оқуды жоспарлап отырғанын жеткізді,

Сапалы білім, дүниетанымды кеңейту мүмкіндігі, ЖОО-лардың жоғары рейтингі шетелде оқу үшін негізгі тартушы pull-факторлар болып табылады. Респонденттердің 73,8%-ы шетелдегі оқу аяқталған соң Қазақстанға қайтып келуді жоспарлап отыр. 16,5%-ы елге қайтып келмейтіндіктерін атады. Шетелдегі оқу туралы респонденттердің 40,4%-ы әлеуметтік желілерден, 20,0%-ы БАҚ пен Интернет арқылы, 15,6%-ы ата-ананың, туыстар мен достардың ақыл-кеңесі арқылы білген.

Жалпы алғанда респонденттер өткен жылдармен салыстырғанда оптимизмнің артуын, өздерінің қазіргі ағымдағы жағдайы мен күтілетін болашағын оң қабылдауын көрсетуде. Оқу миграциясына деген жоғары қызығушылық пен шетелде оқуға оң көзқарас жастардың сапалы білім мен кәсіби дамуға ұмтылысын білдіреді. Жалпы оң көңіл-күйге қарамастан бұл жолда қаржылық қиындық пен жақындарды қимау сияқты кедергілер де бар

Жастардың ұтқырлығы, экономикалық жағдайды жақсарту мен жақсы мансаптық мүмкіндіктер іздеу ниеті миграцияның негізгі мотивтерін айқындап тұр, бұл ретте респонденттердің едәуір бөлігі шетелдегі оқу мен жұмыстан кейін Қазақстанға қайтып келуге дайын екенін атап кеткен жөн.

## ҰСЫНБАЛАР

Зерттеу нәтижелері негізінде қазақстандық жастардың жағдайын жақсарту мен миграциялық ағынды бақылауда ұстау мақсатында келесі ұсынбалар дайындалды:

1. **Еңбекке қабілетті тұрғындардың елден кету ағынын қысқарту бойынша кешенді стратегия дайындау.** Жастар үшін елдің тартымдылығын арттыру, білім беру мен кәсіби ортаны жақсарту және әлеуметтік инфроқұрылымды нығайту іс-шараларынан тұратын стратегия дайындау.

2. **Мектептердің көпшілігінде STEM жүйесін енгізу.** STEM жүйесін енгізу кәсіби мамандардың болашақ ұрпағы бойында сыни ойлау мен шығармашылық дағдыларды дамытуға көмектеседі. Жасанды интеллект пен робототехниканың өзектілігін ескере отырып, бірегей адами дағдылар мен таланттарды дамытуға алдын ала басымдық беру қажет.

3. **STEM-мамандықтар бойынша гранттар санын арттыру.** Жеңілдікті орындардың үлкен бөлігін жоғары-технологиялық ғылым факультеттеріне беріп, гранттарды бөлуді қайта қарау керек. Сонымен бірге кейбір STEM-мамандықтар бойынша біртіндеп тегін оқытуға көшу мүмкіндіктерін қарау ұсынылады.

4. **Қайтару бойынша бағдарламалар дайындау.** Шетелде білім алған немесе кәсіби тәжірибе алған жастарды елге қайтару бойынша мемлекеттік бағдарламалар дайындау. Бағдарламаға қайтып келген кәсіби мамандарды жұмысқа орналастыру, интеграциялау мен материалдық қолдау көрсету алгоритмдерін кіргізу.

5. **Кері миграцияны ынталандыру.** Бұл мақсатта қазақстандықтардың санасын қайта құру, жастарды қазақстандық кәсіби ортадан шығуға итермелейтін сыбайлас жемқорлық, непотизм, кастеизм сияқты аспектілерді жою бойынша ақпараттық-ағартушылық жұмыстар жүргізу қажет (соның ішінде БАҚ арқылы да).

6. **Оқудың бірінші курсынан өндірістік тәжірибеден өтуді енгізу.** Бұл студенттердің кәсіби дамуына көзқарасты түбегейлі өзгертуге және олардың жергілікті еңбек нарығына бейімделуін жеделдетуге көмектеседі. Кәсіпке ерте ену нақты тәжірибе жинақтау уақытын үнемдеуге және барлық қажетті кәсіби дағдыларды дамытуға жәрдемдеседі.

7. **Шетелдік ЖОО түлектерімен шеберлік сағаттарын өткізу үшін алаңшалар құру.** Шетелдік оқу орындары түлектерімен теориялық және тәжірибелік шеберлік сағаттарын (воркшоп) өткізу үшін жергілікті университеттер базасынан алаңшалар керек. Бұл алаңшаларда шетелдік оқу орны түлектері жергілікті студенттермен алған білімімен бөлісе алады, тәжірибе алмасу үшін жас мамандар қауымдастығын құра алады. Олардың қатысуын қаржылай немесе басқалай марапаттармен ынталандыру мүмкіндіктерін қарастыру ұсынылады.

8. **Студенттік практикаға мүмкіндік беретін ұйымдарды бақылау.** Стандарттарға сәйкестігі мен практикант-студенттермен жұмыс барысында этикалық нормалардың сақталуына тексеріс жүргізу қажет. Әдетте практикалар көбіне формальды түрде өтеді немесе студенттер үшін пайдалы болмайды. Практиканттардың ұйым жұмысына толықтай тартылуы мен өз мамандығы бойынша нақты, тәжірибелік дағдылар алатынына сенім болуы керек.

9. **Жастар миграциясы мәселелері бойынша әлеуметтік және аналитикалық зерттеулерді жүйелі түрде жүргізу.** Жастардың миграциялық көңіл-күйі трендтерін үнемі назарда ұстау, жастар ағынының артуы немесе қысқаруының ықтимал себептерін анықтап отыру қажет. Жастар арасындағы миграциялық көңіл-күйге тоқсан сайын кешенді зерттеу жүргізуді қарау.

10. **Қазақстандық тұрғын үй салушылар тарапынан еңбек етіп жатырған жастарға жеңілдікпен баспана беру жүйесін құру.** Әр жас маманның ипотекалық төлем үрдісін барынша жеңілдету үшін олардың ұйымдарындағы

көтермелеу жүйесі мен бекітілген жалақыны ескере отырып, түрлі саладағы жас мамандарға жылжымайтын мүлікті жеңілдікті несиемен беру бойынша жекелеген бағдарламаларды іске қосу. Сол сияқты бұл бағытта БАҚ жұмысын күшейту қажет.

**11. Қайтып келген кәсіби мамандар мен түлектерден кері байланыс алу.** Жастарды еңбекпен қамту және әлеуметтік қамтамасыз ету мәселелерін анықтау мен тиімді шешу үшін мемлекеттің қайта оралған оқу және еңбек мигранттарымен тұрақты байланыс арнасын құруды қамтамасыз ету қажет.

## 1. САРАПШЫЛЫҚ САУАЛ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазіргі көш-қон үрдістері мемлекеттік даму траекториясына едәуір ықпалын тигізіп отыр. Бұл тұрғыдан алғанда жастардың миграциялық көңіл-күйін зерттеу мемлекеттік стратегияны қалыптастырудың табыстылығы мен тұрақтылықтың маңызды көрсеткіші болып табылады. Өйткені жастардың әлеуметтік көңіл-күйі мен мінез-құлқы көптеген жағдайда ұлттық құрылыс процесінің тиімділігінен хабар береді және ұлт алдында тұрған өзгерістер мен сын-сынақтарды көрсетеді.

Соңғы жылдары Қазақстанда жастардың эмиграциясы, сондай ақ иммиграциясы да байқалуда. Бірі шет елдердегі жаңа мүмкіндіктер мен тәжірибе алуға ұмтылса, енді бірі ел ішінде қиындықтармен кездескендіктен және шетелдерде перспектива мүмкіндігін көріп, қалып қоюда. Қазақстандық жастар арасындағы миграциялық көңіл-күй елдің, ұлттың өзінің келешек перспективаларынан хабар бере алады.

Бүгінде көптеген жас қазақстандықтар жаңа білімді шет елдерден, әсіресе жоғары білім жүйесі дамыған елдерден алуға ұмтылуда. Жастар сонымен бірге жоғары еңбекақы мен мансаптық өсу мүмкіндіктерге байланысты миграция жасауда. Шетел тілдері мен мәдениеттерін білуге, тануға деген қызығушылық та уақытша немесе тұрақты түрде шет елдерге бару үшін қозғаушы күш болып отыр. Сонымен бірге жастардың миграциялық көңіл-күйі кейде отбасылық жағдайларға байланысты болуы мүмкін, мысалы, отбасы мүшелері шетелде тұрып жатады.

Осылайша, әлеуметтік-экономикалық дамудың осы кезеңінде қазақстандық жастардың белсенді миграциялық қозғалысы қандай да бір жалпы трендке емес, түрлі факторлардың болуымен негізделеді. Осыған байланысты мәселеге қатысты сарапшылық бағалау жастарға қатысты мемлекеттік саясатты әзірлеуде проблемалық аспектілер мен негізгі үдерістерді анықтауда көмек бола алады.

### 1. Қазақстандық жастардың миграциялық көңіл-күйі

Жастар арасындағы ағымдағы миграциялық көңіл-күйді бағалауда қазақстандық сарапшылардың көпшілігі көш-қонның теріс сальдосы сақталып отырғанын айтады. Бұл ретте, олардың пікірінше, осындай көңіл-күйдің жоғары деңгейі оқу миграциясында да, еңбек миграциясында да байқалады.

Жастардың оқу миграциясы түрлі факторлардан туындайды, оның ішіне халықаралық білім беру бағдарламаларының сапасы мен қолжетімділігі, тәжірибе мен мансаптық өсу үшін мүмкіндіктер болуы кіреді. Екінші жағынан еңбек миграциясы шетелден жоғары ақылы жұмыс табу, еңбектің барынша жақсы жағдайын немесе кәсіби мүмкіндіктер іздеумен де негізделуі ықтимал.

Бұл миграциялық тенденциялар Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ахуалға маңызды ықпал етуі мүмкін, өйткені елдің болашақ дамуында жастар негізгі ресурс пен капитал болып саналады.

*«Мен жастар арасында миграциялық көңіл-күй айтарлықтай жоғары деп санаймын. Біз мәселені әлеуметтік сауал арқылы қарадық. Бірінші кезекте, миграциялық көңіл-күйге жастардың интеллектуалды бөлігі бейім. Осындай миграцияның басты себебі оқу, ал сосын еңбек миграциясы болып табылады. Біз бұл үрдісті аймақтық аспектіде де қарастырдық. Мысалы, ауыл жастары қалаға қоныс аударса, қала жастары, Алматы, Астана, Шымкент сияқты үш ірі қала жастары эмиграцияға көбірек бейім» (Жанна Аубакирова, тарих ғылымдарының кандидаты, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің Digital social research Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы жетекшісі).*

«..Біздің жастарымыздың көпшілігі елден кетуге дайын. Бірінші кезекте мен бұны өзім жастармен жұмыс істейтін жоғары оқу орнында байқаймын, өйткені бакалавриатты аяқтаған жастардың басым бөлігі «Work and Travel» бағдарламалары бойынша шетелге шығуға ұмтылады. Екіншіден, қазіргі кезде шетелде оқуға мүмкіндік беретін «академиялық ұтқырлық» бағдарламаларына қызығушылық жоғары. Үшіншіден, біздің жастарымызда бакалавриаттан кейін шетелде магистратурада, докторантурада оқу ниеті жоғары. Осы факторларды ескере отырып, мен жылдан жылға өз болашағын өз мемлекетімен, Қазақстанмен байланыстырғысы келмейтін жастар санының өсіп келе жатқанын жиі байқаймын» (**Меруерт Тулебаева, саяси ғылымдар кандидаты, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ доценті**).

Сонымен қатар кейбір сарапшылар қалыптасқан геосаяси фрагментарлық жағдай мен пайда болған әскери жанжалдар ықпалымен миграциялық көңіл-күй деңгейінің сәл төмендегенін де көрсетті. Жастарда өз болашағына деген сенімсіздік мен үрей сезімі пайда болуда.

«Мен қазір тәуекелдер ондай жоғары емес деп есептеймін, яғни, бұрын осы геосаяси оқиғаларға дейін олардың барлығы кетуге ұмтылған еді. Ал қазір олар ойлана бастады, өйткені бұның барлығы бюджетке әсер етпек. Бірінші кезекте, иә, олар ертеңгі күнге деген қорқыныш барын айтады, әйтеуір бір үрей бар» (**Жания Хайбуллина, академиялық (ғылыми) хатшы, Халық шаруашылығы университеті**).

«Бұл жерде тек бір негативті пікір білдіру қажет емес деп ойлаймын. Жалпы мен жастардың елден кетуі жеделдеді деп айта алмаймын. Дегенмен белгілі бір тенденция сақталуда» (**Айгерим Бахтиярова, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ-дың PhD-студенті**).

Сарапшылар бағасы Қазақстанда миграцияның теріс сальдосы немесе ақылдылардың шет асуы мәселесі шынында да қоғамдық дискурста өзекті екенін көрсетеді. Бұл құбылыс жастар мен білікті мамандардың түрлі себептермен тұрақты немесе уақытша тұруға шетелге кету тенденциясын білдіреді. Топ-себептер: білім алу, мансаптық мүмкіндіктер, экономикалық тұрақсыздық, жақсы өмір сүру жағдайларын іздестіру.

Қазақстан үшін жастар миграциясының теріс сальдосы адам капиталынан айрылу, экономикалық өсу мен дамудың баяулауы, сол сияқты демографиялық өзгерістер сияқты ауыр салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан да елде білім алу мен мансаптық мүмкіндіктерді ынталандыру, экономикалық жағдайды жақсарту мен өмір сүру мен еңбек үшін жайлы орта қалыптастыру бұл мәселені талдауда негізгі болып қалады.

### **1.1. Елден кетіп жатқан жастар топтары**

2022 жылы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жастар ортасындағы миграциялық көңіл-күйді өлшеуге бағытталған «Шекралас аймақтағы жастардың оқу мен еңбек миграциясының ерекшеліктері» зерттеуін жүргізген болатын. Сол кезде сарапшылар кетіп жатқан жастардың көбінің білім деңгейі жоғары екендігін, кейбірінің жұмыс тәжірибесі барлығын және олардың қоғамның барынша экономикалық тұрақты топтарын жататынын атаған еді. Бұл қорытындылар миграциялық қозғалыстың қаржылық шығысты қажет ететіндігімен және жастардың барлығы бірдей ол шығыстарға дайын еместігімен түсіндірілді.

Сол зерттеуден екі жыл өткеннен кейін, сарапшылық бағалауға сәйкес өзге елдерге шығатын жастарға қатысты жағдай едәуір өзгерістерге ұшыраған. Қазіргі тренд көрсеткендей, тұрақталған әлеуметтік және материалдық бэкграундтары

бар жастармен қатар сапалы білімсіз және табысты мансаптан қол үзген жастар, оның ішінде жұмыссыз жастар да шетелге кетіп жатыр. Бұл құбылыс бүгінде шетелге кету туралы жастар шешіміне ықпал етіп отырған миграция себептерінің әлдеқайда кең спектрін көрсетеді, олардың ішінде экономикалық, білім алу мен жекелік факторлар бар.

*«Өйткені өздеріне жұмыс таба алмағандықтан, олар көптеген дамыған елдерге кетіп жатыр, ал мәселеге екінші жағынан қарасақ, білімі жоқ немесе орта білімді жастар да кетуде, өйткені нарықта жаңа жұмыс орындары жоқ. Олар, өкінішке орай, шетелге қара жұмыс істеу үшін жиі кетуде. Осы екі топты бөліп көрсетуге болады» (Айгерим Бахтиярова, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ-дың PhD-студенті).*

*«Жақсы мамандармен бірге жұмыссыздар да кетуде, барлығында бір себеп – жақсы жалақы мен өз баспанасының болмауы. Сонымен бірге өзге ұлт өкілдері бар, мысалы, орыстар отанына оралуды және өздерінің ойынша жақсы білім алуды қалайды» (Ризат Рахимжанов, Павлодар облыстық қоғамдық даму мен ақпарат басқармасының «Жастар бастамасын дамыту Орталығы» КММ директоры).*

Сонымен қатар еңбек миграциясы сипатын талдаған сарапшылар ол бүгінде еңбекке орналасуда қиындыққа тап болған жастарды ғана емес, елде тұрақты жағдайы бар адамдарға да қатысты екендігін айтуда. Яғни, көшудің басты мотиві материалдық жайлылық деңгейін арттыру мен барынша жайлы болашақты қамтамасыз етуге ұмтылыс болып қалып отыр.

*«Көбі жалақы мақсаты туралы айтады, мен бұл ғана емес, басқа да себептер бар деп ойлаймын. Бірақ, шынына келгенде, таяқтың екі ұшы бар. Менің жеке пікірім, тек жұмыс болмағандықтан кетіп жатыр деуге болмайды. Өйткені менің таныстарым арасында да елден кеткендер бар. Яғни, жұмысы барлар да кетуде» (Бердібек Есқұлов, Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурс орталығы» КММ басшысының орынбасары).*

*«Ең талантты, бірнеше тілді меңгерген, өте күшті базасы барлар кетіп жатыр деп айтуға болады» (Жания Хайбуллина, академиялық (ғылыми) хатшы, Халық шаруашылығы университеті).*

Сарапшы пікірі бойынша жоғары миграциялық көңіл-күй студент жастар арасында байқалады.

*«Барынша жоғары миграциялық көңіл-күй студент жастар арасында. Сол сияқты мектепті ағылшын тілінің жоғары деңгейімен аяқтаған жастарды да атап кетуге болады. Олар ағылшын тілін оқытудың жоғары деңгейі бар мектептерді немесе дербес тілдік курстарда ата-ананың қаржысына жақсы меңгерген. Біріншіден, олар IELTS тапсыра алады, екіншіден ағылшын тілінде қандай болса да бір пәндерден емтихан алады, сол ағылшын тілінде эссе жаза алады. Олар басынан-ақ шетелде оқуды жоспарлаған. Тиісінше, бірден мектептен кейінгі он жеті, он сегіз, он тоғыз жастағылар үшін бакалавриат деңгейі. Немесе Қазақстанда бакалавриатты оқып, магистратураға шетелге баратын жиырма бір – жиырма үш жастағы жастар» (Батжан Ақмолдина, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімшарт негізіндегі қызметшісі).*

Қазақстандық жастардың миграциялық көңіл-күйіндегі осы тенденциялар мен жаңа топтардың пайда болуы 2023 жылы айтарлықтай құрылымдық өзгерістер болуымен, жас адамдардың жасы 35 жасқа дейін ұзартылуымен байланысты болуы мүмкін. Нәтижесінде, өлшем бірлігіне 29-34 жас аралығындағы аға жастық

топ қосылуымен табиғи негізде жастардың мінез-құлық паттерндері де трансформацияға ұшырады. Мысалы, 2022 жыл қорытындысы бойынша елдің солтүстік аймағында жастардың сыртқы миграциясының жоғары теріс сальдосы сақталды. Бұл жерде «29-34» жас тобы көрсеткіштері өзге жас топтары көрсеткіштерінен, соның ішінде дәстүрлі түрде ұтқырлығымен ерекшеленетін студенттік және жұмысшы топтары көрсеткіштерінен де жоғары. Бұл солтүстік аймақтардан эмиграциялау тек білім алу және еңбек мотивтермен шектелмейтіндігін білдіреді, ал 29-34 жаста әдетте жастардың білімі, жұмысы, әлеуметтік байланыстары болады. Бұл - жаңа өзгеріске, ауысуларға дайын, тұрақты әлеуметтік байланыстары бар адамдар.

Қазіргі кездегі маңызды аспектілердің бірі – бұрынғы кеңестік кеңістіктегі тұрақсыз геосаяси жағдай және Ресейге санкциялық қысымның арта түсуі. Бұл факторлар миграциялық толқындардың өзгеруіне, оның ішінде Ресейден эмигранттар санының артуына және Орталық Азиядан миграцияның Қазақстанға бағытталуына әкелуі де мүмкін. Нәтижесінде Қазақстан жастары еңбек нарығында бәсекелестіктің күшеюімен және кәсіби қызметтер бағасына қысыммен бетпе-бет келуі ықтимал. Бұл жағдайда миграциялық ниеттегі жастар тобы санының көбею мүмкіндігі арта түседі.

### 1.2. Оқу миграциясының негізгі тректері

Миграцияның түйінді тректерін қарастыру алуан түрлі мотивация мен себеп-салдарды байқауға мүмкіндік берді. Шекаралас аймақтардағы білім миграциясы құрылымында бірнеше белсенді тректерді бөліп айтуға болады. Бірінші кезекте, еуропалық елдер. Сарапшылар пікірінше жас қазақстандықтар үшін бірден бірнеше ел тартымды. Олардың арасында Польша, Чехия, Германия, Франция сияқты елдер аталды.

*«Жастар Еуропа елдерін көбірек қарайды. Міне, Польша, Чехия, Германия секілді елдер. Ал АҚШ пен Канадаға олай қарамайды, өйткені ол елдерге ұшу өте ұзақ. Мысалы, мен сендер неге Еуропадасыңдар деп сұраймын. Олар бетін әрі қылсын, бірақ ата-анамызбен бірдеңе болса, біз бір күнде ұшып келе аламыз деп жауап береді» (Жания Хайбуллина, академиялық (ғылыми) хатшы, Халық шаруашылығы университеті).*

*«Жастар сонымен қатар АҚШ, Ұлыбритания немесе басқа еуропалық елдерге кетуге ұмтыла алады. Бірақ кейбір еуропалық елдерде білім алу қызметінің қолжетімділігі жоғары болуы мүмкін, мысалы, Польшада немесе Чехияда» (Батжан Ақмолдина, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімшар негізіндегі қызметшісі).*

*«Бұл сұраққа жауап беру үшін мен нақты ақпаратқа сүйенгім келеді. Мысалы, егер біз еуропалық елдерді алсақ, Шығыс Еуропада Польша, Батыс Еуропада Франция мен Германия, бұл үш ел актуалды зерттеулер деректері бойынша біздің отандастарымыз ең көп шоғырланған елдер болып саналады» (Айгерим Бахтиярова, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ-дың PhD-студенті).*

Сонымен бірге басқа сарапшы пікірі бойынша, еуропалық бағыт – бұл стратегия минимум, ал максимум – бұл АҚШ-қа немесе Канадаға шығу.

*«Бұл арада стратегия екіге бөлінеді деуге болады. Стратегия максимум – бұл әрине, мұхиттың арғы жағына, АҚШ пен Канадаға аттану. Ал стратегия- минимум көрші елдермен байланысты, әсіресе Ресей немесе Шығыс Еуропа, Болгария, Латвия, Эстония, Польша» (Ризат Тасым, Қазақстандық қоғамдық даму институтының Қоғамдық процестерді зерттеу орталығының басшысы).*

2022 жылдың зерттеуінде белгіленген Ресей сол екінші маңызды трек ретінде қалды. Сарапшылар Ресейге жоғары миграциялық толқын барлығын, соның ішінде орыс тілін білу факторы да бар екенін атап отыр.

*«Көрші Ресей жастарды тарту жөнінде белсенді жұмыс жүргізуде, демографиялық көрсеткіштің төмендеуіне байланысты олар Қазақстанды донор ретінде пайдаланып отыр. Тілдік және психологиялық кедергілердің болмауы Ресейді тартымды ел ретінде көрсетеді» (Нұрлан Байғабылов, постдоктарантура, миграция орталығының шақырылған зерттеушісі, Yıldırım Beyazıt University, Анкара, Түркия).*

*«Тіл мәселесі болмағандықтан, әрине Ресейге барушылар көбірек. Шекаралас облыстар жастарын қолжетімділік қызықтырады, нақты айтқанда қашықтық Алматыдан жақын, сондай-ақ шетелдік студенттерге жасалған жағдай да қызықтырады» (Ризат Рахимжанов, Павлодар облыстық қоғамдық даму мен ақпарат басқармасының «Жастар бастамасын дамыту Орталығы» КММ директоры).*

*«Мысалы, мен оқыған шекараға жақын ауылда менің жеке тәжірибем мен менің сыныптастарымның тәжірибесі болды, ол кездегі жақын қалалар Петропавл мен Көкшетауды және Астананы қарастыру. Екінші нұсқа – Қорған, Түмен, Омбы сияқты жақын қалаларды қарау. Бұл арада көп нәрсеге ықпал ететін бірінші фактор – егер грант алсаң Қазақстанда қалу, ал ала алмасаң, әрине, оқу бағасы бойынша Ресей екінші орында және ресейлік университеттер басым жағдайда» (Ризат Тасым, Қазақстандық қоғамдық даму институтының Қоғамдық процестерді зерттеу орталығының басшысы).*

Қазақстандық жастардың Ресейге баруына қатысты сарапшылар бұл бағыттың сұранысқа ие болуы Қазақстанның көпұлтты мемлекет екендігімен және түрлі этникалық топтардың көрші елде білім алуға ұмтылысымен, соның ішінде орыс тілін білу факторымен негізделеді деп есептейді. Екі ел арасындағы мәдени және тарихи байланыстар да білім алудағы қатынастардың нығаяуына ықпалын тигізуі ықтимал.

2022 жылғы зерттеуде сарапшылар сол сияқты Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай сияқты азиялық елдердің де танымалдығын атаған еді. Алайда 2024 жылы білім миграциясы контекстінде бұл трек бойынша қарама-қарсы ой айтылды. Мысалы, бір сарапшы пікірінше, Жапония елі оқу үшін айтарлықтай жеңілдікті жағдайлар ұсынып отырғанына қарамастан, бұл ел жастар арасында тартымды емес.

*«Мен ол елдер (Жапония, Корея) жастарға қызықты болар деп ойлаған едім, бірақ жоқ. Олар мысалы, сол Жапонияда оқу шығынын толық жабатын азиялық гранттардан жиі бас тартып жатады» (Жания Хайбуллина, академиялық (ғылыми) хатшы, Халық шаруашылығы университеті).*

Алайда өзге сарапшы пікірі бойынша бүгінде Қытай танымал білім беру бағытына айналып келеді. Бұны статистикалық деректер де дәлелдеп тұр. 2022 жылы жастардың Қытайға баруы қайтарымды білім миграциясы ретінде аталған еді.

*«Қытай, Оңтүстік-Шығыс Азия, әсіресе Оңтүстік Корея мен Жапония бағыты жастар үшін қызықты» (Ризат Тасым, Қазақстандық қоғамдық даму институтының Қоғамдық процестерді зерттеу орталығының басшысы).*

Осылайша, сұхбат барысында сарапшылардың көпшілігі Канада мен АҚШ қазақстандық жастардың оқу миграциясының маңызды, бірақ онша жетімді емес болуы мүмкін бағыттары болып қала береді деп келісті. Білім беру миграциясының құрылымында тұрақты шығу тректері бар деп айтуға болады: Еуропа және Азия елдері, Ресей, Канада және АҚШ. Бұл ретте белгілі бір тректер бойынша миграция ағындарының қарқындылығы сыртқы саяси конфигурацияға байланысты өзгереді.

Назар аударуға тұрарлық тағы бір фактор, Орталық Азия елдері қазақстандық жастардың баруға ұмтылатын елдердің қатарында көрсетілмеген. Миграция үрдістері әдетте мансаптық мүмкіндіктер, білім алу мүмкіндіктері, тұрақтылық және өмір сапасын қоса алғанда, әртүрлі әлеуметтік-экономикалық факторларды көрсетеді.

Қазіргі контексте Қазақстан жастары Орталық Азияға қарағанда басқа елдерде немесе өңірлерде көбірек перспективалар көруі мүмкін. Себебі, басқа елдер немесе өңірлер қазақстандық жастар неғұрлым тартымды деп санайтын білім беру, жұмыс немесе бизнес үшін кең мүмкіндіктер ұсынады. Миграция орнын таңдауға әсер ететін мәдени немесе тілдік аспектілер де рөл атқаруы мүмкін.

### *1.3. Еңбек миграциясының негізгі тректері*

Соңғы жылдары Қазақстаннан жастардың еңбек миграциясы Халықаралық экономикалық ортадағы өзгерістерді және білімге қол жеткізу мүмкіндіктерін байқататын тұрақты үрдістерді көрсетуде. Еуропа мен Оңтүстік Корея бағытындағы миграция ағындарының күшеюі ерекше байқалды. Бұл миграцияның негізгі себептерінің бірі – жергілікті еңбек нарықтарындағы мүмкіндіктердің кеңеюі. Жастар өздерінің қаржылық мәртебесін көтеруге және өмір сүру сапасын жақсартуға тырысып, жұмысқа орналасудың тиімді нұсқаларын іздейді. Бұл процесс сонымен қатар ел ішінде жиі толық қамтамасыз етілмейтін негізгі және басқа қажеттіліктерді қанағаттандыру керектігімен байланысты.

*«Жұмыс бойынша миграция немесе еңбек миграциясы Оңтүстік Кореяда, Еуропада өтеді. Менің ойымша, бұл плюс, өйткені бұл еңбек эмиграциясы біліктілігі жоқ жұмыс күшімен байланысты, онда жұмысшы мамандықтары қажет. Және бұл жұмыс үшін Қазақстанда олар ондай алмайды. Плюс – бұл тәжірибе, ой-өрісті кеңейту, ұғымдарды кеңейту, жалпы түсіну» (Аяулым Сағынбаева, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының Қолданбалы зерттеулер орталығының директоры).*

*«Еуропа, Азия, Корея елдерінде жұмыс. Мұның себептері, біріншіден, жұмыссыздық, екіншіден, мұнда өте төмен жалақы. Үшіншіден, қарыздар, өйткені кеткендердің көпшілігі көп несие алып, оларды жабу үшін кетеді» (Меруерт Тулебаева, саяси ғылымдар кандидаты, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ доценті).*

*«Жастар үшін қолайлы эмиграция елдеріне келетін болсақ, менің ойымша, ең алдымен Еуропа елдері. Азия елдері арасында Түркия мен Оңтүстік Корея, ал басқа аймақтардан Біріккен Араб Әмірліктері мен АҚШ танымал. Бұл елдер Қазақстан жастары үшін анағұрлым тартымды болып саналады» (Жанна Аубакирова, тарих ғылымдарының кандидаты, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің Digital social research Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы жетекшісі).*

Қазақстандықтардың жақсы жалақы іздеп қоныс аударуға деген ұмтылысы отандық еңбек нарығының қазіргі жағдайына байланысты болуы мүмкін. Өзекті статистикалық деректерге сәйкес, Қазақстанда жұмыспен қамтылғандардың 61 % - ы жоғары немесе кәсіптік техникалық білімді қажет етпейтін дағдылардың орташа және төмен деңгейі бар кәсіптер бойынша жұмыс істейді (күзетшілер, сатушылар,

жүргізушілер, аспаздар, кеңсе қызметкерлері, тазалаушылар, аула тазалаушылар, қосалқы жұмысшылар)<sup>11</sup>. 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш болжамды түрде тек 56% - ға дейін төмендейді<sup>12</sup>.

Бұл ретте соңғы төрт жылда платформалық жұмыспен қамту (жеткізу, такси) саласындағы жоғары білімі бар қызметкерлердің үлесі 23-тен 33% - ға дейін өсті<sup>13</sup>. Бұл ЖОО-да бакалавриат бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын ұлғайту арқылы (2021-2022 оқу жылында 56 мыңнан 2023-2024 оқу жылында 73 мыңға дейін) «жастар шоқысы» тәуекелдерін басқару жөніндегі мемлекеттік саясат шараларын бейтараптандырады<sup>14</sup>.

Сарапшылардың пікірінше, миграциялық көңіл-күйдің маңызды элементі ретінде белгілі бір әлеуметтік (туыстық) байланыстардың болу мүмкіндігі қарастырылады. Бұл тарихи отанына оралған және Қазақстанда негізі қаланған этникалық жас қазақтар өздерінің туған-туыстарын, өзіндік ерекшеліктерін іздеп қайта қоныс аударған кездегі қайтарымды миграцияның белгілі бір элементі.

*«Шекаралас аймақ деп сіз, мысалы, Ресей, Қытай, Өзбекстан дегенді білдіресіз. Ия, бұл жерде бірінші кезекте менталдық факторлар әсер етеді, өйткені мен сізге айтқанымдай, сол жақтарда туған, бірақ Қазақстанда қоныстанған жастар баруы мүмкін. Олар туыстарын іздеуі мүмкін» (Айгерим Бахтиярова, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ-дың PhD-студенті).*

Еңбек миграциясының ағынын сипаттай отырып, сарапшылар Ресей, Ұлыбритания және Оңтүстік Корея сияқты сұранысқа ие бағыттарға назар аударады. Ресми мәліметтерге сәйкес, 2023 жылы 194 мың қазақстандықтың 162 мыңға жуығы Ресей Федерациясына, Польшаға – 13 мың, Оңтүстік Кореяға – 6 мың, Ұлыбританияға – 5 мың адам жұмыс істеуге кеткен<sup>15</sup>.

*«Ресейдегі әскери қақтығысқа дейін бізде тек Ресейге өте жоғары эмиграция болды» (Меруерт Тулебаева, саяси ғылымдар кандидаты, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ доценті).*

Алыс шетелге келетін болсақ, 2019 жылы қазақстандықтардың Ұлыбритания фермаларында маусымдық жұмыстарға виза алуға берген өтінімдері тек төрт дана болса, ал 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 4 мыңға жуық болды<sup>16</sup>. Орталық Азия азаматтары үшін квоталар саны артып келеді, сондықтан жас қазақстандықтар осы еңбек жолы бойынша шығуды жалғастыратыны ықтимал.

*«Қазіргі уақытта маусымдық жұмысқа кеткендердің көпшілігі Англияда, Жапонияда және Кореяда жұмыс істейді және тұрып жатыр. Біздің елімізде тұрғындар саны аз болғандықтан, бұл шынымен қуантпайды» (Бердибек Ескулов,*

<sup>11</sup> "Мамандық" ұғымы енді жоқ-пікір, <https://inbusiness.kz/ru/news/ponyatiya-professiya-bolshe-ne-sushestvuet-mnenie>, <https://inbusiness.kz/ru/news/ponyatiya-professiya-bolshe-ne-sushestvuet-mnenie>

<sup>12</sup> Қазақстанда 2030 жылға дейін қандай мамандықтардың өкілдері сұранысқа ие болады, <https://www.zakon.kz/stati/6379920-predstaviteli-kakikh-professiy-budut-vostrebovany-v-kazakhstane-do-2030-goda.html>

<sup>13</sup> Жоғары білімі бар Қазақстандықтардың 33% - ы такси жүргізушілері мен тамақ жеткізушілері болып жұмыс істейді, [https://www.inform.kz/ru/33-kazahstancsev-s-vysshim-obrazovaniem-rabotayut-taksistami-i-dostavschikami-edu\\_a4104822](https://www.inform.kz/ru/33-kazahstancsev-s-vysshim-obrazovaniem-rabotayut-taksistami-i-dostavschikami-edu_a4104822), [https://www.inform.kz/ru/33-kazahstancsev-s-vysshim-obrazovaniem-rabotayut-taksistami-i-dostavschikami-edu\\_a4104822](https://www.inform.kz/ru/33-kazahstancsev-s-vysshim-obrazovaniem-rabotayut-taksistami-i-dostavschikami-edu_a4104822)

<sup>14</sup> ЖОО-ға қалай тегін түсуге болады: 2024 жылға арналған гранттар мен мамандықтар, <https://atpress.kz/ru/news/v-kazakhstane-kak-postupit-v-vuz-besplatno-granty-i-spetsialnosti-na-2024-god>, <https://atpress.kz/ru/news/v-kazakhstane-kak-postupit-v-vuz-besplatno-granty-i-spetsialnosti-na-2024-god>

<sup>15</sup> Қанша қазақстандық елден ақша табуға кетті. <https://www.zakon.kz/sobytiia/6404408-skolko-kazakhstantsev-uekhali-iz-strany-na-zarabotki.html>

<sup>16</sup> PROTEGE: 4 мыңға жуық қазақстандық 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында ғана Ұлыбритания фермаларында маусымдық жұмыстарға виза алуға өтініш берді. Салыстыру үшін 2019 жылы осындай төрт өтінім болды. [https://t.me/protege\\_kz/2528](https://t.me/protege_kz/2528)

**Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурс орталығы» КММ басшысының орынбасары).**

Оңтүстік Кореяға келетін болсақ, сарапшының пікірінше, орта білімі бар жастар жиі жұмыс істейді. Олардың арасында әлеуметтік тұрақсыз топтар бар. Сарапшының айтуынша, 2023 жылғы ресми деректерге сүйене отырып, Оңтүстік Кореядағы 22 мың қазақстандықтың 6 мыңға жуығында визамен байланысты қиындық барлығын көрсетті. Көрсетілген сандар ҚР Сыртқы істер министрлігінің ақпаратымен расталады. Атап айтқанда, олардың мәлімдемесіне сәйкес, 2023 жылғы ақпанда Оңтүстік Кореяда 7-8 мың заңсыз жұмыс істейтін қазақстандықтар болған<sup>17</sup>.

Жастардың еңбек миграциясының артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау аясында бірнеше сарапшылар атап өткен жалғыз мәселе – бұл жұмыстың маусымдығы және әрдайым қолайлы емес еңбек жағдайлары.

*«Мен қайтып келген жастармен сөйлескенімді айтқым келеді. Ешкім оңайлықпен көп ақша бермейді. Жұмыс кестесі, жұмыс қарқындылығы және жұмыс режимі өте ауыр деп айтады» (Бердибек Ескулов, Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурс орталығы» КММ басшысының орынбасары).*

Дегенмен, жастар тәуекелге жиі ұшырайтындықтан, олар билет сатып алу және шетелге шығу үшін бариста немесе Яндекс курьері сияқты кез келген жұмысты алады. Екінші жағынан, жастардың жаңа жеке және кәсіби тәжірибе алу мүмкіндігі бар.

*«Студент жастар мен жасөспірімдер үшін бұл плюс. Біз қазір жазғы кезеңде көмелетке толмағандардың да жұмысқа орналасуына баса назар аударамыз. Олар еңбектің құндылығын түсіне бастайды және болашақта қай жерге алады, сол жерге барудың орнына, жұмыс орнын сенімді таңдауға мүмкіндік беретіндей тәжірибе алады» (Ризат Рахимжанов, Павлодар облыстық қоғамдық даму мен ақпарат басқармасының «Жастар бастамасын дамыту Орталығы» КММ директоры).*

Қазақстандық жастардың миграция қозғалыстарының негізгі бағыттарын талдай отырып, сарапшылар бірқатар маңызды аспектілерге назар аударады. Ең алдымен, жастар басқа елге көшу туралы шешім қабылдағанға дейін баруды жоспарлап жүрген тұрғылықты жердегі **қауіпсіздік деңгейін** бағалайды. Бұған қылмыстың жалпы деңгейі де, саяси тұрақтылық та кіреді, бұл болашақ тұрғылықты жерді таңдаудың маңызды факторы болып табылады.

Екінші маңызды аспект – **мәдени компонент**. Қазақстандағы көптеген жастардың ағылшын тілін меңгеру деңгейі жеткіліксіз екенін ескерсек, тілдік тосқауылдың болуы ерекше маңызды. Бұл миграция үшін елді таңдау мүмкіндігін шектейді. Сондықтан, мұндай адамдар категориясы тілді білудің немесе үлкен қазақстандық қоғамдастықтың болуының арқасында оңай бейімделу мүмкіндігі бар елдерге жиі артықшылық беріледі.

Үшінші аспект **әлеуметтену және бейімделу** мәселелеріне қатысты. Жастарды жаңа елде жұмыс істеуге, оқуға және тұруға қаншалықты ыңғайлы болады деген сұрақтар мазалайды. Бұл білім алу және кәсіптік мүмкіндіктерге қол жеткізуді, қоғамға қолайлы интеграцияны, сонымен қатар, жеке және мансаптық перспективаларды дамыту мүмкіндігін қамтиды.

<sup>17</sup> Оңтүстік Корея қазақстандықтарды жұмысқа алады: мәліметтер пайда болды. <https://www.lada.kz/world-news/118756-yuzhnaya-koreya-budet-brat-kazahstancsev-na-rabotu-poyavilis-podrobnosti.html>

Осылайша, Қазақстандағы жастардың миграция туралы шешімдері қауіпсіздік, мәдени аспектілер және әлеуметтену жағдайлар сияқты факторлар кешенінің әсерінен қалыптасады. Бұл баратын елді таңдауды және жаңа қоғамға бейімделудің табыстылығын айқындайды.

## 2. Жастардың миграциялық ағымының себептері мен факторлары

Миграцияға ықпал ететін факторларды талдау жастардың Қазақстаннан немесе оның шегіндегі аймақтардан кетуіне көптеген себептердің әсер ететінін көрсетеді. Жоғарыда айтылғандай, олардың бірі – жоғары жалақы алатын жұмыс орындарының жетіспеушілігі және отанда мансаптық өсудің шектеулі мүмкіндіктері. Бұл жастарды өмір сүру жағдайлары мен жалақысы жақсы болу ықтималдығы жоғары шетелден жұмыс іздеуге мәжбүр етеді. Сондай-ақ, шетелде үздік оқу бағдарламаларымен және мамандандырылған бағыттарға қолжетімділікпен сапалы білім алу мүмкіндігі де маңызды фактор болып табылады.

Халық санының өсуі және қартаю сияқты демографиялық өзгерістер де рөл атқарады, бұл жастардың жеке және кәсіби дамуына шектеулер тудырады. Демографиялық даму контекстінде Қазақстан қысқа мерзімді перспективада «жастар шоқысы» құбылысының салдарымен бетпе-бет келетіндігін атап өткен жөн. Бұл факторлар көбінесе өзара әрекеттеседі, бірақ миграция туралы шешім әр адамның жеке жағдайына байланысты.

Теориялық және эмпирикалық дәлелдерге сүйене отырып, push факторлары – бұл адамдарды тұрғылықты жерінен кетуге және басқа аймақтарға немесе елдерге кетуге мәжбүр ететін жағдайлар немесе оқиғалар. Бұл факторлар әдетте бастапқы аймақтағы өмірдің жағымсыз жақтарын көрсетеді. Олар экономикалық қиындықтар (мысалы, жоғары деңгейдегі жұмыссыздық немесе төмен жалақы), саяси тұрақсыздық (соның ішінде қақтығыстар мен адам құқықтарының бұзылуы), табиғи апаттар (мысалы, жер сілкінісі, су тасқыны), әлеуметтік мәселелер (мысалы, кемсітушілік, зорлық-зомбылық) немесе қазіргі жерде тұрақсыз немесе қанағаттанарлықсыз өмір жағдайын тудыратын басқа да себептер сияқты аспектілерді қамтиды.

### 2.1. Оқу миграциясының push-факторлары

2022 жылғы зерттеуде оқу миграциясының негізгі «итермелейтін» факторлары ретінде Қазақстандағы жоғары және орта кәсіптік білім беру жүйесінің төмен сапасы мен тиімсіздігі және оқу ақысының деңгейі көрсетілді<sup>18</sup>. Осы сараптамалық сауалнаманың нәтижелері сондай-ақ Қазақстандағы оқу миграциясының push-факторлары кешенді себептерге байланысты екенін көрсетеді:

- жергілікті жерлерде білім берудің қанағаттанарлықсыз сапасы,
- арнайы бағдарламалардың шектеулі таңдауы,
- шет тілдерінде оқуға ұмтылу,
- экономикалық тұрақсыздықтың әсері.

Аталған факторлар жиынтықта елден тыс жерде, яғни жастардың жеке және кәсіби дамуы үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар бар жерде білім алу қажеттілігін тудырады. Нәтижесінде, оқу миграциясы жеке өсу үшін стратегиялық таңдау ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы ағымдағы білім беру және әлеуметтік-экономикалық шындықтарға реакция болады.

*«Шын мәнінде, жастардың әртүрлі бағдарламалар туралы хабардарлығы жоғары және қазақ және орыс тілдерімен шектелмейді, сонымен қатар француз, қытай, әсіресе француз, қытай, испан, ағылшын тілдерінде жоғары тілдік дағдылары бар» (Ризат Тасым, Қазақстандық қоғамдық даму институтының Қоғамдық процестерді зерттеу орталығының басшысы).*

<sup>18</sup> "Шекара маңындағы өңірлердегі жастардың оқу және еңбек көші-қонының ерекшеліктері" әлеуметтанулық зерттеу қорытындылары бойынша талдамалық есеп, "Жастар" F3O. 2022 ж.

*«Мен мұнда докторантураны бітірдім, ал шетелде оқығандар – бұл мүлдем басқа жағдайлар. Мұнда шәкіртақы шартты түрде, мен оқыған кезде 80 мың теңге болды. Менің екі балам бар, маған қосымша жұмыс істеуге, ақша табуға тура келді, өйткені шәкіртақы жетпейтін еді. Шетелде стипендия отбасына да, өз зерттеулерімен сабырлы түрде айналысуға да жеткілікті болды. Сонымен қатар, мен әрдайым Қазақстанда қорғау әлдеқайда қиын екенін айтамын, өйткені мұнда талаптар жоғары, біз қорғауға шыққанда мақала жариялауымыз керек. Шетелде, керісінше, сіз қорғайсыз, содан кейін зерттеу нәтижелері бойынша мақала жариялайсыз. Яғни, мұндай нюанстар өте көп және бұл негізгі нюанстар. Мысалы, сол Швецияда оқыған адамдардың балаларына арналған үйірмелер де, барлығы тегін, өйткені олар толығымен әлеуметтік мемлекет. Ал Қазақстанда менің екі балам бар, әр үйірме үшін төлеймін» (Жания Хайбуллина, академиялық (ғылыми) хатшы, Халық шаруашылығы университеті).*

Қазақстандық білім үнемі сынға ұшырайды. Сарапшылардың пікірінше, білім беру жүйесі көбінесе еңбек нарығының қажеттіліктерін елемейді, жұмыс берушілердің сұраныстарына жеткілікті талдау жүргізбейді және негізгі салаларды дамытудың стратегиялық жоспарларын жасамайды.

Жастардың миграциялық көңіл-күйін сараптамалық бағалау білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының қажеттіліктерімен үйлестіру қажеттілігін көрсетеді. Білім беру бағдарламаларының заманауи талаптарға жеткіліксіз бейімделуі көбінесе өз біліктілігіне сәйкес жұмыс таба алмайтын мамандарға әкеледі. Нәтижесінде еңбек нарығында сұранысқа ие емес мамандар шығарылады, бұл құрылымдық жұмыссыздыққа және жастардың жұмыспен қамту саласындағы өз мүмкіндіктеріне қанағаттанбауына әкеледі.

## **2.2. Еңбек миграциясының push-факторлары**

Еліміздегі жастар миграциясының ағымдағы трендтері жоғары өмір сапасы мен жайлы жағдайларға заманауи сұраныстарды көрсетеді. Рональд Инглхарттың зерттеуіне сәйкес, қазақстандық қоғамда өзін-өзі көрсетуге емес, өзін-өзі сақтап қалуға бағытталған дәстүрлі құндылықтар басым. Демек, қазіргі кезде жастар көбінесе жеке және кәсіби өсу мүмкіндіктерін іздейді. Дәл осы жақсы өмірге деген ұмтылыс қазақстандық жастардың миграциялық көңіл-күйіне әсер ететін негізгі факторға айналууда.

*«Төмен жалақы және жеке тұрғын үйдің болмауы еңбек миграциясының негізгі қозғаушы факторлары болып табылады» (Ризат Рахимжанов, Павлодар облыстық қоғамдық даму мен ақпарат басқармасының «Жастар бастамасын дамыту Орталығы» КММ директоры).*

*«Жастар, білімін аяқтағаннан кейін, мысалы Назарбаев Университетінің студенттері олар қалаған мамандық бойынша ұсыныстар жоқ немесе тіптен жұмысқа орналаса алмайды.*

*... Жиырма беске дейінгі бірінші немесе одан кіші когорт саясатқа онша қызығушылық танытпайды. Оларға экономикалық, жеке факторлар көбірек әсер етеді. Яғни, олар өздері үшін жаңа шыңдарды ашқысы келетін шақ» (Аяулым Сагынбаева, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының Қолданбалы зерттеулер орталығының директоры).*

2022 жылғы зерттеуде жастарды жұмыспен қамту мәселесі «итеруші» фактор ретінде белгіленді. Жоғары білікті мамандарды кәсіби бейімдеу мәселесі өте өзекті болып қала береді, бұл экономиканың шикізаттық бағдарының сақталуын, әртараптандырудың жоқтығын және елде жоғары технологиялық салалардың жоқтығын көрсетеді. Бұл қазіргі заманғы білім алған жастар өздерінің

кәсіби амбицияларын өз Отанында жүзеге асыруда қиындықтарға тап болатын жағдайға әкеледі. Ал экономикалық мүмкіндіктердің болмауы жастардың өмір сүру сапасын айтарлықтай төмендетеді.

*«Сондай-ақ, мұнда жұмыс таба алмайтын немесе лайықты жалақы таба алмайтын нақты жас мамандар миграциясы бар. Бос жұмыс орындары бар, бірақ шарттары оларды қанағаттандырмайды. Содан кейін олар да Қазақстаннан кетуге және шетелде жұмысқа орналасуға ұмтылады» (Батжан Ақмолдина, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімшар негізіндегі қызметшісі).*

Осылайша, жастар миграциясына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – **экономикалық перспектива**. Жастар өздерінің кәсіби мүмкіндіктері шектеулі екенін немесе жалақы олардың біліктілігі мен үміттеріне сәйкес келмейтінін сезінетін елдерде тұрғанда олар шетелден мүмкіндіктер іздеуі мүмкін. Бұл экономика мен әлеуметтік құрылымда теңгерімсіздік тудырады, өйткені елдер талантты мамандар мен болашақ көшбасшыларды жоғалтады.

Екінші маңызды аспект – **өмір сапасы**. Жастар білім, денсаулық сақтау, қауіпсіздік және мәдени мүмкіндіктердің жоғары деңгейіне қол жеткізе алатын өмірге ұмтылады. Экономикалық немесе саяси мәселелерге байланысты бұл аспектілер жеткіліксіз немесе қатер үстінде тұрған елдерде жастар миграцияны өмір сүру сапасын жақсартудың жалғыз нақты жолы деп санауы мүмкін.

### 2.3. Ел үшін салдары

Жастардың миграциялық ағымы Қазақстан үшін бірнеше елеулі зардаптарға әкелуі мүмкін. Ең алдымен, ел құнды адами капиталын жоғалтады. Жас және талантты адамдардың кетуі жұмыс күшінің азаюына және демографиялық тепе-теңдіктің бұзылуына әкелуі мүмкін.

*«Интеллектуалды миграцияның салдары қалпына келтірілмеуі мүмкін және бірден көрінбеуі мүмкін, тіпті ондаған жылдардан кейін. Экономика үшін бұл еңбек пен ресурстардың жоғалуы, Қазақстанда еңбек ресурстарының тапшылығы бар екендігі мәлім, әсіресе Қазақстанның солтүстігінде, шығысында, ал оңтүстігінде профицит бар. Яғни, бұл экономика үшін де, әлеуметтік сала үшін де, индустриялық инновациялық сала үшін де, IT сала үшін де, ауыл шаруашылығы үшін де, тұтастай алғанда Қазақстанның зияткерлік әлеуеті үшін де елеулі салдар» (Жанна Аубакирова, тарих ғылымдарының кандидаты, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің Digital social research Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы жетекшісі).*

Қазірдің өзінде ішкі миграция және жастар урбанизациясының жоғары қарқыны барысында елімізде елеулі өңірлік теңгерімсіздік байқалады. Мысалы, соңғы бес жылда жастардың сыртқы миграциясының оң сальдосы тек Шымкент қаласы мен Маңғыстау облысында ғана тіркелді. Сонымен қатар, Маңғыстау облысында 2018 жылдан бастап барлық жас топтары бойынша оң сальдоның ең жоғары көрсеткіштері атап өтілді<sup>19</sup>. Бұл үрдіс Қазақстанға оқу және жұмыс үшін Орталық Азияның басқа елдерінің азаматтарының келуіне байланысты.

Этникалық топтар тұрғысынан орыс жастары елден көбірек кетеді. 2020-22 жылдары оның үлесі эмигранттардың жалпы санының 7-8% дәлізінде өзгерді

<sup>19</sup> ҚР АСПИР БНС жиынтық ресми деректері

(немесе Қазақстандағы орыстардың жалпы санының шамамен 1%). Көшбасшылар үштігінде басқа да еуропалық этностар, немістер мен украиндар бар<sup>20</sup>.

*«Егер этникалық факторды ескеретін болсақ, онда жастар Ресей сияқты тарихи отандарына жиі қоныс аударады» (Батжан Ақмолдина, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімшар негізіндегі қызметшісі).*

2022 жылы олардың эмиграциясының сандық көрсеткіштері төмендеді, алайда иммиграция сальдосы да теріс болып қалды. Бұл ретте 2018 жылдан бастап тек қазақтар мен өзбектер арасында тұрақты оң сальдо бар<sup>21</sup>. Нәтижесінде елде этникалық палитра айтарлықтай өзгеруде.

*«Бізге Өзбекстан азаматтары келеді. Олар бізге Шымкент қаласы мен Түркістан облысының жоғары оқу орындарында оқуға және жұмыс істеуге жаппай келеді. Ал біздің оңтүстік өңірлерімізде, егер нақты жұмыс болмаса, Өзбекстанға баратындар аз. Бізде Өзбекстанға баратын бірнеше таныстарымыз бар. Білім беру саласында қолданылатын «Дарын» онлайн-платформасы бар. Олар осы базаны құру және сол жерде жұмыс істеу үшін Өзбекстан мен Әзірбайжанға барды. Қазір мен еліміздің 20-ға жуық жастары сол жерге барып, осы базаны одан әрі дамыту үшін жұмыс істейтінін білемін» (Бердібек Есқұлов, Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурс орталығы» КММ басшысының орынбасары).*

Сарапшылар Қазақстанның экономикалық өсуін бәсеңдетуі мүмкін жоғары білікті мамандардан айрылып қалу мүмкіндігі туралы ескертеді. Мұндай мамандардың негізгі салалардағы тапшылығы ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, жастардың оқу және еңбек миграциясының жоғары деңгейі ұлттық қауіпсіздікке айтарлықтай қауіп төндіруі мүмкін.

*«Ең алдымен, демографиялық қауіпсіздік туралы айтқым келеді. Ұлттық қауіпсіздік – бұл қоғам, халық және ел қауіпсіздігі, мемлекетті қорғау мәселесі. Себебі мемлекетті адамдар қорғайды. Сондықтан бұл халықтың өте үлкен демографиялық төмендеуіне әкелуі мүмкін. Екіншіден, бұл өте білімді жастардың миграциясы. Кадрлардың жетіспеушілігі деген ұғым бар, бұл өте қауіпті нәрсе және біз кадрлардың жетіспеушілігі мәселесіне тап болдық» (Меруерт Тулебаева, саяси ғылымдар кандидаты, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ доценті).*

*«Миграцияның жоғары деңгейі бұл, ең алдымен, біздің ұлттық қауіпсіздігімізге арналған қоңыраулар. Себебі халықтың қартаюуы, еңбекке қабілетті халық санының азаюы – осының бәрі жұмыс істейтін халық үшін экономикалық жүктемеге алып келеді. Біз орта тапты дамытпайынша және жұмыс істейтін кедейлікті жоймайынша бізде бұл мәселе әрқашан болады» (Аяулым Сағынбаева, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының Қолданбалы зерттеулер орталығының директоры).*

*«Жастардың шет елдерге миграциясы халық өсіміне теріс әсер етеді, сонымен бірге ұлттық және экономикалық қауіпсіздік тұрғысынан да теріс» (Нұрлан Байғабылов, постдоктарантура, миграция орталығының шақырылған зерттеушісі, Yıldırım Beyazıt University, Анкара, Түркия).*

Жастардың миграция ағымының әлеуметтік салдары да елеулі болып көрінеді, бұл елдің мәдени және білім беру әлеуетінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Өйткені, жастар кез келген елдің дамуы үшін негізгі ресурс болып табылады.

<sup>20</sup> ҚР АСПИР БНС жиынтық ресми деректері

<sup>21</sup> ҚР АСПИР БНС жиынтық ресми деректері

Дарынды және білімді жастарды жоғалту елдің инновациялық әлеуеті мен өзгермелі жағдайларға бейімделу қабілетін төмендетуі мүмкін. Бұл ел ішінде талантты кадрларды ұстап тұру және дамудың жаңа әртараптандыру жағдайларын жасау стратегияларын әзірлеу қажеттігін көрсетеді.

*«Біздің демократиялық дамуымыз – бұл бірінші мәселе, ал екіншісі біздің рухани жағымыз деп айтар едім. Жас жігіт шетелге көшкеннен кейін, ол алдымен қоршаған ортаға бейімделіп, тіл мен дінді ұмыта бастайды. Біздің дәстүрлеріміз ұмытыла бастайды. Сондықтан, егер әрбір азамат дәстүрді ұмыта бастаса, біздің ұлтымыз үшін қауіпті деп санаймын. Осы жағынан қауіп болуы мүмкін» (Бердібек Е сқұлов, Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурс орталығы» КММ басшысының орынбасары).*

Сарапшының пікірінше, миграция саясатын іске асыру шеңберінде білім беру компонентіне айтарлықтай назар аудару қажет. Білім жастардың табысты әлеуметтенуінде ғана емес, сонымен қатар әртүрлі қауымдастықтар арасында тұрақты даму мен мәдени алмасуды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Тиімді білім беру бағдарламалары өмірлік дағдыларды жақсартуға, мәдени түсінік пен төзімділікті арттыруға ықпал ете алады. Білімге инвестиция салу тек негізді ғана емес, ол ұлттық дамудың ұзақ мерзімді табысты стратегиясына қол жеткізу үшін де қажет.

*«Біздің мақсатымыз ерікті миграцияны тоқтату емес, жастарды ұстап қалатын жағдайларды жасау немесе білім алғаннан кейін қайта оралуды қамтамасыз ету болуы керек» (Ризат Рахимжанов, Павлодар облыстық қоғамдық даму мен ақпарат басқармасының «Жастар бастамасын дамыту Орталығы» КММ директоры).*

Осылайша, тәуекелдерді теңестіру **жастардың өз елінің болашағы мен мүмкіндіктеріне сенімін арттыратын** жағдай жасаумен байланысты. Бұл жүйелі көзқарасты және осындай миграцияның сәтті немесе сәтсіздігін анықтайтын әртүрлі факторларды есепке алатын және теңестіретін шаралар кешенін әзірлеуді талап етеді. Бұл білім беруді, жұмыс орындарын құруды, жастар бастамаларын және мәдени мұраны ілгерілететін стратегияларды әзірлеуді қамтиды. Мысалы, түлектерді еңбек нарығына табысты енгізу үшін жастардың кәсіби дағдыларын нығайтуға және заманауи еңбек талаптарына бейімделуге көмектесетін тағылымдамадан өту бағдарламаларын, жұмыс орнында оқытуды және практикалық тәжірибенің басқа түрлерін қолдау маңызды.

Сондай-ақ жастарды әлеуметтік қолдауды күшейту, **денсаулық сақтау мен тұрғын үйге қолжетімділікті** қамтамасыз ету, жастардың қоғамдық-саяси өмірге белсене араласуына жағдай жасау маңызды. Қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету сияқты жастарды елде ұстап қалуға ықпал ететін бағдарламалар мен бастамаларды дамыту маңызды. Тиімді әрекет ету тетіктері сондай-ақ инновациялар мен кәсіпкерлікті қолдауды, білім беру мен денсаулық сақтаудың сапасын арттыруды, қолайлы бизнес-ортаны және тұрақты экономиканы құруды қамтиды.

Жастардың миграция ағынын тежеу үшін Қазақстан ел ішінде ғана емес, одан тыс жерлерде де жас таланттар үшін тартымды ел болуға тиіс. Бұл тұрғыда мемлекеттік саясат жастар миграциясының қазіргі сын-қатерлерін басқаруда шешуші рөл атқарады. Тек осындай кешенді тәсіл жастар миграциясының тәуекелдерін барынша азайтуға және тұтастай алғанда қоғамның тұрақты дамуына ықпал етуге мүмкіндік береді.

### 3. Жастарды жұмыспен қамтудың өзекті мәселелері

Жұмысқа орналасу жастардың әлеуметтік әл-ауқатына, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларға қанағаттануына және миграциялық көңіл-күйіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. 2022 жылғы ұқсас зерттеуде сарапшылар жұмыссыздық жастар арасында «итермелейтін» миграциялық фактор екенін атап өтті.

2024 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 4,7% -ды құрады. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жұмыспен қамту органдарында 315,6 мың жұмыссыз тіркелген, бұл елдегі жұмыс күшінің 3% -дан астамын құрайды<sup>22</sup>.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстан экономикасының түрлі салаларында 9,1 млн адам жұмыспен қамтылған. Оның ішінде 6,9 млн қазақстандық (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 76,2% -ы) жалдамалы жұмыс істейді, ал 2,1 млн адам (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 23,8% -ы) өз бетінше жұмыспен қамтылған<sup>23</sup>.

15 жастан асқан халықтың жұмыспен қамтылу деңгейі 64,8% -ды құрайды. 15 пен 34 жас аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3,1% -ды құрайды. Өңірлік бөліністе ең жоғары көрсеткіштер Алматы қаласында – 4,6% және Астанада – 4,0% байқалады.

Сарапшылар өңірлік диспропорциялар Қазақстанның Астана және Алматы сияқты ірі қалаларындағы жастардың жұмысқа орналасу және өзін-өзі жүзеге асыру үшін салыстырмалы түрде жақсы жағдайларға ие болуына әкеліп соқтыратынын атап өтті. Бұл ретте кәсіпқойлық пен жұмыс тәжірибесінің деңгейіне қарамастан, жұмысқа орналасуда жоғары бәсекелестік және жалақының бәсекеге қабілетсіз деңгейі байқалады.

*«Алматы қаласында он адамның біреуі ғана әрі қарай жұмыс істеуге қалады, оған қоса сәттілік үлесі де болуы тиіс. Жалпы, қаламыздың сыртқы жағымды жақтарына қарамастан, бәрі де мұнда тұра алмайды, өйткені пәтер жалдау өте қымбат. Астанамен салыстырғанда, бізде шартты түрде маркетинг ретінде бір орынға сегіз адам бар, ал Астанада мұндай бәсекелестік жоқ. Ең көбі - екі адам. Университеттерде оқытушылық позицияларға және т.б. өте үлкен конкурс өтеді. Әр жазда бұл бәсекелестік жергілікті жерлерде болады. Шартты түрде, тіпті кейбір қарапайым көмекшінің орнына, егер университетте бұрыннан таныс адам болмаса, ондай жерге орналасу мүмкін емес. Ал Астанада жағдай біршама қарапайым. Менің әпкем Астанаға кетті. Біріншіден, оның жалақысы 30% -ға жақсы көтерілді. Содан кейін, пәтердің құны. Біз бірдей пәтерлерді сатып алдық, бірақ мен вторичкадан, ол элиталық тұрғын үй кешенінен. Құны бойынша бірдей болды. Бұл ретте бізде үлкен айырмашылық бар» (Жания Хайбуллина, академиялық (ғылыми) хатшы, Халық шаруашылығы университеті).*

*«Астана тұрғыны ретінде айтсам, мұнда жастар үшін жұмыс табу, жалпы түрлі жұмысшы мамандықтары үшін жұмыс табу қиын емес. Мәселе жалақының төмендігінде болып тұр» (Меруерт Тулебаева, саяси ғылымдар кандидаты, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ доценті).*

*«Жұмыс бар және барлығына жеткілікті. Тек қазіргі жастар тәжірибесі жоқ бола тұра жоғары жалақы сұрайды. Біздің ұйым түрлі іс-шаралар мен жұмысқа орналасу тәсілдерін өткізеді. Көбісі жалақы мен толық жұмыс күніне байланысты бас тартады. Сұхбаттасуға және жұмысқа орналасуға келісетіндер әлі де жалақысы*

<sup>22</sup> Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары (2024 жылғы I тоқсан). <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/publications/158481/>

<sup>23</sup> Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары (2024 жылғы I тоқсан). <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/publications/158481/>

**жоғары және еркін жұмыс кестесі бар жұмыс табуға үміттеніп оралады» (Ризат Рахимжанов, Павлодар облыстық қоғамдық даму мен ақпарат басқармасының «Жастар бастамасын дамыту Орталығы» КММ директоры).**

Ауылдық жерлерде жастар жұмыспен қамтылуда көбірек қиындықтарға тап болады, өйткені бұл жерде негізінен маусымдық жұмыс басым.

**«Жалпы алғанда тек жастар үшін ғана емес, жұмысқа орналасуда, әсіресе ауылдық жерлерде үлкен қиындықтар бар. Себебі негізінен ауылда денсаулық сақтау, білім беру немесе мемлекеттік қызмет саласында ғана жыл бойы болатын тұрақты жұмыс бар. Шаруа қожалықтары – бұл көбіне маусымдық жұмыс түрлері болып табылады, бірақ бұл одан да қиын» (Аяулым Сағынбаева, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының Қолданбалы зерттеулер орталығының директоры).**

Сарапшылар сонымен қатар аймаққа/елді мекеннің түріне байланысты материалдық қамтамасыз етудегі айырмашылықтарды көрсетеді.

**«Мен Алматы да, Астана да бар деген пікірге сүйенемін. Ал біз мұнда керемет өмір сүретіміз. Алайда, сәл алысқа барсақ, онда кедейлік орын алып, адамдар аштыққа ұшырайды. Шағын қалалардан, мысалы, Талдықорғаннан, жұмыс істеп сонымен қатар оқуға мәжбүр болған студенттер бар. Өйткені олар тамақ табу керек. Ал ауылдардан, мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысынан келгендер, оларды етпен, ауылдардан ата-аналары қамтамасыз етеді. Көбінесе, балалар, олар өте талантты, жалындап тұрған болуы мүмкін, бірақ егер олар кішкентай қалалардан болса, онда бұл өте қиын...» (Жания Хайбуллина, академиялық (ғылыми) хатшы, Халық шаруашылығы университеті).**

14 пен 35 жас аралығындағы жастарды материалдық қамтамасыз ету мәселесі 2024 жылы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы жүргізген әлеуметтанулық зерттеу аясында зерттелді. Мәселен, сауалнамаға қатысқан жастардың үй шаруашылығының жалпы табысын ескере отырып, **7,7% - ы айына 100 000 теңгеден аз сомаға өмір сүретінін атап өтті.** Айына 100 000-250 000 теңгені респонденттердің 29,4% - ы, 250 000-400 000 теңгені – 36,2% - ы алды. 15,2% - ы олардың табысы айына 400 000-нан 550 000 теңгеге дейін баратынын, 550 000-нан 700 000 теңгеге дейін респонденттердің 6,4% - ы алғанын атап өтті. Ең табысты топ (700 000 теңгеден астам) 4,4% - ды құрады. Жұмысшылар арасында сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі (9,8%) сауалнама кезінде ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау, білім беру, мектепке дейінгі тәрбие және қызмет көрсету саласында (9,4%) еңбек етті. Респонденттердің 28,8% - ы жұмыс істемеді.

Респонденттердің ең көп үлесі (49,8%) киімге ақша жұмсауы мүмкін, бірақ олар үшін тұрмыстық техниканы сатып алу қиындық туғызады. Сауалнамаға қатысқан жастардың 27,5% - ы ұзақ мерзімді заттарды сатып ала алады. Респонденттердің тек 3,2% - ында пәтерге, көлікке және басқа да қымбат дүниелерді сатып алуға мүмкіндік бар.

Қаржылық қиындықтар немесе күтпеген шығындар туындаған кезде респонденттердің төрттен бірі тез шешім табуға, қосымша жұмыс алуға немесе аванс сұрауға тырысады. Сауалнамаға қатысқан жастардың 20,7% - ы банктің несие немесе бөліп төлеу қызметіне жүгінеді, респонденттердің 20,3% - ы таныстарынан көмек сұрайды. Сауалнамаға қатысқандардың 16,8% - ы дүрбелеңге түсіп, ата-анасынан көмек күтеді. Тек 10,9% - ы күтпеген жағдайларға қаржылық резервке ие.

Жалпы, жастарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу үшін мемлекет бірқатар шаралар қабылдады. Қазіргі уақытта: «Еңбек» – жұмыспен қамтуды арттыру және жастар үшін жұмыс орындарын құру; «Жастар практикасы» – ЖОО және колледж түлектеріне жұмыс тәжірибесін алу үшін мүмкіндіктер беру; жұмыс орнында тағылымдамалар мен оқыту бағдарламаларын дамыту бағдарламалары іске асырылуда. Сондай-ақ жастар кәсіпкерлігін қолдау бағдарламалары, гранттар мен микрокредиттер беру, стартаптар үшін бизнес-инкубаторлар мен технопарктер құру, ауылдық жерлерде өмір сүру және жұмыс жағдайларын жақсартуға бағытталған жобаларды қолдау, түрлі онлайн-ресурстар мен платформалар бар. Бұл шаралар мен бағдарламалар Қазақстан жастары үшін тұрақты және перспективалы болашақты қамтамасыз ете отырып, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін едәуір жақсартып алады.

Сарапшылардың пікірінше, жұмысқа орналасқысы келетін жастарға мемлекет ұсынған бірқатар мүмкіндіктер бар. Бұл ретте сарапшылар «Жастар практикасы» сияқты жұмысқа орналастыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның тиімділігін атап өтті – жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектеріне жұмыс тәжірибесін алу үшін мүмкіндіктер беру және әрбір жұмыс тапқысы келетіндер үшін қолжетімді әртүрлі онлайн-платформалар және жұмысқа орналасу процесі ашық. Сондай – ақ, сарапшылар Қазақстанның кадрлар тапшылығы бар өңірлерінде - шығысында, солтүстігінде және батысында еңбек ресурстары артық оңтүстік аймақтардағы жастарды оқыту мен жұмысқа орналастырудан тұратын «Серпін» бағдарламасын атап өтті.

*«Қазір жас мамандарға барлық мүмкіндіктер берілуде. Оларға әлдеқайда оңай. Сіз жас болсаңыз да, тәжірибеңіз болмаса да, жастар тәжірибесі бар. Бұрын Жастар практикасы небәрі 1 жылға созылды, қазір ол 1,5 жылға созылады. Практикадан өткеннен кейін, басқа жұмысқа шыққаннан кейін сізде практикадан өту өтілі есептеледі. Кез келген оқу орнын бітірген сәттен бастап 3 жылдан аспайтын диплом алған жастар тиісті кәсіптері бар мекемелерге барып, жұмысқа орналаса алады. Бүгінгі таңда жұмысқа орналасу мәселесінде барынша ашықтық бар. Қазіргі уақытта enbek.kz сайтында бос жұмыс орындары жарияланады. Ауыл жастары немесе қала жастары болсын, көптеген адамдар осы сайтқа кіріп, сол жерден жұмыс іздейді» (Бердібек Есқұлов, Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурс орталығы» КММ басшысының орынбасары).*

*Мемлекет жастарды жұмысқа орналастыру үшін барлық жағдай жасайды деп нақты айта аламын, өйткені мен өзімді жастар санатына жатқызамын. Сіздер білесіздер, ғылым мен білім беруді Мемлекет басшысы қолдайды, бұл үшін қаржыландыру бөлінеді. Жұмысқа орналастыру бағыты бойынша да жұмыс жүргізілуде. Сондықтан мемлекет бұл бағытта ештеңе жасамайды деген қате пікір» (Айгерим Бахтиярова, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ-дың PhD-студенті).*

*«Қазір жұмысқа орналасуға ешқандай кедергі жоқ, өйткені мемлекеттік бағдарламалар бар, тұрақты негізде, тоқсан сайын бос орындар жәрмеңкелері өткізіледі. Қайда, қай мекемеде, қай кәсіпорындарда бос орындар бар мұның бәрі, біз мансап орталықтары деп атаймыз, сонда бәрі жиналады. Біздің жастар өздеріне ұнайтын орындарға өтініш бере алады, түйіндеме қалдыра алады, тұрақты жұмысқа орналаса алады. Егер диплом мүлдем болмаса, онда мемлекеттік бағдарламалар бар, бірінші жұмыс орны, қоғамдық жұмыстар, онда мемлекет өзі оларды жұмыспен қамтамасыз етеді» (Бердібек Есқұлов, Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурс орталығы» КММ басшысының орынбасары).*

Жұмыспен қамту бағдарламалары пысықтауды талап етеді және мемлекет жүргізіп жатқан шаралар жеткіліксіз деген пікір де бар. Кең ақпараттық қамту туралы айтқанда сарапшылар көптеген жастар осы бағдарламалардың барлығы туралы хабарсыз деп санайды.

«Мен екі түрлі ойлаймын. Бір жағынан, көптеген бағдарламалар бар, жастар тәжірибесі бар, «Дипломмен – ауылға!» және басқалары бар. Бірақ соған қарамастан, әлі күнге дейін кейбір жастар топтарында қоршаған ортасы арқылы немесе ресми арналар арқылы толық ақпарат жетіспейді. Өйткені мен үнемі осындай ортаға тап болған кезде, барлығына белгілі, жаңа қарапайым бағдарламалар өздері үшін сөйлейді, жастар олардың бар екендігі туралы білмегендіктерін бірден көрсетеді. Яғни, бұл жерде декоммунизация болып жатқан сияқты. Бірақ егер сіз ресми деректерге қарасаңыз, онда мұндай декоммунизация орын алғаны көрінбейді» (**Ризат Тасым, Қазақстандық қоғамдық даму институтының Қоғамдық процестерді зерттеу орталығының басшысы**).

«Алайда, гранттар беру уақытша нәтиже болуы мүмкін. Мемлекет экономиканы дамыту және жұмысқа орналасу үшін жағдай жасау үшін неғұрлым белсенді шаралар қабылдауы тиіс. Экономиканы қарқындату қажет. Бұл жалпы экономиканың дамуы, бұл жаңа жұмыс орындары, бұл жалпы өндіруші өнеркәсіптен ауысу. Қайта өңдеу секторына баса назар аудару жаңа жұмыс орындарын ашады. Жастарды жұмысшы мамандықтарға оқыту, оларға орта техникалық білім беру қажет. Жастардың ауылда немесе басқа елді мекендерде қалуы үшін Интернеттің сапасы маңызды. Осыған байланысты әлеуметтік инфрақұрылым, өкінішке орай, нашар дамыған. Отыз жыл ішінде біздің мемлекетіміз көптеген мешіттер салды, бірақ жастар сарайлары, жастар үйлері, спорттық нысандар сияқты жастардың сол жерде бос уақытын өткізуі үшін орындар салмады. Сондықтан, мемлекет жастарды жұмысқа орналастыру үшін жеткілікті шаралар қабылдамайды деп санаймын» (**Жанна Аубакирова, тарих ғылымдарының кандидаты, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің Digital social research Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы жетекшісі**).

«Неге жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар тиімді емес?» деген сұрақтарға келетін болсақ. Біріншіден, жастар арасында білімсіздік көп, олар әлеуметтік желілерден ақпарат ала алмайды. Екіншіден, кейбір мемлекеттік бағдарламалардың көптеген кемшіліктері бар, өйткені олар тиімді емес, яғни теориялық тұрғыдан құрылған, бірақ жұмыс істемейтін бағдарламалар бар. Мысалы, ауыл жастары қалаға келіп, бизнесті дамытқысы келетін жағдайлар бар, мысалы, мемлекеттен гранттар алу үшін кепіл қажет, олар пәтер қоюы керек. Егер олардың пәтерлері болмаса ше? Мұндағы мәселе-мемлекет кешенді әлеуметтік шаралар қабылдауы қажет» (**Меруерт Тулебаева, саяси ғылымдар кандидаты, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ доценті**).

Жастардың ішкі және сыртқы миграциясы олар өздерінің әлеуетін іске асыра алатын және өмірдің неғұрлым жайлы және жоғары деңгейіне қол жеткізе алатын барынша қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды көргенде орын алады. Алайда, басқа аймаққа көшу кезінде ауылдық жерлерден келген жастар ыңғайлы жұмыс кестесімен жоғары ақы төленетін жұмысқа орналасуға ұмтылғанымен тәжірибесі, дағдылары мен орыс тілін білмеуіне байланысты жұмысқа орналасуда қиындықтарға тап болады.

«Мысалы, басқа аймақтардан немесе ауылдан қалаға келіп, жұмысқа орналасқысы келетіндер жақсы теориялық білімге ие болуы мүмкін, бірақ практикаға келгенде олар қиындықтарға тап болады, өйткені олардың белгілі бір дағдылары жоқ (skills). ...Біздің екі үлкен қалаларда жастар жаңа жұмысқа орналасу үшін біз олардың дағдыларын қалай күшейте аламыз деген сияқты сұрақтарға жауап іздеу керек...Біз бәріміз қазақ тіліне көштік. Біз өзгерудеміз, мемлекеттік, квазимемлекеттік органдарда, жеке компанияларда қазақ тілінде хат жазысамыз және қарым-қатынас жасаймыз, бірақ кейбір мекемелерде орыс тіліне деген қажеттілік жиі туындайды, орыс тілін жетік білу менің жаман деп айтқым келетін нәрсе емес, бірақ бұл кедергілердің бірі» (**Айгерим Бахтиярова, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ-дың PhD-студенті**).

«Туісті дағдылар мен жұмыс тәжірибесінің жоқтығына қарамастан, жастардың жұмысқа деген талаптары тым жоғары. Қоғамдық жұмыс, еріктілік арқылы тәжірибе жинау сияқты мүмкіндіктер, олар көбінесе тіпті қарастырмайды, содан кейін уақытты жоғалтқанын түсінгенде, олар не істерін білмей, бір орында тоқтап қалады» (**Ризат Тасым, Қазақстандық қоғамдық даму институтының Қоғамдық процестерді зерттеу орталығының басшысы**).

«Туісінше, жас жігіт, негізінен, салыстырмалы түрде тез жұмысқа тұра алады. Бірақ тағы бір нәрсе, біліктілік бойынша жұмыс іздеу қиынырақ болуы мүмкін, көптеген талаптар, мүмкін кейбір жұмыс түрлері мен жұмыс тәжірибесі қажет болуы ықтимал» (**Батжан Ақмолдина, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімшар негізіндегі қызметшісі**).

«Қазір жастар қызмет көрсету саласында, атап айтқанда курьерлік және такси қызметтерінде белсенді түрде іске асырылуда. Сонымен қатар, сауда саласы да танымал болып қала береді. Алайда, әсіресе біздің өңірде - Шығыс Қазақстанда жұмысқа орналасу проблемалары бар. Статистикаға сәйкес, бұл миграция деңгейі жоғары аймақ, әсіресе жастар арасында. Мұнда этникалық фактор да маңызды: орыс тілді халық көптеген жылдар бойы білім алу және азаматтық алу мүмкіндігін іздеу үшін Ресейге бет алды. Жағдай өзгергеніне қарамастан, Шығыс Қазақстан Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда миграция салдарынан әлі де жоғары шығынға ұшырауда» (**Жанна Аубакирова, тарих ғылымдарының кандидаты, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің Digital social research Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы жетекшісі**).

Жастарды жұмысқа орналастыру шараларының бірі ретінде сарапшы жастарды жұмысқа орналастыру мәселелеріне жетекшілік ететін жеке Мемлекеттік орган – Агенттік құруды ұсынады.

«Менің ойымша, жұмыс беруші мен университет арасындағы қарым-қатынас өте тығыз болуы керек. Сондай-ақ, мысалы, жұмыс берушінің біліктілік талаптарының сәйкестігін бақылау және жоғары оқу орындарының тиісті білімін ұсыну сияқты мәселелермен айналысатын жеке агенттік құру қажет болуы мүмкін. Жастарды жұмысқа орналастыру бойынша жұмысты күшейту қажет» (**Айгерим Бахтиярова, Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ-дың PhD-студенті**).

